

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ  
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ  
120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«ХІХ СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ,  
МАГИСТРАНТОВ, СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ  
«ХІХ САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»,  
ПОСВЯЩЕННОЙ 120-ЛЕТИЮ  
АКАДЕМИКА К. И. САТПАЕВА

ТОМ 10

ПАВЛОДАР  
2019

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58  
Ж66

**Редакция алқасының бас редакторы:**

Ахметова Г.Г., филос.ғ.к., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

**Жауапты редактор:**

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**

Абишев К.К., Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.Қ., Эрнзаров Т.Я., Бергузинов А.К., Муқанов Р.Б., Каюмова М.С., Мажитова А.Ә.

**Жауапты хатшылар:**

Агибаева А.Ж., Азербайев А.Д., Акимбекова Н.Ж., Аманбаева С.Б., Аманжолов С.К., Аубакиров А.М., Әмірғалы М.А., Биль Т.Ю., Еликпай С.Т., Жаябаева Р.Г., Жуманбаева Р.О., Зарипов Р.Ю., Звонцов А.С., Кабжанова Г.А., Камашев С.А., Коспаков А.М., Кривец О.А., Куанышева Р.С., Мапитов Н.Б., Молдабаева С.К., Мошна Н.И., Мусабекова Н.М., Мусаханова С.Т., Мусина А.Ж., Мустафаева Н.Б., Огузбаев А.Е., Ордабаева Ж.Е., Рахимжанова Г.Х., Самсенова Г.С., Султанова Г.Ш., Талипов О.М., Титков А.А., Ткачук А.А., Тулкина Р.Ж., Туртубаева М.О., Чидунчи И.Ю., Ысқақ Б.Ә.

**Ж66** «XIX Сәтбаев оқулары» жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының : халықар. ғыл. конф. мат-дары Академик Қ. И. Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019.

ISBN 978-601-238-907-4  
Т. 10 «Студенттер». – 2019. – 282 б.  
ISBN 978-601-238-917-3

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры,  
филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі

**Құрметті «Сәтбаев оқуларына» қатысушылар!**

Сіздерді игі дәстүрге айналған «XIX Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясының ашылуымен құттықтаймын!

Бүгін қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың ізін басқан жастарға қош келдіңіздер дейміз! Ғылыми шараны халықаралық деңгейде ұйымдастыру біз үшін зор мәртебе, үлкен мақтаныш!

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мақсаты – асыл азамат, ірі тарихи тұлға, академик, ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, сол арқылы үлгі, өнеге көрсету.

Қ. И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің күдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашанырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он тоғызыншы мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың ізбасарларына даңғыл салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашанырағы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашан да дарынды, білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға дайын.

Әрине, мен конференция қатысушыларына нәтижелі диалог құруларына, оның нәтижесі Қазақстандағы зерделенетін мәселелердің жай-күйі мен келешекте жақсы түсінуге мүмкіндік беретін нақты ғылыми қорытындылар шығаратынына жүректен тілектеспін.

С. Торайғыров атындағы  
ПМУ ректоры



Г. Ахметова

ISBN 978-601-238-917-3 (Т. 10)  
ISBN 978-601-238-907-4 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019

**1 Интеллектуалды және мәдени-рухани даму**  
**1 Интеллектуальное и культурно-духовное развитие**

**1. 5 Қазақ филологиясы**  
**1. 5 Казахская филология**

**АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ**  
**«ТОЛЫҚ АДАМ» БЕЙНЕСІ**

АДАМЖАНОВА А. А.  
 студент, ПМПУ, Павлодар қ.

*«Бес нәрседен қашық бол  
 Бес нәрсеге асық бол.»*

Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын екені, тандаулы туындылары дүние жүзі поэзиясының озық үлгілерімен деңгейлес тұрғаны – білген адамға айқын шындық. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған жүздеген ерен жүйрік жырау, жыршы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абай орнының ерекше болуы тегін емес [1, 296].

Абай қазақ халқының рухани көсемі. Ол халқының қамын жеп, келешегін ойлап өткен ұлы тұлға. Абайдың шығармашылығы «Толық адам» философиясына негізделген. «Толық адам» адамгершілік пен имандылықты бетке ұстап ғылым мен білімге ұмтылған адам.

Ғылым таппай мақтанба,  
 Орын таппай баптанба,  
 Құмарланып шаттанба,  
 Ойнап босқа күлуге.  
 Бес нәрседен қашық бол,  
 Бес нәрсеге асық бол,  
 Адам болам десеңіз.  
 Тілеуің, өмірің алдында,  
 Оған қайғы жесеңіз.  
 Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
 Еріншек, бекер мал шашпақ –  
 Бес дұшпаның, білсеңіз.  
 Талап, еңбек, терең ой,  
 Қанағат, рақым, ойлап қой –  
 Бес асыл іс, көнсеңіз [10].

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде «Толық адам» ілімінің негіздері насихатталады.

«Толық адам» ілімі Абайдың замандасдарына сыншыл көзбен қарап, адам бойындағы ой кеселдерді әшкерелеуден бастау алып, «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» [3, 448]. деген оймен ұласып, адамның мінез-құлқын жақсылыққа бағыттап өзгертуді, адамның жан-жүрегі мен ой-санасын бірдей кемелдендіруді мақсат еткен ұлы философиялық ілім.

Абай қазақ халқының ұлы ойшылы мен асқан данагөйі. Оның «толық адам» ілімі халықтың жанын ағартушы ілім болып табылады. Абай әр адамды «толық адам» болу жолына түсіп, ақиқатқа жақын жүруге үндейді [7].

«Толық адам» қандай болуы керек? Қайтіп «толық адам» боламыз? деген сан сұрақтың кілті – Хакім Абайдың қара сөздері.

Абай қара сөздерінде «толық адам» болудың бірден-бір жолы тәлім-тәрбиенің дұрысы деп біледі. «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген сөз құрғақ сөз емес. Оның мағынасы өте тереңде жатыр. Жас сәби – ақ қағаз. Жасынан жаны пәк баланың санасы мен жүрегінің шимайламай, мағыналы көркемдікке баулы керек.

Өзінің жетінші қара сөзінде Абай: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр – жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге үйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген», – деп ой түйеді [3, 448].

Баланың жас жағындағы осы екі мінезі оның бар өмірінің бағыт-бағдарына бастау болады. Адам өмірі – таразы. Бір жағында жан құмары, екінші жағында тән құмары. Бұл екі құмарлыққа бірдей әмірін жүргізіп, таразы басын теңестіру кез-келген адамның қолынан келмейді. Ата-ананың міндеті баласын қандай да болмасын асылыққа, астамшылыққа бойын салмай, таразы басын теңестіре отырып тәрбиелеу.

«Толық адам» болу жолы оңай емес. Ол жолға бар қаруынды сайлап түскен абзал. Ақыл, жүрекпен ұштасқан талапсыз «толық адам» болу мүмкін емес. «Адам баласының ең жаманы – талапсыз.

Талап қылушылар да неше түрлі болады. Һәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Һәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді» [9, 208]. Талап та ақыл да күш те екі жақты нәрсе. Талаптың да ақылдың да күштің де неше түрлісі болады. Адамның әр қасиеті сан қырлы. Ол қырлардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін жүрек ажыратпақ. Себебі жүрек алдамайды.

Сондықтан Абайдың он жетінші қара сөзінде орын алған қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өнерлерін айтысқан айтысында, Абай жүректі қолдайды. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің бар қасиетін таразыға салып, жақсылығы мен жамандығын саралайды. Қайраттың орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсекызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын пайдасымен қатар қаттылығына орай кейде жамандықты берік ұстап кететін залалын әшкерелейді. Ақылдың не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса білетұғын, ғылымның сөзін ұғатұғын пайдасын ескере отырып, амал мен айланьн көзі де ақыл болатұғынын, ақылдың жақсы мен жаманның қызметінде бірдей жүретіндігін де елеусіз қалдырмайды. Сөйтіп, бұл үшеуінің басын қоспақ ғылым екенін, бірақ сонда да билеуші, өмірші ақылдың көп қырына көнбейтін, жақсылыққа құмар, қайратты еркіне жібермейтін жүрек болу керектігін айтады.

«Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісиде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны -осы, – депті» [8,132].

«Толық адам» болудың мәні жүрек тазадығында, ал жүрек тазалығы жаныңды жаратқан құдайдан. Жүректі таза сақтап қалудың бірден-бір амалы – құдайға сыйыну.

Абай: «Иман деген – Алла тәбарака уатағаланың шәріксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа һәр неге бізге пайғамбарымыз саллала Аллаху Һалайһи уа саллам арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойынсұнып, иманмақ» [5]. , – деп адамдарды имандылыққа шақырады. Бірақ «толық адам» болу үшін құр иманмақтықтың жеткіліксіз екендігін де айтады. «Әуелі дін исламның жолындағы пенделер иманның хақиқаты не сөз екенін білсін. Иман дегеніміз бір ғана инанмақтық емес, сен Алла тағаланың бірлігіне, уә құранның оның сөзі екендігіне, уә пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салаллаһу ғалайһи уәссәлләм оның тарапынан елші екендігіне

инандың. Жә, не бітті? Сен Алла тағалаға Алла тағала үшін иман келтіремсің я өзің үшін иман келтіремсің? Сен иман келтірмесен де, Алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жә инандың. Ол инанмақтығың құр ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмадың, пайдаланамын десен, пайда береді, кәміл иман болады» деп, Аллаға әйтеуір сыйыну керек деп емес, шын ниетіңмен хаққа иман келтіру керектігін түсіндіріп өтеді [4, 171].

Алла деген сөз жеңіл

Аллаға ауыз қол емес.

Ынталы жүрек шын көңіл,

Өзгесі Хаққа жол емес [2, 368].

Отыз бесінші қара сөзінде ғибадат етушілерге айтылар үкім турасында сөз қозғайды. «Махшарға барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт – соларды қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғиззат үшін, сый-құрмет алмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола, бір ғана құдай тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.

Дүние үшін болғандарға айтар дейді: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниең харап болған, сонымен қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріндер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіңе ахиретті ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?» деп... [7].

Иманның басты көрінісі ниеттің адалдығы. Мекеге қажылыққа барудағы, мешітте дұға оқудағы, садақа берудегі мақсаты Алла разылығына бөленіп сауап алу емес, жұрттың мақтауын, «қажеке», «молдекесін» есту болса, ол адамның амалдары рияға айналып, екіжүзділікке саяды деген сөз. Рия – араб тілінде екі жүзділік деген мағына береді, ал, діни сөздіктерде Алланың ризалығы үшін емес, жұртқа көрсету, мақтану, өзінің атақ – абыройын өсіру үшін жасалатын амалдар деп айтылған. Алла разылығы үшін жасалатын амал риядан аулақ болуы керек. Рия туралы қасиетті Құранда көптеген аяттар бар. Алла тағала екіжүзділерді сынасаған бір аятында «Әй, мүміндер! Аллаға, ахирет күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарып қылған кісидей, садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймандар. Міне, соның мысалы: Үстінде топырағы бар тас сияқты, оған қатты нөсер жауса, (топырағын шайып) тас күйінде қалдырады.

Олардың еңбектері еш болады» – деп, рия үшін жасалған амалды жаңбыр жауғанда еріп кететін тас үстіндегі топыраққа тенеген [6].

Екіжүзділік салдары адамды тозаққа түсіреді. Екіжүзді адамның қылған мінажаты риялы болып саналады. Абай одан құтылудың амалын табу үшін иман келтіргенде Аллалық сипаттарды бойға сіңіру қажеттілігін айтады. Ол: «Өз пиғылдарыңды соған өз халінше ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп надандықбірлан ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасы бірлән емес, соның соңында болмақ» дейді [8, 132]. Міне, осы «ұқсастық» жүрек көзінің ашылуына сеп болады. Кез – келген ниет адамды бір амалға итермелейді. Ниеттің түзулігі амалдың дұрыстығына бастайды. Әр амалдың ниетке байланысты екендігін Абай отыз сегізінші қара сөзінде «Иннамал ағман бинниат» деген хадиспен берген. Аудармасы «Расында, барлық амалдар ниетке жараса болады» деген сөз [9, 208].

Абайдың тәлім-тәрбиелі ғибратқа толы қара сөздері қырық бесінші сөзбен аяқталады. Қырық бесінші сөзде Абай: «Құдай Табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әр түрлі сөйлесе де, бәрі де бір үлкен Құдай бар деп келгендігі, уа хәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат Құдайға лайықты дегендігі.

Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пәндеміз. Сол махаббат пен ғаделетке қарай тартпақпыз. Сол Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады. Инандым, сендім демек инандырамын, сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан Тәңірінің ісі », – дейді [3,448]. Демек, «толық адам» болу жолымен махаббат жолының торабы бір. Адам Хакты, адамзаттың бәрін бауырым деп сүю арқылы «толық адам» болу сатысына көтеріледі.

«Толық адам» философиясы ой кеселдерінің залалын әшкерелеп, адамды жүрек үніне құлақ салып, иманды, адал болуға үндейтін, ғылым жолын насихаттайтын ілім. «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген қағидаға негізделген Хакім Абайдың бұл ілімі адамдық жолындағы жолсерік.

Ғақлия көзбен қарасаң,

Дүние – ғажап, сен – есік.

Жаһлы көзбен қарасаң,

Дүние – қоқыс, сен – меншік, – деп Әл-Фараби айтқан болатын.

Абайдың ғақлия сөздерін оқып түсінген адам дүниені ғақлия көзбен

көруге мүмкіндік алады, яғни дүние мен әлем ғажайыбына көз жеткізе алады.

Абай дегеніміз – шегі жоқ асқар тау. Оны әркім әр қырынан көреді, әр қилы таниды. Ақынның жұмбақ тұстарын білімі жеткенше талдайды, шығармаларындағы астарлап, тұспалдап берілген жерлерді өзінше саралайды. Алайда, ақын жөнінде қаншама ғалымдар қалам тербеді десек те, ақын дүниесі, оның жұмбақ әлемі әлі күнге дейін толық шешіле қойған жоқ. Оның бірнеше себебі бар. Соның бір ұшы Шығыс пен Батыс әдебиетін бір кісідей білгенімізбен де, Ислам құндылықтарын жетік білмейтіндігімізде жатса керек деген пікір бар [6]. Біз бұл сөздің жаны бар деп ойлаймыз. Абайдың дүниетанымын түсіну үшін Абай түсінген, Абай сенген дүниені танып-білуге тырысуымыз керек. Абайдың дүниетанымының жемісі «Толық адам» философиясы болса, ол ілімнің анық-қанығын тануымыз үшін де Ислам құндылықтарымен танысуымыз шарт. Бір сөзбен айтқанда, Исламды айналып өтіп, Абайды тану мүмкін емес. Абай қазақты Исламға, «толық адам» жолына бастаушы ұлттың рухани көсемі болса, Ислам мен «Толық адам» ілімі Абай жұмбағын тану жолы. Сондықтан философия, дінтану немесе өзін-өзі тану пәндерінде Абайдың «Толық адам» философиясына арнайы сағаттар бөліп, ерекше назар аударып, өскелең ұрпақты Абайтануға баулуымыз керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 А. Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы. Жазушы, 2005. – 296 б.

2 А. Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы. Көркем әдебиет, 1957. – 368 б.

3 Абай. Шығармалары. Т. 2. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Астана. Формант, 2013. – 448 б.

4 Б. Ғабдуллин. Абай және Сократ. – Алматы. Жазушы, 1986. – 171 б.

5 Ж. Дәдебаев. Абай және құран. // Қазақ әдебиеті. – 2011. – 4 қараша. – 5 б. Т. Қыдыр. Абай және Хадис немесе рия мәселесі. // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 8 тамыз. – 5 б.

6 Қ. Біләл. Хакім Абай дүниетанымы. // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 24 қараша. – 4 б.

7 Б. Ф. Сәрсенбаева. Өзіндік таным және ақиқат әлемі. Монография. – Павлодар. ПМПГИ, 2015. – 132 б.

8 Р. Сыздықова. Абайдың сөз өрнегі. Монография. – Алматы. Санат, 1995. – 208 б.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС:

9 <http://anatili.kazgazeta.kz>

### С. М. ИСАЕВТЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

АДАМОВА Т.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі қазақ тілі морфологиясына тосын ой тастап, сындарлы көзқарас танытқан ғалымдардың бірі – С. Исаев. Академик Ө. Айтбаев: «С. Исаев негізінен тілдің ғылыми мәселелеріне ден қояды. Әсіресе оның назарына қазіргі тіл қолданысындағы түйінді мәселелер ілігеді. Ол қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы дейтін мәселені зерттеп, оны кандидаттық деңгейге жеткізіп, қорғады. 80-жылдардың екінші жартысы мен 90-жылдарда жазылған еңбектеріне қарап отырсақ, оның мемлекеттік тіліміздің жекелеген нақты мәселелеріне тереңдей түскенін аңғару қиынға соқпайды» дей келіп, С. Исаевтың әсіресе тілдің төркініне, этимологиялық сипатына тереңдеп, көптеген қазақ сөздерінің сырын ашқанын айтады. «Төркін сөзінің төркіні», «Жаубүйрек сөзінің этимологиясы», «Шарбақ сөзінің шығу төркіні» және т.б. толып жатқан сөздердің сырын біз осы Сейілбек Исаевтің зерттеулері арқылы ашылғандығын, сондай-ақ, ол бұл жылдары әдеби тіл тарихы, тіл мәдениеті, әдеби тіл нормалары және қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар мәселесін көтеріп, мазмұнды мақалалар жазғанын айтты. «Сейілбек Мұхамеджарұлы тіліміздегі жекелеген сөздерді саралаумен ғана шектелмей, оның эстетикалық проблемаларына да бойлайды. Қазақ тілінің мақал-мәтелдері, тұрақты тіркестері, фразеологизмдері мен идиомалары тәрізді ең шұрайлы, бейнелі, сырлы да нұрлы сөздері жайында өзіндік шымыр талдамаларын ұсынады. Міне бұл болашақ әйгілі тіл маманының мемлекеттік тіліміздің кеңірек қанат жайып, өріс ашуына тигізген өзіндік қолғабысы болатын. Мұның бәрі сөз жоқ, әсіресе ғажайып тіліміздің қыр-сырын әлі біле қоймаған жас ұрпақ үшін өте қажетті материалдар болып тасқа басылып қалды» [1].

Ғалым морфологияның өзекті мәселелері туралы тың ойларын айтып, ғылыми маңыздылығы жоғары еңбектерін жазды. Олар мақала, жеке кітап болып басылып шықты. Атап айтқанда: «Грамматикалық талдаудың тәсілдері» (1985), «Қазіргі қазақ тілі» (Морфология курсы бойынша теориялық және практикалық сабақтардың мазмұны) (1991), «Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар» (1992). Бұл еңбек Қытайда араб әліпбиімен 1994 жылы қайта басылып шықты, «Қазақ тілі» (практикалық курс, 1993, 1996), «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» (1998), «Қазақ тілінде сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі» (1976, Ө. Әбілақов, Е. Ағмановпен бірге). Бұл еңбектерінде ғалым сөз мағынасы, лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның ара қатынасы, анықтамалары, сөздің дыбыстық комплекс жағы мен ішкі мағыналық жағының байланысы, грамматикалық мағынаның түрлері мен берілу жолдары, грамматикалық форма мен арақатынасы, грамматикалық категорияның мәні мен шеңбері сияқты мәселелерді жаңа қырынан қарастырады. Зерттеушілеріміз С. М. Исаевтың қазақ тілі морфологиясы ілімінің дамуына қосқан үлесі зор екенін айтып, жоғары бағалайды.

С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» атты монографиясында грамматикалық мағынаның түрлері мен берілу жолдары, грамматикалық формамен ара қатынасы, грамматикалық категорияның мәні мен шеңбері сияқты мәселелерді жаңа қырынан қарастырады [2]. Мысалы, грамматикалық мағыналар сөздің лексикалық мағынасының жалпылануы (абстракциялануы) арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағына, әр түрлі грамматикалық тұлғалардың (формалардың) жалғануы арқылы үстелетін категориялық грамматикалық мағына, сөздердің синтаксистік қатынасқа енуінен туындайтын қатыстық грамматикалық мағына болып үшке бөлінуі және грамматикалық тұлғамен байланысты болып, диалектикалық бірлікте тұратыны, сол сияқты бір жағынан тұлғалық, парадигмалық жүйе құрып, екінші жағынан, біртектес, бірыңғай әрі бір-біріне қарама-қайшы оппозициялық қайшылықта тұратын грамматикалық мағыналар жиынтығы, грамматикалық категория жасайтыны және солардың жүйесін нақты мысалдар арқылы талдап беруі қазақ тіл білімі, оның грамматикалық құрылысы саласындағы үлкен теориялық жаңалық болып табылады.

Ғалым С. М. Исаев 1995 жылы «Оқулық қалай жазылады?» деген мақаласында атап көрсеткендей, «Қазақ тіл білімінің басқа салаларынан гөрі грамматикалық құрылысында талас тудырып келген, басы ашыла түсуді қажет ететін мәселелер соңғы кезде көбірек

кездесіп жүр» [3]. Бұл мәселелердің көпшілігі морфологияның ғылыми курсына қатысты болып отырғанын ғалым еңбектерінен байқаймыз. Ең алдымен, негізгі грамматикалық ұғымдардың мәнін ашуда даулы, екіұдай пікірлердің көптеп кездесетінін әрі бұл мәселелерді ғалымның қалай шешкенін байқаймыз.

Біріншіден, «Қандай грамматикалық мағынасы болса да, оның өзіне тән грамматикалық формасы болады, керісінше, қандай бір грамматикалық форма болса да, оның өзіне тән грамматикалық мағынасы болады. Грамматикалық мағынасы жоқ грамматикалық форма болмайды, ал грамматикалық формасы жоқ грамматикалық мағына болмайды», – деген тұжырымның орын алып келгендігі. Профессор С. М. Исаев еңбектерінде бұл тұжырымның тек категориялық грамматикалық мағынаға қатысты алғанда ғана дұрыс болатынын, өйткені грамматикалық мағынаның грамматикалық формасыз да берілетінін, сондай-ақ, грамматикалық мағына бере алмайтын грамматикалық формалардың да тілімізде кездесетінін дәлелдеген.

Екіншіден, ғылыми еңбектерде «Тілдегі өзіне тән грамматикалық формасы бар жалпы грамматикалық мағына грамматикалық категория деп аталады», – деген тұжырым бар. Грамматикалық категорияның сипаты мұнымен шектелмейді. Өйткені бір ғана грамматикалық мағына мен бір грамматикалық форма категория құрай алмайды. Профессор С. М. Исаев грамматикалық категорияның сипатын жан-жақты ашып, тың анықтама берген.

Сонымен қатар ғалым С. М. Исаев грамматикалық мағына мен лексикалық мағынаның ара жігін ажыратып, грамматикалық мағынаның сөйлеммен байланыстылығын, грамматикалық мағынаны берудің тәсілдері мен жолдарын жүйелеп, бір ізге түсірген әрі әрбір тәсілдің берілу жолдарын талдап көрсетіп берген. Грамматикалық мағынаның түрлерін саралап, оны мағынаны берудің тәсілдерімен байланыстырып көрсеткен. Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың сәйкестігі дегенде, нөлдік тұлға мәселесін көтеріп, оның жалғауларға ғана қатысты болатынын дәлелдеген. Ғалым грамматикалық категория түрлерін беруде бірізділіктің жоқтығын көрсете отырып, категорияларды лексика-грамматикалық және грамматикалық категориялар деп жіктеп, саралап берген.

С. М. Исаев зерттеулерінде грамматикалық категорияларға қатысты бірқатар даулы мәселелердің басы ашылған, атап айтқанда:

а) зат есімнің түбір тұлғасы мен атау септік бір деп қаралып, атау септік басқа септіктерге негіз болатын тұлға деп түсіндіріліп жүргенін айта отырып, атау септіктің басқа ешбір септікке негіз

бола алмайтынын, септік жүйесінің бір түрі ғана екенін, сондықтан оны негізгі септік деген дұрыс еместігін дәлелдеген.

ә) «Атау септік формасындағы сөздер, әдетте септеулік шылаулармен де жұмсала береді. Атау формалы сөзге тіркеліп қолданылатын шылаулар: үшін (сен үшін, ел үшін), арқылы (хат арқылы, кісі арқылы) туралы (әдебиет туралы), сияқты, тәрізді, жөнінде, жайында, бойы (жыл бойы), бойынша (облыс бойынша, ғұрлым (кісі ғұрлым), түгіл (сіз түгіл) [4, 61–62]. ». Ғалым бұл шылаулар атау септік тұлғалы сөзге емес, зат есімдердің түбір тұлғасына тіркесіп тұрғанын ескертеді.

б) Сын есімнің шырай түрлерін анықтауда бірізділік жоқ. А. Ысқақовта оның 4 түрі көрсетіледі де, «Жай шырай формасы шырайлардың басқа түрлерін мағына жағынан да, форма жағынан да салыстыратын негізгі форма болып саналады» [4, 188]. дейді. Бұған қатысты да кейінгі зерттеулерде талас пікірлер жоқ емес. Профессор С. М. Исаев жай шырайдың сын есімнің түбір тұлғасынан айырмашылығы жоқ екенін дәлелдеп, тіпті жай шырай деп алудың негізсіз екенін айтқан.

в) Негізгі етіс проблемасы да даулы мәселе. А. Ысқақовта етістің 5 түрі көрсетіліп, «Негізгі етіс деп өзге етіс формаларына таяныш, негіз болатын, солардың түрлерін, мағыналарын, қызметтерін салыстырып айқындайтын форманы айтамыз», – деген. Профессор С. М. Исаев жай шырай, негізгі септік секілді қате тұжырым екенін айтады. Ғалымның грамматикалық форма мен сөз формасының ара жігін ажыратып, талдап беруі де морфологиядағы тың жаңалық деуге болады.

С. М. Исаев зерттеулеріне үңіле отырып, сөздің аналитикалық формасына байланысы да ғалымның жан-жақты зерттеу жүргізгенін, оның түрлерін саралап бергенін байқаймыз.

Профессор С. М. Исаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» – атты ғылыми еңбегі ғалымның грамматикаға қатысты бүкіл зерттеулерінің түйіні секілді, ауқымды да маңызды еңбек. Бұл еңбекте тілдің негізгі грамматикалық категориялары, олардың шығуы мен түрлері, ерекшелігі жан-жақты айқындалады. Сөздің морфологиялық құрамы, қосымшалардың жіктелуі, сөздерді топтастыру принциптері мен сөз таптарының дамуы, сөзжасам мәселелері, оның жасалу жолдары мен семантикалық сипаты талданады. Автор көтеріп отырған мәселесін бұдан бұрын жарық көрген оқулықтар, ғылыми зерттеулерде жасалған тұжырымдармен салыстыра отырып, көптеген мәселелер жөнінде көзқарасын түйіндеп, пікірін айтады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС:

1 <https://www.inform.kz/kz/s-isaev-tildin-torkinine-etimologiyalyk-sipatyna-terendep-koptegen-kazak-sozderinin-syryn-ashty-akademik-omirzak-aytbayuly>.

## КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

2 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, 1998

3 Қаз мектебі. 1995. №5

4 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 199

### ТӨЛЕН ӘБДІКОВТЫҢ «ОҢ ҚОЛ» ӘҢГІМЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АЙДЫНБАЕВА А. Б.  
студент, ПМПУ, Павлодар қ.  
КУДАЙКУЛОВА Д. К.  
студент, ПМПУ, Павлодар қ.

Модернизм мәдениет типі ретінде ХХ ғасырда көркемдік процесіне зор ықпал етті. Модернизм және сюрреализм, яғни екіге жарылу сарыны бағытында жазылған шығармалар әдебиетте ХХ ғасырдың басынан бастап жиі қолданыла бастады. Заманмен бірге адамның да өзгеріп келе жатқанын сезген жазушы Төлен Әбдіков осы мәселені өз шығармаларына арқау етеді. Бұған қаламгердің алғашқы шығармаларының бірі «Оң қол» әңгімесі мысал бола алады. Шығарманың оқырманға ерекше әсер етіп, белгісіз бір әлемге әкетеді. Көкейде біраз сұрақтарды оятады. Қаламгер көрсеткен шындықты анықтағысы келіп, ойымен әуре болатыны сөзсіз. Біз бұл әңгімені Ж. Аймауытовтың «Елес» әңгімесімен ұштастырдық. Олай жасауға себеп жазушының терең ойлы астарлы шығармасында. Әңгіме былай басталады: «Біздің психиатриялық аурухана қаланың батыс жағында, ернеуіне тас қалаған шағын өзеннің жиегінде болатын. Аурухана ескі еді. Сылақтары түсіп қалған алабажак кірпіш дуалының төбесінде әбден тат басып, шіруге айналған қаңылтыр шатыры бар [1, 315 б.]. ». Басындағы үш сөйлемнің өзі сұрақтардың жауабына тұздық болып тұр. Аурухананың суреттелуіне мән берсек, символикалық тұрғыдан қоғам ретінде алуға болады. Яғни, қоғамдағы адамдардың халі сылақтары түсіп қалған алабажак кірпіш дуал секілді әбден күйреп,

төбесіндегі тат басып, шіруге айналған шатыр сияқты миы таттанған көсемдердің халықты бастайтын кезеңі келгендігін ұқтырғысы келді деп болжауға әбден болады. Әрине бұл жерде автормен даусыз келісемін. Оған себеп қазіргі қоғам дерті. Әңгіме ары қарата дәрігердің баяндауымен өрбиді.

«– Март айының аяқ кезінде бізге жасы он жетілер шамасындағы бір қыз түсті. Қабылдау үстінде ата-анасы қыздың өзін өзі бірнеше рет қылғындырып өлтірмек болғанын айтты. Маңындағылардың араласуымен аман қалған. Ал қыздың өзі мүлде басқаша баяндайды. Ол: «Маған қастандық жасаған мынау, бұл менікі емес, мүлде бөтен қол, мені өлтіргісі келіп жүр», – деп өзінің оң қолын көрсетеді [1, 316 б.]. ». Мұны медицинада ішкі тұлғаның екіге жарылуы деп атайды. Яғни бір дененің ішінде екі түрлі «жан иесі» кезектесіп, не қатар өмір сүреді. Енді сұрақтарға жауап издесек, жоғарыда атап өтілген сылағы түсіп қалған кірпіш дуал – ҚОҒАМ. Тат басып шіруге айналған қаңылтыр шатыр- миы бар, қолдану әдісі жоқ билік өкілдері. Әңгімені баяндап, Алманы аман алып қалғысы келген дәрігер – шындықты айтушы тараптар, ал Алма- қоғамдағы әлеуметтік – тұрмыстық, әлеуметтік – саяси зардап шегуші, қорқып қалған бұқара халық. Оң қолы- халықты сендіріп, сенімін ақтамай кеткен, біраз әділетсіздіктің салдарынан сенгендерін құздан құлатып жатқан құрметтілер.

Әңгімеде оң қол – зұлымдықтың жаршысы. «Сол кезде мен оң қолдың кеуде бойымен алқымға қарай жылан секілді ақырын жылжып бара жатқанын көрдім. Бұл шынында да өте қорқынышты көрініс еді » [1, 319 б.] – деген жолдардан адам санасында жасырынған зұлымдықтың бірте-бірте тамыр жайып, өркендеп келе жатқанын аңғарамыз.

Төлен Әбдіктің басқа шығармалары да осыған сарындас жазылған. Мысалы, «Парасат майданы» повесіндегі басты кейіпкер, «Тозақ оттары жымындайды» деп аталатын повесіндегі Янумака, «Ақиқат» әңгімесіндегі Роберт және «Оң қол» әңгімесіндегі Алма – үшеуі де психиатриялық ауруханаға түсіп, өздерін өлтіреді. Бұл түбінде қоғам азуынан адам бойындағы зұлымдықтың өршіп, соңында халықтың азуын аңғартады. Яғни, тазалық символы Алманы зұлым күш өз түбіне жұтып әкетеді.

«Сананың иесі – қыз өлуге тиісті», – деп жазады автор. Ол әрине қыздың санасын билеп алған өзәзіл. «Әңгіменің тақырыбына одан әрі үңіле түссеніз, тек тәтті ұйқының құшағына кеткенде ғана Алманы өлтіруге әрекет жасайтын сол өзәзілдің, қыздың санасына ғана емес, бірте-бірте дәрігердің де сезіміне үстемдік ете бастағанын анық байқайсыз. Бұл жерде тәтті ұйқыда жатқан Алма дауға араласудан



жүрексінетін, жүні басылған халық бейнесі. Сюрреалистердің бір ерекшелігі кейіпкердің осындай түсініксіз іс әрекеті арқылы қоғамда енді болатын немесе болып жатқан қауіпті сездірту. Әңгіменің салғырт түсінігі бойынша, сайтанның сыбайласына айналған өзәзіл ақыр-соңында дәрігердің ақыл-парасатын билеп алып, оған ауыр қылмыс жасатты. Ал, саналы түсінік бойынша, дәрігер үні шықпас халықтың құтқарушысы ретінде қарусыз батырлық жасады. Алманы ұнатқан жас жігіт, өзәзілдің торына түсіп, қыздың талап-тілектерінің бәрін орындап, дәрігерлік антын бұзып, сорақы қылмыс жасады. Оқиғаның мына жеріне үнсіз тоқталсақ, Егер жігіт Алманың ішіне жасырынған өзәзілдің сөзін тындап демалуға кетіп қалмағанда, мүмкін бәрі басқаша болар ма еді? Кім білсін? [2, 485 б.]. ». Бұл жерде нені аңғардық? Әрине күйе қазанды жылы жауып қоя салатын халықты. Сондай үндеместікке қазылатын ордың тереңдігінен түбіне түсіп кететін қауіптің бар екенін ұғамыз.

Төлenniң «Оң қол» шығармасы өз кезінде қазақ әдебиетінде тосын тақырып болғаны анық. Сол себепті ол көп сыншыларымыздың назарынан тыс қалған емес. Бір ғалымдар бұл әңгіме шетел әдебиетінен көшірілген деген тұжырымдамаларды да айтты. Енді бірі атүсті зерттеп, автордың не айтқысы келгенін аша алмады. Олар туындыны тек бір қырынан ғана зерттеп сынады. Шындығында, бұл әңгіменің жұмбағын басқа қырынан, мүлдем басқа кеңістік ретінде қарап, негізгі идеясын ешкім ашып бере алған жоқ. Анығырақ айтсақ, шығармадағы қос тұлғалыққа ғана мән берілді де, оны ары қарай дамытып тұжырымдау болмағасын негізгі ой жұмбақ ретінде қала берді.

Т. Әбдіқовтың бұл туындысы сюрреалистік сарында жазылғанын жоғарыда айтып кеттік. Яғни, Б. Қанарбаева айтқандай: «Сюрреализмге тән тағы бір ерекшелік қоғамның өзгеруге бағыт алып келе жатқандығын сезгенде, оны тура айтудан жалтарып, болар жағдайды түстерінде көргендей етіп баяндайды. Мұндай шығармаларда көркем суреттеу мен көркем образдар болмайды, керісінше, шығарманың оқырман санасына тигізер қорқынышы неқұрлым ықпалды болса, соғұрлым әсері мықты болып шығады [3, 255 б.].», – дейді. Осы тұрғыдағы шығармалар оқып болған соң адам көңілінде ауыр із қалдырары анық.

«Оң қол» әңгімесімен сарындас жазылған туындылар қазақ әдебиетінде біршама. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытұлының «Елес» әңгімесі, М. Мағауиннің «Жармақ», әлем әдебиетінен Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтар», Джек Лондонның «Мартин Иден» тағы басқаларын айтуға болады. Мұндай шығармалардың ішіндегі тартыс кейіпкерлердің арасындағы көркем қарым-қатынасқа құрылмайды,

кейіпкердің іштей екіге жарылып өзімен өзі айтысуына, болмаса кеңесуіне негізделеді. Адамның өз ақыл-ойы мен дене мүшелері өзіне шабуыл жасайды. Тұйыққа тірелген адам соңында не істерін білмей, өзіне өзі қол жұмсайды. Яғни, ауыруын жасырған ауырмай өледі.

Б. Қанарбаева өзінің зерттеу туындысында Төлен Әбдіқовтың осы «Оң қол» әңгімесін мысал ретінде келтіріп, былай дейді: «Т. Әбдіқов кеңес үкіметінің құлап бара жатқанын сездіре келіп, адамды өзінің ішкі жалғыздығымен оңашалайтын жаңа қоғамның жылжып келе жатқан елесін жасайды. Нені таңдайсың, қандай шешім тауып қабылдауды өзің шеш, қалай өмір сүргің келеді солай өмір сүр, тағдырың өз қолыңда, не істесең де еріктісің дегенді еске салады. Алманың өзін-өзі қылғындырып өлтіруімен, кеңестік биліктің өзіне-өзі қарсылық тудырғандығын астарлай айтады. Не істегендерін енді ғана біліп бойларын үрей билегендігін оң қолдың әрекеті арқылы баяндайды. Адамдардың санасын бір қолдың күшіне бағындыру арқылы, әлемге өктемділік жасаймыз деген ойларының сандыраққа айналуын, Алманың қолы өзіне шабуыл жасауымен дәлелдейді» [3, 255–256 б.] Ғалымның айтқан осы бір сөзіне әңгімеден дәлел тауып алуға болады. Ол «дауыл» сөзімен тікелей байланысты. Автор әңгімеде бұл сөзге ерекше мән беріп жазады.

Қорытындылай келе, осы дауылдың арқасында ғана болатын өзгерістің, күтілген заманның келуін жазушының анық пайымдағанын білеміз. Кеңестік дәуірде болашақты болжай отырып, халықтың қамын ойлаған зиялы қауым ақын-жазушыларымыз әдебиетімізді жаңашылдандыра түсіп, әрі қарай дамыта өркендетіп әкетті. Қазақ қоғамының сергелден күйінің сипатын сиямен шимайлаған қаламгердің ойы анық. Осындай анықтылықпен аз әрі саз жазатын жазушының әлеуметтік мәселелерді керек жеріне жеткізе жазатындығын жете сезіне білуіміз керек. Бұл шығармадан алар ой көп. Сенімділік пен сезімталдықтың қағидасын ұғуға болады. Астарлылықты қаламы жақсы көретін жазушыға әдебиеттің осынау тылсым ерекшелігі таптырмас құрал десек артық айтқанымыз емес.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Әбдіқұлы Т. Оң қол. – Алматы: Атамұра, 2002. – 352б.
- 2 Амангелді Кеңшілікұлы «Парасат майданы», Жұлдыз. Қазақ жазушыларының әдеби-әлеуметтік журналы. № 11, 2012. – 484б.
- 3 Қанарбаева Б. Қазақ әдебиетіндегі модернизм: Арнаулы курсқа бағытталған көмекші оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2010. – 330б.

4 Федотова Е. Е., Новикова Т. Г., Прутченков А. С. Зарубежный опыт использования портфолио. / Е. Е. Федотова, Т. Г. Новикова, А. С. Прутченков // Методист. – № 5. – 2005. С. 27–33.

### ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

АҒАЛИЕВА Н. Б.  
ф.ғ.к., доцент, ПМПУ, Павлодар қ.  
АҚНАЗАР Д. Ж.  
студент, ПМПУ, Павлодар қ.  
ДОСЖАН Ұ. Д.  
студент, ПМПУ, Павлодар қ.

Қазақ халқы ежелден қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Әрбір ата-ана қызының қылықты, тәрбиелі, мейірімді болып өсуін үнемі қадағалап отырған. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «қызға қырық үйден тиым» жасайды. Міне, осы мақалдардан- ақ біз қызды еркелетіп, бірақ оны тым еркінсітпегенін көреміз. Белгілі жазушы Ш. Айтматов: «Біздің қазақ пен қырғызда әйел затын ерекше ардақ тұтатын салт бар. Өмірдің ащы-тұщысын көріп, ысыла берсін, тұяғы тасқа салса кетілер, суға салса жетілер деген оймен ұлын жел өтінде ұстаса, қызын аз күндік қонағым, алтынның сынығы, шұғаның қиығы деп, бөркінің төбесіне үкі қадап, үлпілдетіп өсірген. Қылжақтаған көлденең көк аттының көз сұғынан жеңгелері қорғаштап баққан. Яғни сұлулық пен нәзіктікті сақтау – ар-ұят пен иманды, ұлттық болмысымызды сақтау болып табылған» [1]. Бұл үдеріс тек мақал- мәтелдермен ғана шектелмей, қазақ әдебиетінде де көрініс тапты. Қазақтың бас ақыны – Абайдан бастап, Мұхтар, Мағжан, Мұқағали сынды ақын- жазушылардың шығармашылығына арқау болған өзекті тақырыптардың бірі. Олар өз шығармаларында қазақ қызының сұлулығын ғана айтып қоймай, оның ақылдылығын, данағойлігін, батылдығын, сонымен қатар оның қиын тағдыры мен өмір иірімдерінен өту жолын көрсете білген. Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ әдебиетінде де «қыз тағдыры», оның ішінде қыздың алдануы, жаман жолға түсуі, ішімдікке және темекіге салыну мәселесі әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтпай келеді. Мұның себебі – бұрынғы қазақ қызының идеалы мен қазіргі қазақ қызының идеалының бір-бірімен ұштаспауы.

Заман ағымы, бөлкім, еліктеушілік болар, қазіргі қоғамда «қыз баланы қырық үйден тию» деген ұғым қалыс қалуда. Сондықтан да болар қазіргі қазақ ақын-жазушылары өз шығармаларында осы

мәселеге ерекше назар аударып отыр. Мысалы: Бақдәулет Арыстан, Жандарбек Бұлғақов, Мирас Асан, Жанат Жақаш, Ілияс Мұқаев т.б.

Қыз бала туралы шығармалар молшылық. Қыз балаға деген алаңдаушылықтан, жанашырлықтан туған біраз шығармалар поэзияда да кездеседі. Мысалы, Жандарбек Бұлғақовтың «Қызым саған айтамын» өлеңін алайық:

... Қараймын да мен сенің заманыңа,  
Алаңдаймын кіршіксіз ақ арыңа.  
Өмір дейтін қардай ақ парағыңа,  
Түспесе екен деп жүрмін қара күнә.

Қызым...  
Ұят келтірме сен тегіңе,  
Еріп кетпе ессіздің селтеңіне.  
Тәрбиеңе мен сенің жауаптымын,  
Жауаптысың сен елдің ертеңіне! [2].

Өлеңде эпитеттер көп кездеседі. Мысалы: қара күнә, ақ ар, т.б. Бұл өлеңнің ерекшелігі осында. Ақын эпитеттерді қолдана отырып, қыздың ары ақ парактай таза болуы керек және де оған қара дақ түспегені дұрыс деп санайды. Онымен қоса ол қызының болашағына қатты алаңдаушылығын мына сөздерден байқай аламыз:

Мектебің де жанашыр емес менше,  
Елендеймін ертеңің елес берсе.  
Бірте-бірте қысқарған юбкалардың,  
Не боларын кім білсін сен өскенше?!

Ақын қызының тағдырына осы бастан алаудаулы екенін көрсеткісі келді. Өлеңде көркемдегіш құралдар аз, бірақ аз болса да өлең өз көркемдігі мен тәрбиелік мәнін жоғалтпаған. Ол шындықты тұспалдап емес, оны сол күйінде әсірелемей, кішіретпей бере алды. Бұл өлең жолдарынан ақынның өз қызына ақыл айта отырып, басқа қазақ қыздарына үндеуін көреміз.

Ал басқа жас ақындардың шығармашылында қазақ қызына тікелей бағыттау арқылы жанашырлығын көруге болады. Мысалы, енді таныла бастаған жас айтыскер Дастан Матниязовтің «Тыңда мені» өлеңі:

Ей қазақтың аруы арақ ішкен,  
Айналыса көрмеші харам іспен.  
Сен болашақ анасың білесің бе ?  
Кемтар болып шықпасын балаң іштен.  
Ей қазақтың аруы шылым шеккен,  
Сен тағы да шықтың-ау бүгін шектен.

Бұндай жолмен бақытты бола алмайсың,  
Таза адамға Жаратқан нұрын сепкен [3].

Бұл ақындардың өленді беру жолы екі түрлі болғанымен, ұстанған идеясы бір. Ол – осы мәселенің өрбіп кетпеуін мақсат ете отырып, заманның азғындығын, қазақ қызының абыройының төмендеуін оқырманға жеткізу. Өленде метафора, метонимия мен эпитеттер кездеседі. Бұл ақындардың қыз мәселесіне келгенде жұмсақтығының көрінісі іспетті. Өлең қанша сынға немесе тілекке толы болса да, ақын оны жұмсақ күйінде, тұспалдап, яғни метонимияны қолдану арқылы қыздың көңіліне тимей, оны қорғау мақсатында осы көркемдегіш құралдарды орынды қолдана алды. Мысалы:

Тұзу болсаң сені ешкім қинамайды,  
Қисық жүрсең бір сәттік күй қалайды.  
Рахат танып жүрерсің бір екі жыл,  
Одан кейін сені ешкім сыйламайды...

Поэзияда тек қыз баласына үгіт насихатты ғана қамтымайтын, одан бөлек бұл мәселеге әкелетін басқа да факторлардың барын көрсететін өлендер бар. Мысалы, қазіргі таңда жас буын өкілдерінің арасында танымал, талантты ақын Мирас Асанның «Қызжылаған» атты өлеңі:

Үміті жүйрік күндер- ай,.. тілегі дүлдүл,  
Гүл терген көктем алыстан күледі бұлдыр.  
... Өткенін ойлап  
Бөлмеде қыз жылап отыр...  
Бағынбай көптен жүр ме екен жүрегі құрғыр?

Жүрегі құрғыр жүр ме екен бағынбай көптен,  
Оралар ма еді сол көктем... сағымдай көктем.  
Күллі адамдардан алданып... қыз жылап отыр...  
Түнекте кегі тұншығып алынбай кеткен.

Алданған ғұмыр...  
Жазықсыз қараңғы бөлме...  
Қыз жылап отыр...  
ұқсатып Ғаламды көрге!  
Айнаға кеп ед... түн шашын таратқызбады...  
Қиялы ғана аққу боп таранды көлде... [4, 386.].

Бұл өлең аяқсыз жолдармен, шырмауыққа түскен көбелектей өз ойларымен, эмоциясымен арпалысқан қыз бейнесіне толы. Мұны автор көп нүктелер мен логикалық кідірістерді кірістіре сипаттағанын

байқауға болады. Автор оқырманға басқа адамның қызға кесірі тигенін, осы күйге душар болғанын қыздың ой- толғанысы арқылы жеткізген. Мұнда автор кінәні тікелей ер адамға артпағанымен, оны қыздың эмоционалдық күйі арқылы білдіртіп тұрғандай. Өлең оқырманға терең ой мен мұң сыйлайды. Оқырман бір сәтке өзін сол қыздың орнына қоя отырып, оның бастан кешкен оқиғасын басты кейіпкермен бірге кешеді. Біздің ол қызға жанымыз ашиды, оны аяймыз. Ақынның оқырманға бере үндеуі де осы болар. Кей ақындарда қызға деген жанашырлықты тікелей ер адамға сөгіс ретінде көрсеткен шығармалар да бар. Ол Дана Муминаның «Ей, жігіттер» атты өлеңі:

Құшағыңа қондырдың да бір-ақ түн,  
Ей, бауырым, қызды неге жылаттың?!  
Сауап емес, күна жинап Құдайдан,  
Жолын қалай сұрамақсың Жұмақтың?

Кеше сені санап жүрген тірегі,  
Ол байғұстың жаралы енді жүрегі.  
Үйіндегі қарындасың секілді,  
Ол қыз да бір шаңырақтың гүлі еді.

Бейкүна қыз жасқа толып жанары,  
Таусылды ғой бойындағы амалы...  
Қыз-ғұмырдың тас-талқанын шығардың! ,  
Ал, ол сені қорғанына балады... [5].

Міне, осы өлең жолдарында жоғарыда айтылған мәселені, яғни ер адамның қыз баласына деген немқұрайлығы анық байқалады. Автор бұл өлеңі арқылы ер азаматтарға құлаққағыс етуде. Ол қыздардың осылай жағымсыз іс-әрекеттерге баруына тек әйел қауымы ғана кінәлі емес, ер азаматтар да әрбір қыз балаға деген жауапкершілігін ұмытпауы керек деген пікірді алға тартуда. Яғни әрбір қазақ қызы біреудің еркесі, біреудің қарындасы, біреудің болашақ жары, біреудің балаларының анасы. Ер адам осыны ешқашан ұмытпауы тиіс. Көркемдеуші құралдарға келер болсақ, бұл өлеңде метафора мен эпитеттер кездеседі. Автор оны мына жолда көрсеткен: «Ол қыз да бір шаңырақтың гүлі еді... ». Яғни бұл метафораны қолдану арқылы, ақын оқырманға бақташының әрбір гүлге жауапты болғанындай, қызды гүлге теңеп, сіздер мен біздерге әрбір қызға осындай жауапкершілікпен қарау керектігін айтқандай.

Ақындар оқырманға өзінің ойын тікелей жеткізсе, кей ақындар өз позициясын кейіпкер арқылы баяндап, монолог ретінде көрсететін өлеңдер бар. Мысалы: Мирас Асаннның «Көңілдегің монологы»:

Күнәлімін, бірақ та шешімдімін,  
Сенің жарың менікі... кешір бүгін...  
Сол түн ғана біледі біздер жайлы,  
Кім бірінші киінді, шешінді кім?..

Қай шындықты айтамын сен ұғарға,  
Кінәлімін, кел дағы мені қарға...  
Тозақы оттан да ыстық- ау мына сезім,  
Емі бар ма бұл дерттің, емі бар ма?..

Былғанғанын қарашы, ардың қалай,  
Тұмандағы адасқан тағдырлар- ай...  
Тозаққа да осылай барам ба екем?  
Мен осындай күнәға бардым талай... [4. 516].

Бұл өлеңде басты кейіпкердің өзін- өзі кінәлауы, өзінің жасаған қателіктерін түсінуі, бірақ, бұндай жаман жолға түсуі махаббатың кесірі деп өзін ақтап алғанын көреміз. Әрине біз бұл істі құптамаймыз, айыптаймыз, бірақ бір мезетке өзіңізді осы әйелдің орнына қойып көруге кеңес берер едім. Сіз қалай ақталар едіңіз, әлде өзіңізді кінәлі санамайсыз ба? Бұл сізге бағытталған сұрақ.

Бұл өлеңде де «Қызжылаған» өлеңіндегідей автор кейіпкердің көңіл күйін аяқсыз қалған сөйлемдер мен өлең жолдарымен бейнелеген. Бұл қазіргі қазақ ақындарының жазу стилі іспетті.

Бұл өлеңдердің барлығы алданған, арбалған қыз тағдыры жайлы баяндалса, Ақұштап Бақтыгереева сол нәрсенің қандай жағдайға апаратынын көрсете білді. Ол – әйелдердің ішімдікке салынуы. Бұл өзекті мәселе ақынның «Ішкіш әйел» шығармасына арқау болды.

Үкімет те алдады, дос та алдады.  
Алдап кетті тағдырдың қосқан жары.  
Ағайыннан, жердегі туыстардан  
Жұлдыз жақын тәрізді аспандағы.

Қаңбақ өмір, ұстатты жел кемеден,  
Сәті де жоқ бір жанға еркелеген.  
Үміті жоқ, ертеңді ойламауға  
Арақ ішіп алады ертеменен.

Жанарында тамшы боп тұнады арман,  
Ішкіш етті, амал не, мына жалған.  
Бір кезде ол аяулы қос ғашықтың  
Тұңғышы еді-ау төңірден сұрап алған [6].

Өлеңде метафора, метонимия, эпитет сынды көркемдегіш құралдар орынды қолданылып, өлеңнің мағынасын толықтай ашып тұр. Бұл өлең жолдары ішкіш әйел тағдырын ғана көрсетпей, сол арқылы қоғамның жағдайын көрсете алған. Қазіргі таңда бұл тек жеке адамның ғана мәселесі емес, жалпы қоғамның мәселесіне айналған. Әлемдік статистикаға сүйенсек, ішімдікке салынған 12 адамның 3-і әйелдер. Яғни соңғы зертеулер бойынша ішкіш әйелдердің үлесі 11,3 % – дан 15 %-ға өскен. Мұның барлығы әйел адамның тек өз денсаулығына ғана зиян келтіруі емес, бүкіл қоғамға қауіп төндіруі. Елімізде тастанды балалар, ажырасу фактісі, ұрлық пен т. б қылмыстардың көбеюіне әсер ететін негізгі факторлерінің бірі, ол – ішімдікке салыну.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрінісі классикалық үлгідегі қазақ поэзиясынан ерекшеленеді. Яғни қазіргі кезде көркемдеуші құралдар кеңінен қолданылады және әр автордың өзіндік жазу стилі қалыптасқан. Бұрынғы заман ақындары секілді, қазіргі заман ақындары да өз кезеңінің басты мәселелерін жырлап, өз шығармаларында қоғамда резонанс тудыратын жағдайларды көрсетуде. Соның бірі біз қозғаған тақырып.

Қорытындылай келе, бұл ақындардың алып отырған тақырыбы бір. Ол – қазіргі қоғамдағы қыз бала тағдыры. Жазу стилі бөлек болғанымен, бұл ақындардың көздеген нысаны – қазақтың қызының тектілігін, инабаттылығын сақтап қалу. Ақындар қыздарды сынағанымен, сөккенімен олар қазақ қызының заман ағымына ілеспей, өзіндік қазаққа тән тазалықты, пәктікті, тәрбиені ұстанғанын қалайды. Себебі әйел адам – елдің айнасы. Бүгін – қыз, ертең – ана. Сондықтан да қыз тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қараған абзал. Болашақ ұрпақтың рухани несібесі бүгінгі – қыздарымыздың қолында.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://baq.kz/kk/blog/58/blog-58-325>
  - 2 <https://www.zharar.com/kz/olen/8674-jandarbek.html>
- © www.ZHARAR.com
- 3 [https://vk.com/im?sel=239632697&w=wall229549419\\_10166](https://vk.com/im?sel=239632697&w=wall229549419_10166)
  - 4 Асан Мирас. Бекзат. Өлеңдер. – Алматы: «Жалпы баспасы» ЖШС, 2012. – 112 б.

5 [https://vk.com/im?sel=239632697&w=wall-62994492\\_576%2F26aa7cc079e854f001](https://vk.com/im?sel=239632697&w=wall-62994492_576%2F26aa7cc079e854f001)

6 <https://www.zharar.com/kz/olen/8876-ayel.html>  
© www.ZHARAR.com

**ҚАЗАҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ  
ВАРИАНТ ПЕН ВАРИАЦИЯ  
(«МЫРЗАШ БАТЫР», «ТОБАҒҰЛ БАТЫР»  
ЖЫРЛАРЫ НЕГІЗİNДЕ)**

АЛИМТАЕВА Д.

студент, «Туран-Астана» университеті, Астана қ.

РАХИМБАЕВА Г. К.

ф.ғ.к., доцент, «Туран-Астана» университеті, Астана қ.

Тәуелсіздік жылдарында тарихи жырларды тереңдеп зерттеп, тауға назар аударылып, мол мүмкіндіктер ашылып отыр. Тарихи жырларда халқымызға найзаның ұшы, білектің күшімен келген тәуелсіздік тарихы жазулы, сол тәуелсіздікті көзімен көре алмай кеткен ерлеріміздің ерлік істері зор құрметпен жырланады. Қазақ-қалмақ арасындағы шапқыншылық кезеңді бейнелейтін туындылардың бірі – Мырзаш туралы жырланған «Мырзаш батыр» атты туынды Алтай өңіріне кең тараған тарихи жырдың бірі.

Жырдың үш нұсқасы белгілі. Бірі – Ержан Ахметовтің «Әл-қисса Мырзаш батырдың қиссасы», екіншісі – Сағидолла Нұралиннің «Мырзаш батыр Алдиярұлы», үшіншісі – Ниязбек Қыдырмоллаұлының үш бөлімді «Мырзаш батыр» атты жыры. Соның ішінде ақын С. Нұралин «Мырзаш батыр» жырын екі қайтара жырлаған. Алғашқы вариациясы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына 1963 жылы, қайыра жырлағаны 1967 жылы тапсырылған. Бұл туралы «Мен, Нұралин Сағидолла, «Мырзаш батыр» жөніндегі өлең – әңгімені осымен екінші рет жырлап отырмын. Екінші жырлауым одан гөрі толығырақ жазылды, бірақ негізгі түйіні бір сарында» деп, жыршының өзі де ескертіп өтеді [1, 1 б.].

Осылардың ішінде Н. Қыдырмоллаұлының «Мырзаш батыр» туындысы-жырдың ең көлемді нұсқасы. Мырзаштың өз өміріндегі үш үлкен ерлігі жырдың үш бөліміне арқау болған. «Мырзаш батыр» жырын алғаш рет ғалым З. Сейітжанұлы зерттеп, оны Шығыс Түркістан өлкесіне де кең тараған жырлардың бірі дей отырып, тарихи-типологиялық салыстырулар жүргізді. Автор «Әр түрлі

тарихи оқиғаларға байланысты жаңа эпикалық жырлар («Арқалық батыр»), («Қабанбай батыр»), («Мырзаш батыр» т.б. ) туа бастады. Басқаша айтқанда, нақты тарихи эпос қалыптасты. Тарихи жырлар тарихилық сипатын көп жоғалтпай, дәстүрлі эпос түрінде дамыды. Ал нақты тарихи эпос – сол тарихи жырлардың даму жолындағы белгілі бір кезені, сатысы»,- деген пікір айтады [2, 7 б.].

Яғни, З. Сейітжанұлы «Мырзаш батыр» жырын нақты тарихи эпостың қатарына жатқызып, оның жанрлық-сюжеттік сипатына, поэтикалық ерекшеліктеріне талдау жасайды. Ал біз «Шығыс Қазақстандағы тарихи жырлар (бұрын жарияланбаған жырлар негізінде)» атты кандидаттық диссертациямызда «Мырзаш батыр» жырын Шығыс Қазақстан өңіріне де кеңінен тараған тарихи жыр ретінде қарастырып, оның тарихи негізіне, яғни жырдағы тұлғалар мен оқиғалардың тарихи шындықпен арақатынасына, образдар жүйесіне талдау жасадық.

Жырдың С. Нұралин мен Е. Ахметов нұсқаларын салыстыру барысында мынадай айырмашылықтарды көруге болады:

- 1) Жыр нұсқаларының басталуы әртүрлі.
- 2) Нұсқалардың көлем жағынан айырмасы бар. Е. Ахметов нұсқасы С. Нұралиндікіне қарағанда тым қысқа.
- 3) Жырлардың көркемдік жағынан да айырмашылықтарын көруге болады. Е. Ахметов нұсқасының тілі қарапайым. С. Нұралиндікі көркем, сұлу тіл. Оның нұсқасын оқығанда жыршы ауанына бірден түсіп, кідіріп-мүдіріп дегенді білмей еркін окисын.
- 4) Жыр сюжеттерінде өзгерістер бар. Е. Ахметов нұсқасында Мырзаштың батылдығын дәлелдейтін бірқатар сюжеттер енгізілген. Бұндай сюжеттер С. Нұралин нұсқасында байқалмайды.
- 5) Е. Ахметов нұсқасында түс көру элементіне көп орын беріледі және оны жоруда да фольклорлық дәстүрге сүйенеді. Яғни адам тағдыры түс арқылы болжанады. Жыр оқиғасы түс арқылы өрбіп отырады.
- 6) Мырзаштың өзінің о дүниелік болатынын сезінуі С. Нұралинде жол бастаушы қызыл түлкісінің көрінбей кетуімен байланыстырылса, Е. Ахметовте түс көру арқылы білдіріледі.
- 7) Батырдың о дүниеге аттануы екі нұсқада екі түрлі беріледі. С. Нұралинде Мырзаш жау қолынан өліп, сүйегі жат жерде қалса, Е. Ахметовте батыр жауды жеңіп, қайтып келе жатқанда жолда қатты науқастанып, дүние салады; бірақ батыр ұранқайлар елінде қайтыс болса – да, сүйегі жат жерде қалдырылмай, кейіннен өз еліне әкелініп қойылады.

Ал «Мырзаш батыр» жырының Ниязбек Қыдырмоллаұлы жырлаған нұсқасы өте көлемді. Оның бірінші тарауының өзі 3480 жолдан тұратын болса (ал барлығы – 10258), С. Нұралиндікі-718 жол (1967 жылғы нұсқасы – 966 жол), Е. Ахметовтікі – небары 438 – ақ жол. Осының өзінен Ниязбек Қыдырмоллаұлы нұсқасының қаншалықты көлемді екендігіне көз жеткізуге болады, яғни қалған екі нұсқа бұнымен көлем жағынан және басқа қырларынан да салыстыруға келіңкіремейді. Әрине, бұл нұсқаны батырдың тікелей өз ұрпағы жырлап отырғандықтан, Мырзаштың бала кезінен бастап, өмірден өткенге дейінгі ғұмырын барынша қамтуды мақсат тұтқаны байқалады. Оның басқа батырлығын былай қойғанда, өміріндегі ең ірі үш ерлігінің өзін бір-бір тарауға арқау етіп, кеңінен көсілген, соның нәтижесінде Мырзаштың батырлық тұлғасымен қатар, адамдық болмысын және халқының қамын ойлаған қамқор азамат болғандығын көркем тілмен шебер жеткізе білген. Сондықтан бұл нұсқаның сюжеті қою, әрі тым көлемді.

«Мырзаш батыр» жырының Ниязбек Қыдырмоллаұлы нұсқасының тілі өте шұрайлы, әрі қай оқиға, қай құбылыс болсын сан қырынан ашылады. Әрине, академик Сейіт Қасқабасов жазғандай «Фольклортану ғылымы үшін барлық варианттың маңызы бар». Десек те, «Мырзаш батырдың» Ниязбек Қыдырмоллаұлы нұсқасын жырдың толық нұсқасы ретінде қабылдағанды оң санадық. Ниязбек Қыдырмоллаұлы нұсқасын толық нұсқа ретінде қарастырып отырсақ та, С. Нұралин және Е. Ахметов нұсқалары өзіндік құндылықтарымен бағаланып, оқырман қауымның жүрегінен өз орнын табады. Ал не себепті Ниязбек Қыдырмоллаұлы нұсқасын негізі нұсқа ретінде қарастырып отырмыз десек, оның жауабын төмендегі пікірден табамыз: «Бұл варианттың жақсы екенін қалай бағалауға болады? Оған мынадай нәрселерді ескеру қажет. Сюжеттің барынша толықтығы, жанрлық ерекшеліктерді сақтауы және көркемдік сапасы ескерілуге тиіс. Варианттың көптігі – ең тәуір текст тандап алудың кепілі», - дейді фольклортанушы ғалым Бақыт Әзібаева. Бұндай ерекшеліктерді аталмыш нұсқадан таба аламыз. Жырда Мырзаш өмірінің көп қыры қамтылған, оқиғалар бірінен-бірі туындап, сан қырынан өрбіп отырады. Және де оның барлығы нанымды, шындыққа жанасымды етіп, өмірдегі қалпында суреттеледі. Әрі жырдың көркемдік деңгейі де жоғары. Әр оқиғаның зор шабытпен жырланғаны соншалық, «ары қарай не болар екен, оқиға қалайша жалғасын табады?» деген зор қызығушылықпен оқисың, яғни жыр оқырманын жалықтырмайды, керісінше, өзіне баурап, елтіп әкетеді. Сондықтан жырдың осындай ерекшеліктерін ескере отырып, оны негізгі нұсқа ретінде қарастырамыз. Ал жалпы, Мырзаш туралы жырлардың

үш нұсқасының оқиғалар желісін салыстырып қарағанда, үшеуіне де ортақ боп келетін бірнеше сюжет-мотивтерді аңғарамыз. Олар:

- Мырзаштың өз өмірінде үш ірі соғысқа қатысып, елін жаудан қорғауы;
- әулиелік қасиетінің болуы;
- Н. М. Пржевальскийге жол көрсетіп, елді мекендерді көп аралаған саяхатшы болғандығы;
- Мырзаштың кедей отбасынан шыққандығы;
- соңғы жорыққа барғысы келмегендігі, оған еркінен тыс аттанғандығы;
- қолды болған дүние – мүлік, олжаларды қара басының қамына жаратпай, кедей – кепшікке таратып берегендігі;
- Мырзаштың ақкөңіл, адал, әділ адам болғандығы;

Міне, осы сюжет-сарындар жырдың әр нұсқасында негізгі оқиғаларды баяндауға тірек болып, әрқайсысында өзінше өрнектеледі.

Тарихи жырлардың басым бөлігі жоңғар-қалмақ шапқыншылығын, ұлт-азаттық көтерілісті жырлайтынын еске алсақ, «Тобағұл батыр» жырының басқа жырларға қарағанда біраз өзгешелігі бар. Яғни, ХХ ғасырдағы ірі қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер, 1905 жылғы тұңғыш орыс революциясы, шаруалар көтерілісі, Қазан төңкерісі сияқты тарихи оқиғаларды қамтуының өзі- оның тақырыптық өзгешелігін көрсетеді. Тарихтың осы бір күрделі кезеңін бейнелейтін «Тобағұл батыр» жыры көпке дейін зерттелмей келген.

«Тобағұл батыр» жырының барлық нұсқаларында 1905 жылдардағы Шұбарағаш уезі Арғанаты болысында Тобағұл бастаған кедейлердің бай-болыстарға, патша үкіметіне қарсы шыққан көтерілісі суреттеледі. Жырдың Орталық ғылыми кітапхана мен Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында сақталған төрт вариациясы бар.

1 «Тобағұл батырдың әңгімесі». Онда 1905–1917 жылдар арасындағы қазақ ауылындағы саяси – әлеуметтік жағдай суреттеледі. Оқиға Семей облысы, Шұбарағаш уезі, Арғанаты болысы, Меңілбай руында болған. Кедей шаруа Тобағұл жеті атасынан бері шынжыр балақ, шұбар төс Арғанаты болысы Бейсеннің Мұхаметқалиына қарсы күрес жүргізеді. Ел арасында ереуіл күшейеді. Осы кезде Тобағұл батыр Донбаста революцияға қатысқан Степанның баласы Иванмен танысып, дос болады. Тобағұл мен Иван Мұхаметқали болыстың мойнына шылбыр салып өлтіреді. Осы үшін Тобағұлды бес адамымен тұтқынға алып, он жыл түрмеге ұстау, сегіз жыл жер аударуға үкім етеді. Тобағұл және

оның жолдастары тек Қазан төңкерісінен кейін ғана босап, орыс достарының көмегімен туған ауылына қайтады. Жыр 1919 жылы Семей облысы Аякөз ауданында араб әрпімен жазылып алынған.

2 «Тобағұл батырдың әңгімесі». Мазмұны алғашқы жазбадағыдай. 1917 жылы Тобағұл тұтқыннан босап, өз елі – Аякөзге келеді. Поэма: «Жыр басы», «Беке-Төке», «Пристав», «Абақты», «Тобағұлдың жылағаны» деген тақырыптарға бөлінген. 1940 жылдары Семей облысында ескі араб әрпімен он бір буынды кара өлең үлгісінде жазылып алынған.

3 «Тобағұл батыр». Тобағұл батыр 1917-жылы Қазан төңкерісі келгеннен кейін Сібірде түрмеден босап, Аякөзге оралады. Онда азамат соғысының комиссары – Ғаббасұлы Сабыржанмен бірге бай – болыстарға қарсы күреседі. Аякөзде ақтардың қалдығы – Дутов, Семёнов, Анненковтың отрядтарымен бірнеше тәулік бойы соғысады. Жауға күйрете соққы береді. Осы соғыстың аяқ шенінде Ғаббасов та, Тобағұл да ауыр жараланады. Бұл дастан «Тобағұл батырдың әңгімесі» атты поэманың жалғасы. 1956-жылы Аякөзде жазылып алынған.

4 «Тобағұл батыр». Бұл жазба көлемді. Мазмұны: «Кіріспе», «Бәке-Төке сөзі», «Болыстың сөзі», «Приставтың сөзі», «Тобағұлдан», «Тобағұлдың сөзі», «Байғазы» деген тарауларға бөлінген. 1958-жылы Семей облысы Аякөз ауданы «Киров» колхозында жазылып алынған. Сюжеті алғашқы жазбалардағымен ұқсас. Жырдың ары қарайғы жалғасында Тобағұл Сібірден келгеннен кейін азамат соғысына қатысады. Ақтармен болған кезекті соғыста қатты жараланады, оны әлсіреп жатқан жерінен Жүгер деген қазақ – орыс малайы тауып алып, өз үйіне апарды. Осыдан кейін ақын «Тобағұл сонда емделіп жата тұрсын, естіндер Сабыржаннан ендігіні» деп, Сабыржан жайына ауысады. Ал Сабыржан Ғаббасов болса, ежелгі досы – Ияролланың сатқындық жасап, ұстап беруімен қолға түсіп, қайтыс болады. Аталмыш төрт нұсқаның да жырлаушысы – қазақтың белгілі ақын-жыршысы, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы – Есенсары Құнанбаев. Ол Таңсық өңірінде «көшелі жырау» ретінде «Зарқұм», «Сал – сал», «Қабанбай батыр» т.б. дастандарды, поэмаларды жатқа айтып, бір өзі қазақ сахарасында елді аузына қаратқан көшпелі театрдай адам болған екен. «Тобағұл батыр» жырының төрт вариациясының болуы жыршының бұл тақырыпқа қайталап соғып отырғандығын байқатады.

Сөз соңында, көпнұсқалылық – қандай да болмасын шығарманың ел арасына кең тарағандығының да, халық көңілінен терен орын алғандығының да нышаны дегіміз келеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Нұралин С. Шығармалары. – Алматы, ҚР ҒА ӘӨИ, 1963, № 330 бума, 3 –дәптер
- 2 Сейітжанұлы З. Тарихи эпос. – Алматы: Ғылым, 1994. –112 б.
- 4 Ахметов Е. Әл – қисса Мырзаш батырдың қиссасы. – Алматы, ҚР ҒА ӘӨИ, 1958, 194 бума, 5 –дәптер
- 5 Қыдырмоллаұлы Н. Шығармалары / Н. Қыдырмоллаұлы. – Алматы, ҚР ҒА ӘӨИ, 1978, № 874 бума, 1, 2, 3 –дәптерлер
- 6 Қасқабасов С. А. Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – Б. 13-30.
- 7 Азибаева Б. У. Казахский дастанный эпос. – Алматы: Ғылым, 1998. –250 с.
- 8 Тобағұл батыр. Жырлаушысы – Е. Құнанбаев. – Алматы, ҚР ҒА ОҒК, 695 бума, 5 –дәптер
- 9 Рахымбаева Г. Қ. Шығыс Қазақстан өңіріндегі тарихи жырлар. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2003. – 210 бет.

## ӘКЕ МЕН БАЛА ПРОБЛЕМАСЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ ҚОЙЫЛЫСЫ

АЛТЫНБЕК Ә.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әке мен бала ой, пікір қайшылығындағы түрлілік туралы көзқарастар мен тұжырымдар ерте кезден бастап айтылып келеді. Ежелгі грек философы Сократ әке мен бала мәселесінде балалардың оңай іске жақындығын, қызыққа құмарлықтарынан деп анықтайды.

Әлемде бұл мәселені қоғаммен, адамның рухани жандүниесімен қатысты ғылым салаларының барлығы да қарастырады. Педагогика мен психология адамның еркі, күш-жігері, тәрбиесімен алса, философия танымымен, әдебиет көркемдік бейне, тіл сөйлеу қолданыстары тұрғысынан зерттейді.

Этнография ұлттың танымен, түсінік, ой-тұжырымдарымен байланысты болғандықтан да, бұл мәселені халықтың сан ғасырлық тарихымен сабақтастырады. Ғасырлар бойы жасалған

әдет-ғұрыптары мен салт-саналары, шаруашылығы мен қоршаған ортасы алынады. Осыларды қалыптастырған түсініктері тәрбие мен күш-жігер, ерік – барлық рухани құндылықтарды жетілдіретін тұстар назардан тыс қала бермейді.

Кез келген қоғамның артықшылығы дамуымен, алға озуымен ерекше. Қоғамның дамуы қажет. Қалыптасқан салт-дәстүрлер, дағды-қалыптар үлкендер үшін өзгермес заңға да айналып кетеді. Бұл, біріншіден, үлкендердің өз тұрмыстық-әлеуметтік, шаруашылық, күнделікті тірліктерін бір ырғаққа салып, соны өзгертуден гөрі бір қалыппен өткізе беруді дұрыс санайтын түсініктерінен болса, екінші жағынан үлкен адамдар алдыңғы ұрпақ алдындағы парызды өтеу деп те ұғынады.

Қоғамның жаңаруына, өзгеруіне жаңа ойлы, тың көзқарасты жастар мүдделі болады.

Ұлттың ғасырлар бойы жасалған салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары түрлі сынақтан өтіп өзінің қоғамды реттеуші, жинақтаушы, ұйыстырушы, табиғатпен үйлесімді бірлікті ұқтыратын ой-тұжырымдар бола алатындығын дәлелдеді. Бірақ қоғам бір текті адамдардың жиынтығы ғана емес, әрі кез келген ұлттың, халықтың, ұрпақтың өз болашағы үшін тандайтын жолдары бар. Жаңалыққа ұмтылыс ескіні жоғалту емес, жаңаны қабылдау – өткенді ұмыту емес.

Бүгінгі қазақ елі әлемдік өркениетке еркін еніп, болашақ жолдарын айқындап, «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың 7 қыры» идеяларын қоғаммен сабақтастыра жалғастыруды негізгі стратегия ретінде белгілеп отыр. Осы тұста болашақ даму үшін қазақ қоғамындағы жаңалықтарды ортаның қабылдауын, араласуын қарастырудың қажеттілігі анықталады.

Біз қазақ қоғамының негізгі тірегі – отбасы және ондағы әке мен баланың ескі және жаңа көзқарастарын талдау арқылы ұлттың ой-тұжырымдарын, адам, орта, табиғат, тіршілік, даму туралы ойларын ашқымыз келді. Бұл тұста қазақ көркем әдебиеті негізгі материал бола алады. Қоғамның дамуына ұлттың салт-санасы, дәстүрлері мен ғұрыптарына қатысты зерттеулер аз емес. бірақ нақты түрді халықтың танымындағы әкелер мен балалар арасындағы пікір айырмашылығын салт-сана мен қоғамдық орта қалыптарымен сабақтастыра қарастырған еңбек жоқ.

М. Әуезов 1959 жылдың 15–19 июнь аралығында Алматы қаласында өткен қазақ әдебиетінің негізгі мәселелерін әңгіме еткен ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген сөзінде әдебиеттегі

сабақтастық, үлгі мектеп туралы айта келіп: «мысалы, Құнанбай мен Абай арасындағы, әке мен бала шалғайлық тартысы деген тақырыпты алсақ, бұл жайды М. Әуезов тапқан жоқ. Әріректе, И. Тургеновтің «Әкелер мен балалар» романы, беріректе Достоевскийдің «Ағайынды Қарамазовтары» бар емес пе еді? Әке мен балалар арасындағы қайшылық өрши келіп, ширатыла, шұбатыла барып Ф. Достоевскийде баланың әкені өлтіру шытырмансына соғатын» – дей келіп, қазақ және орыс әдебиетіндегі әке-бала арасындағы қайшылықты бір деуге келмейтіндігін, бірақ: «Бұл күй де бір алуан зерттеулер тақырыбы болуға жарарлық. Ал, одан беріде көп ұлтты туысқан әдебиеттер үлгілерін алып қазақ жазушыларының шығармаларымен салыстыра бастасақ, санаудан терең проблемелық, жүйелілік, шынайы қызық жалғас жайлар ашылар еді» [1, 401].

Біз тақырыпты зерттеуге көркем әдебиеттерді ала отырып, қоғамның өзгеріс қалыптарын, қайшылық сырларын ашуға болатындығын көрсеткіміз келеді. Қазақтың көркем әдебиеті ұлттың тұтастай сипатын аша алатындығы ескерілді. Сонымен бірге «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы» [2]. , А. Сейдімбектің «Қазақ әлемі» [3]. , Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Шығармалары Т. 5 және т.б.» [4]. , «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» [5]. қарастырылды.

Қазақ қоғамындағы отбасының ерекшеліктері белгілі этнолог Ж. О. Артықбаевтың еңбектерінде талданған. Ғалым «Бір ата баласы» деген атау бір шаруашылық бірлестігі болуымен бірге әртүрлі жеке отбасының ата балаларымен бірігіп шешетін мәселелеріне де қатысты екендігін айтады. [6].

Әдебиеттегі әке мен бала арасындағы өзгерістерді аша отырып, келесі түйінді мәселелер анықталады.

1 Әкелер мен балалар арасындағы көзқарас алшақтығы ұлттық белгілерді де өзгертеді.

2 Әке мен бала арасындағы ой түрлілігі: қоғам өзгеріп, халық жаңа даму кезеңіне қадам басқан тұста байқалады.

3 Әкелер көзқарасындағы тұрақтылық пен жаңа ұрпақ танымындағы өзгеріске күштарлық бірін-бірі толықтырған тұста ұлттың өркендеуі мен елдің дамуының болашағы жарқын бола түседі.

4 Көзқарас, таным өзгешелігін көрсететін шығармаларға талдау жасай отырып, 20-ғасырдың екінші жартысынан бастап ұлттық құндылықтардың өзгеруі ұлт дамуының көзі де болғандығы ашылады.

Қазақ фольклоры – әдебиет үлгісінің көне түрі ғана емес, халықтың танымдағы ескі мен жаңа күресін ашатын дәлелдердің



бастылары. Қазақ ертегілерінің ішінде «Ер Төстіктің» орны ерекше. Көркем туынды халық өмірінің түрлі кезеңдерін суреттейді. Онда нақты ел-тұрмысының оқиғаларын көрсететін, соған орай шығарманың қай мезгілде, уақытта туғанын анықтайтын белгілер болады. Ендігі бір шығармаларды ел тарихының әр кездерінің суреттері, әр мезгілдерінің көрінісі болады. Ауыз әдебетіндегі таным, түсініктер адамзаттың барлық тарихи кезеңдеріне де жарай береді. Ондағы тақырыптар жалпыадамзаттық мәселелерге арналған. Әр кезең таным, түсінігіне қарай әр ұрпақ оны өзінше, өз ыңғайына қарай бағалайды. Қазақтың еркін кезіндегі, саяси-әлеуметтік, қоғамдық қыспаққа түсе қоймаған кезеңінде балалар үшін әкелерді сынауға ақылымыз, күшіміз жете бермейдідеумен бірге, сынау үшін, оларға қарсы келу үшін өрісін тартылтып шығарлық жекелік түсініктер болмағандығын байқатады.

Қазақ танымындағы әке мен бала қарсылығын, ескі мен жаңа күресін 19-ғасырдың суреттерін бертін шығармалардан бастап көреміз. Жоғарыдағы «Әке мен бала» дидактикалық мәнде болғанымен де, сол кезеңнің суретін береді. Әлі де болса, әке, ата сөзінің өтімді, ойының жүйелі екендігін мойындатады.

19-ғасырдың суреттерін беретін шығармалардағы ескі мен жаңа күресінің қазақ қоғамындағы алшақтықтар себептері дамудың ұлттық және жалпыадамзаттық өркендеуін таңдауымен байланысты болады.

Ұлттың болашақ дамуына кесірі тие қоймайтын, халықтық танымы берік сақталған кезеңдерде тіршілік үшін күрес, өмір мәнін ұғыну, ортаның сырын түсіну жолындағы сипаттармен ашылады.

Бұл кезеңдердегі әке мен бала арасындағы ой-таным алшақтығы елдік, жұрттық сипаттардан ада. Тіршіліктің мәнін ұғыну, өмірдің сырын түсінуге талпыныстардан тұрады. Дүние мәнін ұғынуға қарай жетелейді. Әрі әке сөзі өтімді, бала тарапынан қарсылық байқалмайды.

Қазақ танымындағы ескі мен жаңаның қайшылығы ұлттық мәселелерден тыс, халықтық таным-түсінікке қатыссыз қалыпқа көрінді. Ескі мен жаңаның қайшылығы, әке мен бала арасындағы түсініктік алшақтық үйшілік, отбасылық сипаттан асып, ұлттық танымдағы кереғарлыққа ұласқан шақта анық байқала бастады.

Бұл 19-ғасырдың екінші жартысынан бастап, өзге танымды ұрпақтың ой-пікірімен байланысты болатын.

Әр кезең ұрпақтарының халық танымына қосар үлесі ғана емес қоғам артар міндеттері де болады. 19-ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласында қоғамдық-әлеуметтік, саяси өзгерістер мол болды. Сол өзгерістердің ықпалы елдің рухани өсуіне де өзін игі әсерін тигізбей қоймады. Ресей патшалығының қыспағына түсе бастаған халықтың сол өзге елдің мәдениетімен, танымымен танысуына тура келді. Бұны тек біржақты бағалауға болмайды. Халық ғасырлар жасалған хандық билігін жоғалтты. Танымын өзгерте бастады. Қоғамдық өзгерістер, елдің жаңа биліктің сыры мен ыңғайын ұғыну керек болды. Бұл себептер екінші елдің әлемімен танысып, өзгеруді, жаңа қоғамға бейімделуді талап етті.

20-ғасырдың бас кезіндегі әлеуметтік-саяси жағдайлар қоғамдағы танымды жаңа бағытқа бейімдеді. Сондықтан да болар, әке ойы – баласының бас амандығы. Өкімет адамы, жаңа заман билеушісі деп ауылнайға қарсы шықпай дегеніне көну болса, баланикі – өз түсінігі үшін күресу.

Кейінгі кезеңдердегі әдебиетте де әкелердің барға қанағат етуін, соны сақтау, тұрақтылықты қорғау сияқты ойларына кейінгі ұрпақтың қарсылығы байқалады.

Бұл Ғ. Мұстафиннің «Миллионер», Ғ. Мүсіреповтің «Этнографиялық әңгіме», Т. Әбдіқовтің «Қонақтар» сияқты шығармаларында анық суреттеледі. Бірақ қазақ тарихында әкелер бойындағы сабырлық, тоқтаулық, қанағат, тұрақтылықты сақтау деген ойлар ұлт дамуына мол ықпал еткен түсініктер екендігін айтқан дұрыс. Бірақ әлем даму үстінде, жаһандық технологияны жасап жатқан тың ойлар мен заманға ілескен ойлар. Ендеше бұл жас ұрпақтың жаңа ойлауын, тың көзқарастарын да қажет етеді.

Әкелер көзқарасындағы тұрақтылық пен жаңа ұрпақ танымындағы өзгеріске күштарлық сабақтаса білген тұста ұлттың өркендеуі мен елдің дамуында ілгерлеу болады. Жаңа таным мен тың ойларға жол ашады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Әуезов М. Абай жолы. Шығармаларының 12-томдық жинағы. Т. 8 – Алматы: Жазушы, 1986
- 2 Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы – Алматы: Білім, 1991

3 Сейдімбек А. Қазақ әлемі – Алматы: Санат, 1997  
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Шығармалары Т. 5 және Т. 6 – Павлодар, 2009, 2010

4 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары – Алматы: Арыс, 2006 Артықбаев Ж. О. Казахское общество в XIX в. : традиции и инновации. – Караганда, 1993

5 Қазақ ертегілері Т. 3 – Алматы: Ғылым, 1990

## РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИДІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

АХМАДИ А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым, жазушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Рымғали Нұрғалидың қазақ әдебиеті тарихында алатын орны айрықша екендігі мәлім.

Рымғали Нұрғалидың өмір жолына тоқталар болсақ, ғалым-ұстаз 1940 жылы 1 маусымда Семей өңіріндегі Абыралы ауданының Қайнар ауылында туған. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Алғаш еңбек жолын кеңес кезеңінде шығып тұрған республикалық «Лениншіл жас» газетінде бастап, кейін Қазақстан Жазушылар одағында қызмет еткен. Одан кейінгі өмір жолын ғылым мен білім саласына арнаған. Қазақ мемлекеттік университетінің доценті, профессор, филология факультетінің деканы болды. 1986–1996 жылдарда Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясына да басшылық етті. Өмірінің соңғы күндеріне дейін Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі болып қызмет істеді.

Р. Нұрғали қазақ театры мен драматургиясының тарихы, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов және басқа қазақ әдебиеті классиктерінің шығармашылығы туралы монографиялық еңбектер жазды. Ғалым ғылыми-педагогикалық қызметін әдеби шығармашылықпен қатар алып жүріп, роман, көркем әңгімелер мен повестер жазды. Аудармамен де шұғылданып, әлем және орыс әдебиеті классиктерінің бірқатар еңбектерін

қазақ тіліне аударды. Қаламгер ретіндегі өз еңбектері мен көркем шығармалары да бірқатар тілдерге тәржімаланды.

Ғалым А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайберді, Ж. Аймауытовтар туралы ғылыми еңбектерін жазды. Қазақ прозасында Ф. Мүсірепов, І. Есенберлин, М. Мағауин, Ә. Тарази сынды үлкен қаламгерлердің туындыларын жан-жақты зерттеді. Жазушының «Талант тағдыры», «Күретамыр», «Қазақ драматургиясы», «Өнердің эстетикалық нысанасы» атты зерттеу еңбектері, «Дән», «Ай қанатты арғымақ» прозалық кітаптары оқырманның жоғары бағасын алды.

Әдебиетті терең зерделеген ғалым Рымғали Нұрғали абайтану мәселелерімен айналысып, «М. Әуезов шығармашылығындағы Абай өмірі тақырыбы», «Абай энциклопедиясы» т.б. ғылыми еңбектер жазды. «Трагедия табиғаты», «Өнер алды қызыл тіл», «Сырлы сөз», «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры», «М. Әуезов және Алаш», «Сөз өнерінің эстетикасы», «Алашордашылар» тағы басқа көптеген монографиялық еңбектерінде Абай Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын, тілін, ұйқасы мен сөз ерекшеліктерін салыстыра қарастырды.

«Айдын», «Телағыс», «Қазақ революциялық поэзиясы» атты әдеби трилогиясы үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Қаламгер сондай-ақ Жоғары мектептің үздік қызметкері (1984), Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі (1995), Ғылым мен техникаға еңбегі сіңген қайраткер (1998), Қазақстан ғылымы мен техникасына қосқан аса үлкен үлесі үшін берілетін Мемлекеттік стипендияның иесі (1998), Ш. Айтматов атындағы халықаралық академияның академигі (2003), ғылым саласы бойынша берілетін Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері (2003), Білім беру ісінің еңбек сіңірген қызметкері (2004), «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» (2006), А. Байтұрсынов сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің, М. Шолохов атындағы және басқа да медальдардың иегері.

Академик Р. Нұрғали 2000 жылдан бастап Астанаға қоныс аударып, елорданың әдеби-мәдени өмірінің жандануына қомақты үлес қосты. Сонымен бірге жаңа астанадағы ғылыми-рухани ортаның қалыптасуына еңбек сіңірді. Астана қаласында Елбасы бастамасымен көтерілген рухани-мәдени мәселелердің барлығына белсенді араласып, көп іске басшылық жасайды.

Рымғали Нұрғалидың шәкірт тәрбиелеп, ұстаздық етті. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қазақ әдебиеті кафедрасын басқара жүріп, шәкірттерге оқыған дәріс

оқыды. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі диссертациялық кеңестің төрағасы болды.

Ғалым орта және жоғары мектепке арнап оқу құралдарын дайындады. Сондай-ақ республика жоғары оқу орындарына ғылыми кадр дайындау ісіне де айрықша үлес қосып, он төрт ғылым докторы мен қырық екі ғылым кандидатын дайындап шығарады.

Рымғали Нұрғалиұлы қоғам өміріне де белсене араласты. Мәселен, Қазақстан Республикасының Терминология және ономастика комиссияларының мүшесі ретінде тұтас еліміздегі жер-су аттарының және Астана қаласындағы көше аттарының ұлттық бағытта қалыптасуына зор еңбек сіңірді.

Р. Нұрғали әдебиет зерттеушісі ретінде ұлттық әдебиеттану мен әдеби сынның кадрлық әлеуеті, бағыт-арналары, жемісті кезеңі – 1960–90 жылдар аралығын айрықша атайды. Әсіресе, алыс-жақын елдер тәжірибесін, әдістемелік тәсілдер мен түрлі мектептердің үлгі-өнегелік қырларын жіті саралап, жүйелі дамытқанын, байланыс-сабақтастыққа маңыз бергеніне ден қояды. Аталған кезең аралығындағы тақырыптық ерекшеліктер, жанрлық-көркемдік мәселелер, осы бағыттағы зерттеу мен зерделеу ісі, ұжымдық жинақ, кітаптарға талдау жасап, ұтымды-ұнамды тұстарына мән береді. Сыр-сипаттары ашылады.

Р. Нұрғали еңбектері арасында «Алыптар қайта оралғанда» атты зерттеу мақаласының орны ерекше. Бұл зерттеу Алаш мұраты, оның қайраткер-қаламгерлері жайындағы алғашқы ізденістердің бірі болды. Бірнеше бөліктен тұратын мақалада («Ұлттық мәдениетіміздің мақтанышы, «Мөлдір сезім, биік парасат», «Сегіз қырлы, бір сырлы дарын») Алаш ардақтыларының (А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы) кезеңі мен қызметі, өмірі мен шығармашылық мұралары, ХХ ғасыр басындағы жазықсыз жазалау мен орынсыз зорлық-зомбылықтың, қуғын-сүргіннің зардап-кесепаттарының сыр-сипаттары кең көлемде қарастырылады. Мақаланың бастапқы бөлімінде: «...кезінде репрессияға ұшыраған, жазықсыз жапа шегіп, мерт болғандардың аты қайта тірілді, сөнгеніміз жанып, жоғалғанымыз табылды. Жарты ғасыр бойы жасырын болған мәдени тарихымыздың тағы бір беті жаңарып, шындық қалпына келтірілді. Алатаудай алыптарымыз туған халқымен қауышты», дейді.

Әдебиет зерттеушісі алғашқы тұста ұлттық әдебиеттану мен әдеби сынның кадрлық әлеуеті, бағыт-арналары, жемісті кезеңі – 1960–90 жылдар аралығын айрықша атайды. Әсіресе, алыс-жақын елдер тәжірибесін, әдістемелік тәсілдер мен түрлі мектептердің үлгі-өнегелік қырларын жіті саралап, жүйелі дамытқанын, байланыс-сабақтастыққа

маңыз бергеніне ден қояды. Аталған кезең аралығындағы тақырыптық ерекшеліктер, жанрлық-көркемдік мәселелер, осы бағыттағы зерттеу мен зерделеу ісі, ұжымдық жинақ, кітаптарға талдау жасап, ұтымды-ұнамды тұстарына мән береді (6 бет). Сыр-сипаттары ашылады.

Р. Нұрғали қазақ, орыс тілдерінде «Трагедия табиғаты» (1968), «Трагедии М. Ауезова» (1967), «Талант тағдыры» (1969), «Қазақ драматургиясы» (1974), «Өнер алды – қызыл тіл» (1974), «Өнердің эстетикалық нысанасы» (1979), «Поэтика драмы» (1985), «Телағыс» (1986), «Арқау» (2 томдық, 1991), «Айғақ», «Сырлы сөз» (2000) т. т. ұлт әдебиетіндегі әдіс, жанр, стиль, поэтика мәселелерін, дәстүр мен жалғастық диалектикасы, драматургия жанрларын көркемдік-теориялық тұрғыдан танып-талдаған көптеген зерттеу еңбектерін жазған. Бұл еңбектерде ұлттық сөз өнері, оның арғы-бергі тарихы мен басты өкілдері, олардың ерекшеліктері мен эстетикалық принциптері, көркемдік пен кемелділік, жанр мен шеберлік, стиль сипаттары, аударма және оның даму заңдылықтары, келелі мәселелері алуан салыстыру, талдаулар арқылы жүйелі, нанымды сөз етіледі. Зерделі зерттеушінің ізденіс-көзқарастарынан ұлт мұраты, руханият әлемі, жекелеген ақын-жазушылардың өзіндік өзгешеліктері байыпты, сергек сараланады [4].

Р. Нұрғалидың мағыналы өмірін, жемісті жылдарын оқу-ғылым саласынан бөлек алып қарастыруға әсте болмас еді. Әр жыл сайын жаңарып-толығып, жас шәкірттерге жол тартып келе жатқан «Қазақ әдебиеті» атты оқулықтардың (11 сыныпқа арналған) тұрақты авторы.

Сондай-ақ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасында жемісті еңбек етті. «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Жазушы шеберлігі», «Алаш ұранды әдебиет», «М. Әуезовтың шығармашылық шеберханасы», «Драма поэтикасы» атты жалпы, арнаулы курстардан тағылымды дәрістер оқыды. Бұл тұстарда ұстаз-ғалымның бітім-болмысынан биіктік пен білімпаздық, кісілік пен кесектік, талапшылдық пен таланттылық, байқампаздық пен тереңдік, мейірімділік пен қамқорлық, жан-жақтылық сынды белгі-ерекшеліктер танылатынды.

Р. Нұрғали қаламынан «Дән», «Полигон әңгімелері» атты новеллалар жинағы мен «Атшабыс ертен», «Жартастағы қарағай», «Оқ» секілді повестері туды. Бұлардың бәрінен де елін, жерін сүйген арлы азаматтың көңілін жарқын, жүрегін ашық ұстап, қаламын өткір ұштаған биік тұлғасы танылар еді. Қаламгердің ізденіс іздері мен көркемдік-рухани құндылықтарынан айқын қолтаңба мен көзқарас, образдар жүйесіндегі нақтылық пен бедерлілік, тіл-стиль сипаттарындағы байыптылық пен қалыптасқан үлгі-өрнектер сенімді әсер қалдырады.

Р. Нұрғали аударма өнерінде де өзіндік өрнек жасап, өнімді еңбектің үлгі-өнегесін көрсетті. Олардың қатарындағы – П. Брагиннің «17 жайлы хикая» Л. Толстойдың «Әзәзіл» повестері мен Н. Погдиннің «Салтанат жыры», А. Кешоновтың «Соңғы шақырым» драмалары мен бірнеше көркем фильмдерді ұлт тілінде жатық та тартымды сөйлеткені және бар. Бұл еңбектерде де ұлттық-руханияттық ерекшеліктерімізге сай еркіндік пен кендік, көркемдік өрнектің алуан үлгі-белгілері бар. Бұл жайттардан, әрине Р. Нұрғалидің руханият әлеміне еркін еніп, оның келелі де түйінді тұстарын тамыршыдай тап басып, зерттеп-зерделеудің негізінде кең көлемді ізденіс, кешенді барлау-саралаулар жасалды. Алаш әлемі мен оның ақиқаты айтылды. Қайраткер-қаламгерлердің өмірі мен өнегесі көрсетілді. Жанр мен шеберлік, стиль сипаттары зейінді зерделенеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

#### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Астана: «Фолиант», 2005. – 544 б.
- 2 Нұрғали Р. Ұлт мұраты және руханият. Астана: Арай, 2008. – 632 б.
- 3 Нұрғалиев Р. Арқау. 2 т. – Алматы: 1991. – 576 б.
- 4 Нұрғалиев Рымғали «Телағыс» Әдеби дәстүр мен әдеби даму. Монография. Алматы «Жазушы», 1986. – 456.
- 5 Нұрғали Р. Әдеби мұра: тарихы мен танымының теориялық-методологиялық қырлары. Көкейкесті әдебиеттану. 4 кітап. Астана, 2004. – 567.

### ТҰРСЫНЖАН ШАПАЙДЫҢ «КҮЛКІ ЖӘНЕ КӨЗ ЖАСЫ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

АҒАЛИЕВА Н. Б.  
ф.ғ.к., доцент, «Қазақ тілі және әдебиет кафедрасы»,  
ПМПУ, Павлодар қ.  
БОРАНБЕК Ж. Ж.  
студент, ПМПУ, Павлодар қ.

Тілім менің мақтанышым... Тіл тағдыры-ел тағдыры. Қазақ тілі ең бай әрі көркем тіл. Қазақ тілі – әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданатын халықтың саны аз демесеніз, бұл тілдің күдіреті ерекше. Тұрсынжан Шапайдың «Қазақпен саудаласу» атты әңгімесінде қазаққа деген жаны

ашитындығын, көршісінің баласын қазақ тілін үйренуіне себеп болғысы келгені туралы айтылады. Сол әңгімеден бір үзінді:

«Әрбір қазақтың аты ғана емес, заты да қазақ болса екен деймін. Бұл – ұлтыма деген сүйіспеншілік пе, әлде тамаққа тойып алған соң, сағыз шайнайтынын сияқты, жай үйреншікті әдет пе – мен ол туралы ойлаған емеспін.

– Балаңызды қазақ мектебіне ауыстырсаңызшы! – деп өтіндім көршімнен бір күні. Көршім ойланып қалды.

– Жалпы... айтқаныңыз дұрыс, балаға ана тілін білу де артық болмас еді... Заман талабы солай сияқты ғой қазір...

– Ендеше, не тұрыс? Алыңыз да, беріңіз балаңызды қазақ мектебіне.

– Әйеліммен ақылдасып көрейін, – деді көршім...

– Әйеліммен ақылдастым – балам... бір ауыз қазақша білмейді екен, – деді ертеңіне көршім.

– Түсіңкті... Онда былай істейік. Менің бір жақсы танысым бар. Қазақша үйретуден алдына жан салмайтын жақсы маман. Балаңыздың күніне болмаса да, күнара бірер сағат уақытын қиып, сол маманды жалдаңыз. Әрине, азын-аулақ ақысын төлеп тұрасыз – балаңыз келесі жылы қазақ мектебіне дайын болмаса... қазақ болмай кетейін!

– Ойланайын, – деді көршім. – Әйеліммен ақылдасайын...

– Болмайды екен, – деді келесі күні көршім. – Өзіңіз ойлаңыз, баламның жарты күні мектепте өтеді. Күніне қосымша үш сағат мұғалім жалдап, ағылшын тілін үйретеміз... Баламыздың сурет салуға бейімі бар сияқты – мұғалім жалдағамыз... Фото-үйірмеге қатысады... Арасында теннис, су бассейні... Кешке компьютермен айналысады... Бір минут артық уақыты жоқ... Оның үстіне, бәрі – ақылы... өзіңіз білесіз...

– Жақсы! – дедім мен кенет бір оқыс шешімге келіп. – Өзім-ақ үйретем! Тегін үйретем! Күніне жарты сағат... жарты-ақ сағат уақыт тауып беріңіздерші балаға. Күндіз болсын, түнде болсын, бәрібір... Тек жарты сағат!

– Болмайды ғой... Көршім осыны айтып, бұрылып кете бергенде, жандәрмен иығынан тартып, құшақтай алдым.

– Айналайын, көрші-еке! Садаған кетейін, қандасым! Сен күніне үш сағат ағылшынша үйрететін мұғалімге қанша төлейсін, осы?

– Осынша, – деп, көршім әжептәуір ақшаны атады. – Оны неге сұрадыңыз?

– Құлың болайын, бауырым! – дедім жалынышты үнмен дегбірім кетіп. – Міне, мынау – тура сонша ақша! Мен тегін үйретпеймін, мен үйреткенім үшін сізге ақы төлеймін... Тек күніне жарты сағат... жарайды, он бес минут... он бес-ақ минутын қиыңызшы. Балаңыздың ақшасын уақтылы төлеп тұрайын... азырқансаңыз, одан да көп төлейін... Он бес минут! Тек он бес минут! Көршім не айтарын білмей, аңырып тұрғанда, әжептәуір ақшаны умаждап, қалтасына тыға салдым. Тыға салдым да, көршім есін жиып, айнып кетпей тұрғанда, тездете басып, ұзай бердім.

Көршім ертесіне келіп: – Болмайды екен... – деді күмілжіп. – Әйелім айтты: «бір үйге қазақша білетін бір мәмбет жетеді» деді... Мені айтады... Сосын айтты: «көрші, немене, бізді қайыршы деп ойлай ма... сыймай бара жатқан шірік ақшаларын алсын да, бүктеп-бүктеп бір жеріне тықсын... тура солай деп айт!» деді... Кешіріңіз... Сосын айтты: «біреудің отбасылық шаруасына қол сұға беретін болса, сотқа арыз берем» еді... Сау болыңыз! Көршім кешегі «шірік» ақшаны қолыма ұстатты да, шығып жүре берді... Мен шабан миыммен, қапелімде көрші айтқан сөздерді қорыта алмай, есенгіреп біраз тұрдым. Иә... Көршім «болмайды екен» деді... Тағы не деді? Иә... әйелі «сотқа беремін» деген сияқты... [1].

Бұл үзіндіден көріп отырғанымыздай бұл отбасында ерін әйелі билеп, қазақтың тіліне деген өзінің менсінбеушілігін көрсетеді, қазақ тілінің керек қылмайтындығын, озбырлығын көреміз. Сол менсінбеушіліктен ол баласына қазақ тілі керек емес деп, баласына ешқандай да жағдай жасағысы келмейді, өз тілін үйренуге және өз ана тілін үйретуге құлқы мен ниеті жоқ. Одан гөрі баласына шет тілін үйретуді жеңіл көріп тұр. Неге олай... ? Осы әңгімеден байқағанымыздай тегін оқытамын десе де қазақ тілін үйренгілері келмейді. Керек десеніз, әңгіме барысында өз ана тілін баласына үйретпеу үшін, мың түрлі сылтау айтып, ақыр аяғында үйін сатып, басқа жерге көшіп тынды. Не деген сорақылық десенізші. Қазіргі уақытта қазақ тіліне деген қызығушылықтан гөрі басқа тілге деген қызығушылық көп болып тұр. Әрине, басқа шет тілін үйрену қажет. Егер өз тілінді керек қылмасаң, өз-өзінді құрметтемегенің. Өз тілін құрметтемеген кісіні кім құрметтейді?! Қазақ тілін қазір қадірлемесек, керек қылмасақ, тіліміздің тағдыры не болмақ?!

Тіл -кез келген халықтың дара жаратылысын айқындайтын бірден-бір бедер-кескіні, тіл-оның тәжірибесінің, танымының, мәдениетінің, тарихының тоғысқан тірек-тұтқасы, дербес айнасы,

ең соңында тіл-ұлттық эмоциялы сезімдерінің жай тартқышы және мәңгілік зердесі [2, 116].

Ана тіліміздің алтын бесігі – қазақ отбасы. Егер қазақ отбасы ана тілін өз бесігінде әлдилеп өсірмесе, ұясынан көкектің балапанын ұшырған құс сияқты боламыз. Қазақтың үйінде өскенімен, аты- қазақ, заты- басқа болып, елімізде өзгетілді кеңістікті қалыптастыруға қызмет етіп, өзгенің тілінде сайрап жүрген қандастарымызды көргенде ауыр күй кешесің. Отбасының тілі, тәрбиесі қазақша болмайынша, біз де көкектің жұмыртқасын басып шығарған аңқау ұябасардай болып қала береміз. Ұрпақтарын қазақ тілінен өзге бірнеше тілді меңгеруге тәрбиелеп жүрген білімдар ата-ана ертең ел тізгінін ұстайтын бүлдіршіндерін, «сыночек», «дочурка», «племянник», «племянницаларын» туғанынан «ұлым», «қызым», «немере-жиендерім» деп атап, «құлыным», «ботам», «күнім», «айым» деп еркелетіп өсірсе ғана, олар уызға жарып өсіп, ана тілінде сөйлейді, ұлтымыздың тілі өміршең болуына негіз қаланады.

Әр қазақ отбасы – ұлт тілінің кіші отаны. Ана тілінде сөйлейтін әр ұл мен қыз – қазақ тілі, қазақ ұлты деген тұтас ағзаны құрайтын бір тірі жасуша немесе оның бойына қан таратып, жан бітіріп тұрған алпыс екі тамырдың бірі. Бір қазақ баласының өзге тілде тілі шығып, өз тілінен ажырап қалуы – ұлт тілі үшін бір жасушасының жансызданып, тамырының кесілуімен барабар. Баласына ана тілінде тәрбие мен білім бермеген, тілін меңгертпеген қазақ отбасы өз тілінің өркен жаюына емес, өрісінің тарылуына, өзге тілдің үстемдік құруына қызмет етеді [3].

Тәрбиенің негізі – тарихты білуден басталады. Біздің бүгін көп сөзбен түсіндіретін дүниелерімізді бабаларымыз бір ауыз сөзбен түйіндеп кеткен. Қазақ әдебиетінің негізгі бөлігі бізге ауыз әдебиеті арқылы жетті. Әрбір сүбелі сөз айтатын биіміз жан-жақты, өнерлі болған. Суырып салма ақын, күйші, палуан болу кез келген қазақтың бойына қанмен берілген. Кезінде «Елім-ай» сынды үлкен туындыны жазып, тарихи шығарма арқылы сол дәуірдің ауыр картинасын көз алдымызға елестете білген Қожаберген жыраудың осы туындысын оқыған әр қазақ бойында намысы болса елдіктің жолында кешкен қиындықтардың аз еместігін білуі тиіс. Қожаберген Толыбайұлы өмірінің 60 жылын елінің тәуелсіздігі үшін күресіп, ат үстінде өткелген. Ол қазақтың көп батырларының бірі ғана емес, бірегейі. 1688–1710 жылдары ширек ғасырға жуық қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған сардар, бек, ордабасы, қолбасшы.

Халықты сақтайтын – тіл, дін, дәстүр. Осман империясы ыдырағанда түрік халқын күйреп кетуден сақтаған осы тілі мен діні.

Біз де сондай қиын шақтарды басынан өткерген халықтың ұрпағымыз ғой. Қазақтың ірісі, бас көтергенінің бәрі атылып, айдалып кеткен кез өтті. Жоғалтып ала жаздаған қазақ дәстүрі арамызға қайта оралды. 1928–29 жылдары саны 7 млн. болған халқымыздың 1932–33 жылдары 2,5 миллионы аштықтан қырылды. Қожаберген жыырау «Елім-айды» жазған 1723 жылы жан-жағымыздағы алыптар қазақтарды жоңғардың қолымен өлтіріп, мына жерлерді бөліп алмақшы болған. Кезінде Қаз дауысты Қазыбек бидің Қалден Серенге айтқан:

«Біз қазақ деген мал баққан елміз,  
Ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз!  
Еліміздің құт-береке кашпасын деп,  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,  
Найзасына үкі таққан елміз.  
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,  
Басымыздан сөз асырмаған елміз,  
Досымызды сақтай білген елміз,  
Дәм-тұзды ақтай білген елміз.  
Асқақтаған хан болса,  
Хан ордасын таптай білген елміз.  
Атадан ұл туса,  
Құл боламын деп тумайды.  
Анадан қыз туса,  
Күң боламын деп тумайды» – деген сөздерінің астарына

тереңірек үнілу керек.

Өзіміз ешкімге соқтықпай, ел амандығын тілеген халық едік. Жоңғарлар осы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы алдындағы соғысқа сегіз жыл дайындалған. Қаратаудың түбінде нағашысына барған Қожаберген батыр отбасымен кетіп бара жатқанда, жау шабуыл жасап, екі баласы өлген. «Елім-ай» қанмен, көздің жасымен жазылған шығарма. Әр жолында дерек тұнып тұр. Үніліп оқыған адам көп дүниенің мәнісіне басқаша баға берер еді. 3883 жол, соның бізге жеткені 40 пайызы ғана. Оның өзі Сегіз сері, Ыбырай Алтынсарин, Міржақып Дулатов, Ермұхан Бекмаханова Мәшһүр Жүсіптің арқасында жетті. Президенттің «Мәңгілік ел» жасаймын деуінің мәні тереңде. Бұл біздің таңдаған жолымыз. Мәңгілік елдің тілі – қазақ тілі. Тілді білу – қатынас құралы үшін ғана емес, ол болмысты танудың кілті [4.].

Өзіміздің кей адамдарымыз қазақша дұрыс білмесе не сұраймыз? Қазіргі кезде әлеуметтік желілерде: «Russian speaking Chinese» деген сөздер жүр екен. Яғни, орысша сөйлейтін Қытай дейтін мағынаны білдіріп тұр. Бұл сөзді біздің елімізге келген шетел азаматтары айтады

екен. Неге бізге қазақша сөйлеу ұнамайды? Бұл құлдық сана ма, әлде қазір орысша сөйлеу сән бе? Орысша біл, ешкім білме деп жатқан жоқ, Ресейге барып орысша сауатты сөйлеу жақсы нәрсе, бірақ өз тілінді де құрметте. Енді бір қарапайым нәрсе, банкоматтан төлем көртішкеніңізден ақша алған кезде көп қандастарымыз «қазақша, орысша, ағылшынша» деген пәрмендер шыққан кезде орысша пәрменді таңдайды екен. Сонда қазақша деген пәрменді таңдау қиын болғаны ма... Егер қазақ тілі жойылып кеткен жағдайда біз қай тілде сөйлейді екенбіз... Осы сұрақ мені толғандырады, ойландырады. Жағдайды бір сәт көзге елестетіңізші...

Тіл өлсе-ұлттың да өлгені, жойылғаны. «Өзге -тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте», – дейді атам қазақ. Біз өз тілімізде сөйлеп, келер ұрпаққа қазақ тілінде тәрбие беріп, тіліміздің тарихы туралы мұра қалдыруға тырысуымыз керек. Себебі тіл туралы қалдырған мұрамыз келешек ұрпақ үшін ең қажетті құндылық, сол құндылық арқылы ұрпағымыз тілімізді әрі қарай дамытады және өздерінен кейінгі ұрпаққа жеткізеді. Мысалы, «Күлтегін», «Оғыз-нама» дастандары Орхон жазулары, руна жазулары қазіргі күнде түркі халықтарына тән құндылықтардың көзін ашып отыр. Егер біз жастар қазақ тілінде сөйлеуді сән қылсақ, тек қазақ тілінде ғана сөйлесек, ол ағылшын тілі, орыс тілі сияқты құрметке ие болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Т. Шапай. «Күлкі және көз жасы» кітабынан үзінді. // abai.kz ақпараттық портал. 4 сәуір, 2014 жыл. – URL:<https://abai.kz/post/38021>
- 2 Ш. Айтматов. Тіл жоқ жерде ұлт жоқ // «Жалын», 1989, № 6, 11-бет.
- 3 Шерубай Құрманбайұлы // Ана тілі. 12-18 шілде 2018 жылы, № 28 (1442). -1 бет.
- 4 А. Б. Тасболатов Тіл, дін, дәстүр – халықтың басты тірегі. // «Тіл». – 2014. – № 2 (53). – 23-24 беттер.

## А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЕСЕНБАЙ А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

*«Адамдық диқанышысы қырға шықтым,*

*Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.*

*Тұқымын адамдықтың шаптым, ектім,*

*Көңілін көтеруге құл халықтың.»*

*А. Байтұрсынұлы*

Халқымыздың біртуар перзенті, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Алаш» партиясының, «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, түркітанушы, әдебиеттанушы [1, 112 б.]. және Сәбит Мұқанов айтпақшы «Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам- Ахмет».

Ахмет Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, яғни араб алфавитінің негізінде ұлттық әліппеге реформа жасап, өзгеріс енгізуі, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы және оның негізгі салаларын: дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері өз замандастары тарапынан лайықты бағасын алып қана қоймай, күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ [1, 122 б.].

Үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарына дейін қазақта ұлттық әліпби жоқ болатын. Бұл кезге дейін өзге көршілес түркі халықтары сияқты, қазақтар да араб таңбаларын қолданып келді, бірақ ол қазақ жазуы емес, араб жазуы-тын. Сондықтан:

Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,

Жол сілтедім, жақын емес, алысқа.

Өзге жұрттар өрге қадам басқанда,

Дедім сен де қатарыңнан қалыспа,

– деп, халқының болашағын тереңірек ойлаған Ахаң. 1910 жылдардан бастап қазақтың өз жазуын жасауды, сол жазумен оқытатын оқулық, құралдарды тұңғыш рет дүниеге келтіруді қолға алады. Қазақтың ұлттық жазуын түзу үшін сол әліпбидің қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сай келетіндігін көздеу керектігін де ғалым

жақсы біледі. Ал қолданып отырған араб әліпбиін дәл осы қалпында қазақ тіліне икемдеп, қайта түзуге кіріседі.

Ұлттық әліпбиді жасау қолдан келгенмен, бұған ғалымның білімтанымы жеткенмен, оның қажеттігін, жөн-жосығын, дұрыстық-түзулігін дәлелдеу, өзгелерге түсіндіру сияқты қыруаршаруаны жүзеге асыру керек. Сондықтан А. Байтұрсынұлы ғалым, зерттеуші ретінде қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер жайындағы пікірлерін 1912 жылдардан бастап «Айқап» сияқты журнал мен «Қазақ» сияқты газеттің беттерінде білдіре бастайды. Өзгелермен айтысады, өз жобасын ұсынады, оны түсіндіреді. Әліпбидің өзі ұсынған жобасында араб тіліне тән дыбыс таңбалары алынбайды, оның есесіне қазақ тілінде бар дыбыстарының таңбаларын қосады. Ең үлкен жаңалық: Ахаң әліппеге дәйекші дегенді енгізеді. Сөздің оң жақ шекесіне қойылатын дәйекші белгі сол сөздің тұтас жіңішке оқылатынын көрсетеді, ал бұл – алфавитті қазақ тілінің ерекшелігі болып саналатын үндестік заңдары – сингармонизм дегенге икемдеу амалы екенін көреміз. Мұндай икемдестіру өте қажет, өйткені қазақтың төл сөздері тұтасымен не жуан, не жіңішке дауысты дыбыстармен келетіндігін осы дәйекші арқылы көрсетуге болады. Дәйекші тұрса, сөз ішіндегі дауыстылар жіңішке болғаны. Сондықтан Ахаң: «Жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен дұрыстап жазуға болады» – дейді [2, 90–91 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы әліпбидің екі вариантың салыстыра, былай көрсетеді:

Түркі әліппінен қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен өзгертусіз, ережесіз тікелей алынған әріптер: а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, к, қ, г, н, л, м, н, и барлығы 19 әріп.

Латын әліпбиін алуға жасаған жобаға қарағанда (Қалел) жобасы, латын әліпбиінен қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен өзгертусіз, ережесіз, тікелей алынатын әріптер: А(а), б(б), d(д), l(л), m(м), n(н), o(о), p(п), r(р), s(с), t(т), z(з), k(к), g(г) – барлығы 14 әріп. Нақ тұспа-тұс келмегенмен жуықтығы барлықтан ержелеп икемдеуге келетін әріптер: t(т), j(ж), y(ы), l(и), u(y) – бесеуі.

Мұның үстіне дербес бір әріп келмегендіктен екі белгімен алынатын ш дыбысының әріпі sh(ш) бар.

Түрік әліпбиінен ережемен 4 әріп алынғанда, латын әліпбиінен ережемен 5 әріп алынатын көрінеді. Түрік әліпбиінен өзгертумен алынған әріп біреу-ақ; Латын әліпбиінен алғанда ондай әріп төртеу болатын көрінеді.

Екінші салыстыру жағынан әріп суретінің оңайлығымен, мүшесінің аздығымен жазуға жеңіл болады. Суретінің оңай қиындығы да мүшесінің аз-көбі де қалам сермеуімен өлшенеді.

Қаламның бір сермеуімен жазылатын әріп екі сермеумен жазылатын әріптен шапшанырақ жазылады, қаламның қысқа сермеуімен жазылатын әріп ұзын сермеуімен жазылатын әріптен шапшанырақ жазылады.

Екінші сипат жағынан да түрік әліпбиі анағұрлым артық болып шықты. Түрік әліпбиінде қалам сермеуі 41, латында 53. Түрік әліпбиіндегі сермеудің көбі нүкте сияқты қысқа сермеу. Қысқа сермеулі әріп пен ұзын сермеулі әріпті жазуы бірдей болмайды.

Жақсы әліпбидің үшінші қасиеті баспаға қолайлығы. Бұл жағынан бәйгені латын әліпбиі алады.

Жақсы әліпбидің төртінші қасиеті үйретуге жеңілдігі:

1) әріптерінің пішіні саралығымен; ә) баспа түрі мен жазба түрінің жақындығымен; 3) жазуға шеберлікті онша керек қылмауымен [3, 78–79 б.].

Түрік әліпбиінің латын әліпбиінен кем жері баспа түрінің дара болмай, тіркес болғандығы. Басқа жағынан көбінесе түркі әліпбиі болып шықты. Баспа түрін дараласақ, ол жалғыз кемшілік те жоғалмақшы. Әріпті даралау түрік әліпбиін тастап латын әліпбиін алудан әлбетте оңай болса керек.

О жақ бұл жағына қарап латын әліпбиіне қызығарлық еш нәрсе таба алмаймыз. Латын әліпбиін алғанда, келтіретін пайдасы жоқ болмақ, істейтін зияны көп болмақ. Зияны сол – бұл «сау басқа сақина тілеп алуда» болмай ауру үстіне ауру тілеп алу болады. Біздің осы күнгі ауруымыздың зоры: мешел өскендіктен мәдениет жүзіндегі мешеулігіміз, надандық, сауатты адамдардың, іс қыла білетін адамдардың аздығы, қаржысыздық, тағысын тағы мәдениет жағынан кемшіліктер. Сол аурудың үстіне латын әліпбиінің ауруы келіп жамалмақ [3, 80–81 б.].

Қазақ-қырғыз білімпаздарының съезі, әліпби түзеу туралы жасалған баяндаманы талқыға салып тексергеннен кейін, жаңа осы күнгі тұтынып жүрген түрік әліпбиін тастап, латын әліпбиін аламыз деген пікірдің де дұрыс-терісін тексеріп қарағаннан кейін, – мынау қарарды шығарды:

1 Қазақ тұтынып отырған түрік әліпбиінің баспа түрінің дара болмауы баспа істеріне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатын болғандықтан – ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік әліпбиінің өзін түзету өзге әліпби алудан анағұрлым оңай болғандықтан:

Түрік әліпбиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып басасын дара түрінде алу керек.

2 Латын әліпбиінің түрік әліпбиден артықтығы жалғыз-ақ даралық жағынан болмаса, басқа жағынан қолайсыз кемшіліктері көп болғандықтан, ол артықтығы да түрік әліпбиінің баспа түрін дараласақ жоғалатын болғандықтан, жаңа да латын әліпбиін жүргізу жұмысы өте көп іс, көп күш керек қылатын болғандықтан, – латын әліпбиін алу деген сөзді ауызға алмасқа керек [3, 91–92 б.].

Бұл Ахмет Байтұрсынұлының және замандастарының сол кездегі ойлары мен зерттеулері босла, қазіргі кезде латын әліпбиін қазақ халқының қолдануы мен оның маңыздылығын тарихи түрде зерделеп, оның латын әліпбиіне көшуінің тиімді жақтары көп екенін көруге болады.

Қазақша жазу ережелері тақырыбты бұл уақытқа шейін ұсынылған түрлі жобалар бар. Олардың әрқайсысын өз алдына тексеріп шешуіміз керек; ол жобаларды тексергенде, біздің ұстанған негізгі жолымыз дыбыс жүйесі болуға тиіс деп Елдес Омаровтың «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сінесі» деген кітабында басылып шыққан қазақ әліпбиінде болатын сөздер жайлы баяндамасын қазіргі латын қарпіне негізделген әліпбимен салыстыра отырып:

1 «х», «ш», «ф», «һ» әріптері қазақ әліпбиінен шығарылсын, бұл төрт әріп бізде болмасқа тиіс деп көрсетеді. Бірен-саран «ау-хау», «ахау», «ах», «үух» секілді одағайларда болмаса, «х» мен «һ» да кездесе бермейді. Білім кеңесі бұл төрт әріпті қазақша әліпбиге кіргізгенде, - «һә», «харф» «шарт» сықылды жат сөздер үшін кіргізген. Бұнысын қате деп санап, мүлдеп кіргізбеуін ұсынған. Қазіргі латын қарпіне негізделген әліпбиде бұл төрт әріп те сақталған.

2 Жұбанұлы Құдайберген сөздің басында «аа», «ы», «ү» – лардың алдында көмескі естілетін дыбыс бар, – деп, оған «әмзе» деп ат қойған. Сөздің басында келетін «о» – ның алдында жарты дауысты «у» бар деп, «от», «өгіз», «орақ» деген сөздерде «уот», «уорақ», «уөгіз» деп айтылады деген сөзін бір жағынан дұрыс та болар деп, бірақ сөздің басында айтылатын және ортасында айтылатын бұл дыбыстардың айырмасы аз деп, ондай айырмаларды таңбалаудың қисыны жоқ, сондықтан сүйеу таяқты жоғалту керек деп, оны құп көрмейді. Қазіргі әліпбиімізде бұл тұрғыға сүйеніп жазу жоқ.

3. «қ» мен «к» бір дыбыс, «ғ» мен «г» бір дыбыс, «к» мен «к»-нің орнына бір әріп, «ғ» мен «г»-нің орнына бір әріп, болса жарайды, – «қ» мен «г», «к» мен «ғ»-ның жұмсақ түрі – «қ» мен «ғ» дәйекшесіз, «к» мен «г»-ні сөздің алдына дәйекші қойып жазатын болсақ, әріптің



саны кеміп жазу жеңілденеді деушілер, олардың жінішке және жуан түрлері бар дейді. Ал Елдес Омарұлы бұлардың төртеуіне әріп арнағанымыз дұрыс деуі, қазіргі әліпбиімізде орын алып отыр.

4 Әліпбидің қазіргі түрінде «у» мен «и» болып жүрген әріптер «ұу», «ыу», «ій» болып бір дауысты мен бір дауыссыз дыбыстың тізілгенінен болған сөз буынын орыстың ұзын «у»-і мен ұзын «и»-не ұқсатып екі дыбысты бір әріппен жазуды қолданбауды ұсынған. Ұсынып жүрген жобасы: «у» мен «и» дауысты дыбыстардан соң жарты дауысты делінсін де, дауыссыз дыбыстардан соң дауысты делініп, оорыстың дауысты «у» мен «и»-інше оқылсын деген жоба бізге үлгі бола алмайды деген.

Және де Е. Омаровтың дауысты-дауыссыздарды да бөлуі қазіргі әліпби қарпін орнымен бөлі өзге болып келген:

I. дауысты: а, о, ұ, ы, е;

II. жарты дауысты: у, и, р;

III. дауыссыз:

1 қатаң: б, п, т, ч, д, с, ғ, қ, к, г;

2 ұяң: м, н, ң;

3 ымыралы: ж, з;

4 ымырасыз: л.

Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілінің жаңа әліпбиінің жобасын талқылауға жетекші қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми орта мен қалың жұртшылықтың белсенді түрде атсалысқанына назар аударып, барша қазақстандықтарға алғыс айтты.

«Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталы латын әліпбиінің алғашқы нұсқасындағы даулы мәселелерге белсенді үн қосып, жүйелі түрде мақалалар жариялаған болатын. Әсіресе, Қазыбек Исаның «ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ ҚАЗАҚ ҮШІН ЖАҢАРУЫ КЕРЕК» деген, елден ерекше қолдау тапқан терең талдау мен қазақтың төл дауысты дыбыстарының қос әріппен белгіленуіне -диграфтарға қарсы шығып, оларды белгілеудегі ұтымды ұсыныстары жаңа жобада жақсы көрініс тапқанын көріп отырмыз.

Сөзіміз құрғақ болмас үшін ұсынған нұсқаны келтіре кетейік: «Мысалы, «Ә» әрпін А', «Ө» әрпін О', «Ү» әрпін U', «Ғ» әрпін G', «Ң» әрпін N', «І і» әрпін I i, «Ш» әрпін S', «Ж» әрпін Z' деп, апокрифпен белгілеуге болмай ма? Бұл апокрифтер, ноқат дейміз бе, латын жазбасында, компьютер пернетақтасында да, кез келген смартфонда да бар таңба» – деп жазады Қазыбек Иса Qazaquni.kz порталында 2017 жылғы 12 қыркүйекте жарияланған аталмыш мақаласында.

Осы ұсынған нұсқадағы 11 әріптің 9 әріпі жаңа нұсқада қабылданыпты. Біз соған қатты қуанып отырмыз [4].

Латынға көшу дегеніміз ең алдымен бізге шетелдік технологияларды игеруге, меңгеруге және қазақ тілінің өрсін кеңейтуге септігін тигізеді. Олай деп айтуымызға әлемдегі ең өзекті ақпараттардың 70 %-ы қазіргі күнде латын әліпбиімен, латын графикасымен беріледі. Онымен қоса жүзден аса мемлекет қазіргі кезде латын әліпбиін қолданып отыр. Бұл латын тілінің экономикалық және технологиялық тұрғыдан тиімділігін айқындайды.

Бүгінге дейін латын қарпіне негізделген жаңа қазақ әліпбиінің дайын 10 нұсқасы бар еді. Сөйтіп, 2017 жылы 9 қазанында қазақ тілінің жаңа латын әліпбиі ұсынылып, сол жылдың 26 қазанында алфавит ресми түрде мақұлданды.

Белгілі ресейлік тарихшы және журналист Николай Сванидзенің Қазақстанды латын әліпбиіне көшіру туралы пікірін «Эхо Москвы» радио эфирінде: «Қазіргі таңда әлем латын тілінде жазады және сөйлейді. Егер жас қазақстандықтар болашақта мансап жасағылары келсе, я болмаса компьютерлік ғылыммен айналысатын болса, онда әрине, олар үшін кириллицадан гөрі латын тілінде оқуға барынша тиімді болып табылады. Бұл оларды әлеммен жақындастырады. Егер Қазақстан бұрын Ресей империясының құрамында болған кезінде олар кирилл қарпін қолданды, енді Қазақстан өзін әлемнің бір бөлігі ретінде қарастырады, сондықтан олар үшін бұл үнемді», – деді журналист [5, 91–92].

Осыдан тура 5 жыл бұрын, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жасаған болатын. Сонда былай депті: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» [6].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 «Алаш әдебиеттануы» / Ісімақова. А. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017

2 «Туған тіл» / Рабиға Сыздық – 2010, – № 1

3 «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі» / Ш. Құрманбайұлы – Қырғыз мем. Баспасы, – 1925

4 «Әл-Фараби атындағы ҚҰУ хабаршысы» / Асаубек С. С. – 2018 – № 1(64)

ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС:

5 <https://qazaquni.kz/2017/10/10/75715.html>

6 <https://www.qamshy.kz/article/biz-latinshagha-koshemiz-be-degendi-emes-qalay-koshemiz-degen-maseleni-talqilawimiz-kerek.html?ln=arb>

## АРАБ ТІЛ БІЛІМІ

ЕСЕНБАЙ А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Әрбір халықтың тілін сол елдің дүниетанымы, мәдениеті мен тарихы, салт-дәстүрі арқылы меңгеруге болады. Өзге тілді неғұрлым көп меңгерген сайын, соғұрлым дүниетанымы кеңейіп, рухани байи түседі» Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Араб тілі – семит тілдері тобының (эфиоп, иврит, аккад, арамей) ең бай тармағы болумен қатар, әлемдегі негізгі тілдердің біріне айналды. Қазір бұл тілде жүз елу миллионнан астам адам сөйлейді. Араб тілі – Кувейт, Біріккен Араб Эмираттары, Оман, Йемен Араб Республикасы, Сирия, Египет, Тунис, Алжир секілді тағы басқа да көптеген елдердің мемлекеттік ресми тілі. Сондай-ақ ол Түркия, Пакистан, Иран, Ауғанстан, Сомали секілді елдерге де кең тараған.

Араб тілі орта ғасырларда Үндістан мен Атлант мұхиты аралығында өмір сүрген халықтар арасында кең қанат жайған. Өйткені VII ғасырдың ортасынан бастап ислам дінінің таралуына байланысты араб тілінің ролі де бірте-бірте күшейе түседі. Сөйтіп араб тілі ғылым, білімнің тілі болып дәуірлеп тұрған кезде Бағдатта қазіргі Ғылым академиясы сияқты «Байт әл-хикма» («Даналық уй») деп аталған білім ордасының іргетасы қаланды. Платон, Аристотель, Евклид, Гален секілді көне грек оқымыстыларының туындылары араб тіліне тәржімаланып, оларға түсіндірмелер жазылды. Зерттеу жүргізілді. Мол қолжазба қоры жасалды.

Классикалық араб тілі сандаған ғасырлар бойы Орта және Кіші Азия, Таяу және Орта Шығыс, Закавказье, Солтүстік Африка мен Оңтүстік Испания халықтарының өзара қатынас құралы болды.

Тіпті күні кешеге дейін (1929 ж.) қазақ халқы да өзге түркі тектес халықтар сияқты, араб графикасын пайдаланып келгені белгілі.

Араб жұртында ана тілін зерттеу мәселесіне орта ғасырлар кезінде-ақ айрықша мән беріліп, араб тілі грамматикасын зерттейтін Абу-л-Асуад ад-Дуали негізін салған тіл ғылымы дүниеге келген. Бағдат, Басра, Куфа қалаларында араб тілін зерттейтін арнайы мектептер ашылды [1, 5–6 б.].

Араб елдерінің қай аумағын алсақ та, ұзақ жылдар аумағында өнеркәсіп пен экономикалық қатынастардың, ғылым мен техниканың және идеологияда өзгеріс енгізе қойды деп айту қиын», дейді Белкин. Араб тілді қоғамда, өте көне кезенді есепке алмағанда, экономикалық, қоғамдық, саяси және мәдени өмірінде түбегейлі өзгеріс болмаған. Сондықтан араб тілінің фонетикасы мен грамматикасы өзгеріске түспей, консервативті сипат сақтап қалған.

Араб тілінің сөздік қоры өте бай. Омонимдер мен минимдер қатары да өте көп, әсіресе, етістік формалары, сөздің көп мағыналылығы мен тұрақты сөз тіркестері ерекше дамыған.

Есімдердің бәріне септік (атау, ілік, табыс), халдік (белгілі, белгісіз), тектік (музәккар, муәннас), сан-мөлшер (жекеше, екілік, көпше) категориялары тән. Араб етістіктері бабтарға – морфологиялық типтерге бөлінеді. Олар қазақ тіліндегі өздік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс мағынасымен сәйкес келеді. Құрылысы жағынан араб тіліндегі етістіктер толымды және толымсыз етістіктер болып екіге жіктеледі.

Алдымен, фонетикалық тұрғыдан қарасақ, араб тілінде 34 дыбыс бар. Олардың 28 – дауыссыз да, 6 – дауысты дыбыс.

Араб тілінің дыбыстық жүйесі қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен едәуір өзгеше: бірқатар дыбыстар қазақ тіліндегі дыбыстармен сәйкес келсе, енді бір тобы қазақ тілінде мүлде кездеспейді.

Араб алфавитінде бас әріп жоқ және әріптердің баспаша түрімен жазбаша түрі бірдей деуге болады. Сөз оннан солға қарай жазылады және оқылады. Жасалу орны жағынан көмейлік хамза алфавит құрамына кірмейді.

Араб тілінде сөздің дыбыстық жағы мен әріптік құрамының едәуір айырмашылық бар. Мәселен, қысқа дауыстылар жазуда белгіленбейді, артикль көршілес дыбыстың ықпалымен өзгеріп отырады және т.б. Харакаттары қойылмаған сыртқы графикалық формалары бірдей сөздерді түрліше етіп оқуға болады. Мысалы: (китабун) – кітап, (киттабун) – жазушылар.

Араб тілінің қазақ тіліне ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі – сөйлеудің әрбір тыныс алу кезінде айтылатын ырғақтық топтарға бөлінуінде.

Жазу барысында араб әріптері сөз құрамындағы орнына қарай өзгеріп отырады. Алфавиттегі әріптердің 22-сі 4 түрлі көріністе (сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында және жекеше түрде) жазылады. Қалған 6 әріп 2 көріністе жазылады [1, 14–16 б.].

Лексикологиясына келсек, арабтың жекелеген сөздері мен лексикологиялық мәселелеріне қатысты теориялық мәселелер XI ғасырдан бастап осы күнге дейін араб тіл білімінің фиқһул луға (fiqh al-lugah) деп аталатын бөлімінде қарастырылып келеді. Фиқһ сөзін жеке алып қарастыратын болсақ, бірдене туралы пайымдау, бір нәрсенің мәні туралы білім, бір құбылыстың философиясына байланысты және оны пайымдауға байланысты айтылатын ұғым ретінде түсінуге болады.

Араб лексикологиясының алғашқы және анағұрлым белгілі еңбектерінің қатарында X ғасырдың соңы мен XI ғасырдың басында пайда болған еңбектер аталады. Олардың ең беделдісі – Ибн Жиннидің «Әл-Хасаис» атты еңбегі.

Бұл еңбекте араб тіл білімінің сөз бен сөздің байланысы, мағынасы, сөздің сөзжасам құрылысы, аналогиясы мен аномалиясы, сөздердің варианттылығы, сөз мағынасы мен оның қолданылуына байланысты мәселелер.

Екінші аталатын еңбек – Ибн Фаристің «Ас-Сахиби» атты кітабы. Мұнда грамматикалық, филологиялық, лексикологиялық, семасиологиялық мәселелер қысқа да нұсқа қарастырылған.

Сонымен қатар, арабтанушылар үшін Саалибидің жазған «Фиқһ әл-луға уа асрар әл-арабиййа» («тілдің мәнін түсіндіру және араб тілінің қасиеттерін тану») атты кітабының өз орны бар. Бұл еңбекте араб лексикасына жасалған классификация өте қарапайым және түсінікті жазылған.

Араб ғалымдары лексикология мәселесін көтере отырып, мынадай терминдерді кіргізді:

Al-haqiqa – сөздің тура мағынасы

Al-majaz – сөздің ауыспалы мағынасы

Al-mustarak al-lafzyi – омонимия

At-taraduf – синонимия

At-tadad – энантиосемия [2, 8–13 б.].

Сөзжасамға келсек, араб тілінде сөзжасамды «әл-иштиқак» деп атайды. «Әл-иштиқак» араб тіл білімінде екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасы сөздің мағынасын талдау үшін

оның түбірлік негізін және этимологиясын анықтау болса, екінші мағынасы жаңа лексикалық мағынаға ие болған жаңа туынды сөздермен байланысты. Бұл теорияны ең алғаш ибн Джинни ұсынған. Бұл ғалым сөзжасам екі түрлі «әл-иштиқак ас-сағир» және «әл-иштиқак әл-кабир» болады деген.

Белкин өз еңбегінде араб сөзжасамын төрт түрлі деп көрсетеді. Белкин ұсынған теорияға назар аударатын болсақ, алғашқы үш түрі араб ғалымдарының теориясына сәкес келеді. Біріншісі кіші немесе қарапайым сөзжасам «әл-иштиқак ас-сағир» деп аталады. Бұл типке бір сөзден формасы өзгерген екінші сөз туып, түбірлес дауыссыздары сақталған және мағыналық жағынан байланысы бар сөзжасам жатады.

Сөзжасамның екінші типі үлкен сөзжасам «әл-иштиқак әл-кабир» деп аталады. Мұндай типке түбірлерінің бір дауыссызы өзгерген, бірақ түбірдің орын тәртібі сақталған және мағыналары бірдей сөздер жатады. Мысалы: хатара-хатала (алдау), сафаха-сафака (төгу, ағызу), жәдәс-жәдәф (мола, зират). Бұл теорияға Ибн Сиккит өзінің «кітаб әл-ибдәл» атты еңбегінде фонетикалық негіздеме берген. Қазіргі тіл білімінде түбірдегі дауыссыздардың ауысуын аллотеза деп атайды.

Үшінші тип «үлкенірек сөзжасам» «әл иштиқак әл-кибар» деп аталады. Бір сөзден екінші сөздің түбірдегі дауыссыздардың орнын ауыстыру арқылы мағынасын сақтай отырып жаңа сөзжасам пайда болады. Мысалы: мадаха – хамида (мақтау), ғабара – ғараба (кету), баъд – биъд (кейбір).

Кез келген араб лексикалық негізі екі морфемадан тұрады: а) сөздің ешқандай формасы жоқ дауыссыз дыбыстардан құралған түбір; ә) дауысты дыбыстардың кездесіп келуінен немесе дауысты және дауыссыз дыбыстардың комбинациясынан құралған, үзік-үзік аффикс болып табылатын модель.

Морфологиялық деривацияға келсек, оның үш тәсілі бар: 1) ішкі флексия арқылы жасалатын тілдегі модельдердің сөз тудырушы негіздерінің морфологиялық құрылысының өзгеруі арқылы жасалатын сөзжасамдық деривация; 2) сөзжасамдық аффикстену және сөз тудырушы негіздің морфологиялық құрылысын өзгертпейтін суффикстену; 3) әдетте сыртқы суффикстенумен комбинация болған кезде пайда болатын түбір косужәне оның бір түрі ретінде, әр түрлі сөздердің кейбір элементтерінің бірігуі арқылы түбірлік негіздің құрылуы (нахт). Бірінші тәсіл етістіктен және есімнен жасалған сөзжасамдарға тән және грамматикалық тұрғыдан алғанда сөздің бір таптан екінші тапқа ауысуы осы тәсілге байланысты болады. Екінші тәсіл есімнің

ішінде болатын сөзжасамға тән. Алғашқы екі тәсіл сөздің негізгі лексикалық морфемасының түбірі мен теңдігін сақтайды, ал үшінші тәсіл жаңа түбір тудырады [2, 55–57 б.].

Грамматикалық тұрғыдан қарастырсақ, жалпы қазақ тілінде жалғаулықтар сөздің аяғында жалғанып, суффикс деп аталса, араб тілінде сөздің басында болып, префикс деп аталады. Префикстар «Хуруф ал-мабани» және «Хуруф ал-мағани» болып екіге бөлінеді. Біріншісі «Хуруф ал-мабани» дегеніміз, ол жеке-жеке әріптер, өз алдына мағына бермейді. Ал екіншісі, «Хуруф ал-мағани». Бар префикстер сөздерге қосылып мағына береді.

Негізінен араб тілінде префикстер «ғатф», яғни жалғаулықтар, «жар», яғни есімге келсе, ілік септігін білдіреді және «шарт», яғни шартты сөйлемді білдіретін префикстар болып бөлінеді. Жалпы «ғатф» жалғаулығының анықтамасы есім мен есімді, етістік пен етістікті алдындағы келген сөзбен кейінгі келегін сөзді талдауда және мағынасын ортақтастырады [3, 24–26 б.].

Қазіргі кезде араб әдеби тілі – радио мен телевизия, баспасөз бен ғылым, әкімшілік қағаздары мен көркем әдебиеттің тілі.

Араб жұртында әдеби тілмен қатар күні бүгіндері өзіндік жергілікті диалектілер де бар. Араб диалектілері территориялық жағынан египет, сирия-ирак, арабия және мағриб диалектілері болып төрт үлкен топқа бөлінеді. Мәселен, солтүстік йемен диалектінде «купри» (түрік сөзі) – көпір; оңтүстік йемен диалектінде «рути» (үнді сөзі) – нан; сирия диалектінде «дүғри» (түрік сөзі) – тура; ирак диалектінде «балта» (түрік сөзі) – барша, күллі деген сөздер кездеседі. Ал өзге тілден енген «буя» (бояу), «дафтар» (дәптер) т.б. сөздер араб әдеби тілінде айтылып та жазылып та жүр.

Араб тілі иран, түркі тілдеріне де едәуір әсер етті. Мысалы, кейбір түркі мен иран тілдері сөздік қорының едәуір бөлігін араб тілінен енген сөздер құрайды. Ал қазақ тіліне енген араб сөздері шамамен он бес мыңға жуық. Оларды екіге бөлуге болады: біріншісі – қазақ тіліне араб тілінен тікелей немесе өзге шығыс тілдері арқылы (мұғалім, қала, дін, медресе т.б.), екіншісі – еуропа тілдері арқылы кірген сөздер (алгебра, азимут, адмирал, альманах т.б.) [2, 7–8 б.].

Мың жарым жылдың көлемінде тарихтың әр түрлі әдеби ескерткіштерімен қатталып келген араб әдеби тілі өзінің фонетикасы мен грамматикасының қаймағын бұзбай сақтап келгенімен, тілінде көптеген өзгерістер болды. Әдеби тілдің, сонымен қатар сөздік қордың тарихы экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірдің және әдебиеттің үнемі дамып отыруымен байланысты. Кез келген тілдің лексикасында

қоғамның ахуалы, оның экономикалық және қоғамдық-саяси даму дәрежесі, ал тарихи тұрғыда қоғамдық қатынастың өзгеруі мен өндіріс, ғылым және мәдениеттің дамуы көрініс табады [1, 27 б.]. Тіл – адамдардың ертеден қолданып жүрген қатынас құралы. Неміс лингвисті Август Шлейхер тілдің тірі организмдерден еш айырмашылығы жоқ, ол тірі организм секілді туады, өседі, қартайды, өледі дегені, қазіргі тілдердің қолданыста болуы және өсіп, өркендеуін қалай түсінсек керек?! Тілдің грамматикасы, фонетикасы, лексикасы көш бойында өзгерер, дегенмен де тіл болған, болады және бола бермек. Бұған Дальдің «Тіл – тұтас ұрпақтың ғасырлық еңбегі» деген ойы дәлел.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Б. С. Тасымов «Араб тілі» I бөлім, Алматы «Мектеп» 1988
- 2 Бәтінш Атабай «Араб лексикологиясы» Алматы, 2012
- 3 Серікхан ахмедиев «Араб тіліндегі жалғаулықтардың сөз мағынасына әсері» / «Алаш» № 4(37), 2011

#### МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ФОЛЬКЛОРДЫ ЖАРИЯЛАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ӘМІРЕНОВА Ү.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ фольклорын жариялау ісі алғашқыда бұқара көпшілікке арналып, бірте-бірте ғылыми-көпшілікті кең қамтуға ойысты. Жариялаудың мақсаты өзгеріп отырды. Фольклор мәтіндері тәрбиелік, ағартушылық мақсатта жарияланды. Зиялылар еңбектері оқулыққа енгізілді, хрестоматияларға кіргізілді, бірте-бірте эпостар жеке кітап болып, фольклорлық жинақтар шыға бастады.

XIX ғасырдың соңындағы ерекшелік-жетістік: жеке бір жырдың жеке кітап болуы, әр жанрға жеке жинақ арналуы. Сөйтіп баспадан материалдың жиналу шамасына қарай жеке жинақтар және тек қана бір салаға- көбінесе мақал мен ертегіге арналған сериялық кітапшалар шығарылып тұрды. Бұл баспа орындар әр деңгейдегі ғылыми аппаратпен қамтамасыз етілген. Жинақтарда шығарманың қазақша мәтіні мен оның орысша

аудармасына қоса мәтіннің орысша фонетикалық транскрипциясы да жиі беріліп отырды. XIX ғасырдың аяғында жинақталған материалдарды бір жүйеге келтіру және қорыту қажеттілігінің артуы қазақтың халық шығармашылығы бойынша алғашқы монографиялардың (Г. Н. Потаниннің «Ортағасырлық Европа эпостарындағы шығыстық сарындар») жариялануына және бірінші библиографиялық анықтамалардың (справочниктердің) шығуына себеп болды. Библиографтар бастамасының ішіндегі ең қомақтысы- А. Е. Алекторовтың «Қазақ туралы кітаптар және журнал, газет мақалалары мен ескерткіштер көрсеткіші» (1900) [1].

1910–1917 жылдары шыққан кітаптардың ақпараттық деңгейі әр түрлі болды:

1) Құр мәтіннің өзін жариялаған кітаптар (тек араб әрпінде берілген).

2) Алғысөзі бар жинақтар, мәтіндер арабша-кириллица әріпте берілген (Г. Н. Потанин, Ә. Диваев т.б.).

3) Алғысөз бен түсініктемесі бар, түпнұсқасы, орысша аудармасы, транскрипциясы барлар (Ә. Диваев, Н. Пантусов, А. Васильев, П. М. Мелиоранский т.б.).

Мәселен, бірінші топтағылар тек қазақ оқырманына арналған. Онда қазақ қауымына таныс шығарманы жариялап, ел арасына тарату көзделген. Сол себепті ешбір алғысөз, түсініктер берілмеген. Мәтін сөздерінің тілдік ерекшеліктерін сақтау мақсат етілмеген. Кітаптар араб әрпінде ғана басылып, қазақ елінің сауатын аша түсуді мақсат еткен. Мәселен, «Қисса-и-Айман-Шолпан» (Қазан, 1900), «Қисса-и-Мәлік Хасан» (Қазан, 1900) т.б. Бұл еңбектерді кім бастырған, кім жинаған, кім дайындаған т.б. тәрізді деректер келтірілмеген.

Екінші топтағылар қазақ қана емес, басқа да, кириллицаны білетін адамдар үшін есептелген. Мұнда жоғарыдағы кітаптарда кездесетін өзгешеліктермен қатар, кейбір кітаптарда мәтіннің екі тілде, яғни қазақ (араб графикасында) және орыс тілдерінде қатар берілуі де іске асқан.

Үшінші топтағылар зерттеушілерге арналған, негізінен, ғылыми-көпшілік, не ғылыми сипатта басылғандар. Фольклорлық үлгілерді үш түрде жариялау, яғни әрі араб әрпі, әрі кириллица, әрі орысша аудармасымен бірге беру т. с. с. – бәрі сол тұста қалыптасқан ғылыми жариялау талаптары екені анық.

XX ғасыр басында бұқаралық сипаттағы басылымдармен қатар, ғылыми сипаттағы фольклор үлгілері жарияланып тұрды. Мәселен, «Едіге мен Тоқтамыс» туралы үлгінің сыртқы мұқабасында: мәтін қолжазбасының иесі белгілі ғалым Ш. Ш. Уәлиханов екендігі

ескертілген. Үлгіні шығарушы профессор П. М. Мелиоранский екендігі; мәтін 1905 жылы С. Петербург қаласындағы И. Бораганскийдың баспаханасында басылғандығы ажыратылған [2]. Кітап мазмұнында алғысөз, сөздік пен қазақ мәтіні үшке бөлініп, беттері көрсетілген. Кітаптың алғысөзінде қолжазбаның өзіне сипаттама беріледі. Бұл мәтінді ғалым Ш. Уәлиханов 1841 жылы Аман Қарағай аймағының Күрлеуіт Қыпшақ ауылының ақыны Жұмағұлдың аузынан естіген.

Демек қазақ фольклорын жариялауда мынадай ерекшеліктер көрініс тапты: біріншіден, фольклордың әр түрлі жанрларының жеке-жеке кітап болып басылуы жүзеге асты. Екіншіден, мәтін әрі қазақ (араб әрпінде), әрі орыс тіліндегі аудармасымен бірге берілді. Мәтіннің екі тілде жариялануында бірнеше мақсат көзделді: бірі, зерттеушілік істі жандандыру, яғни Ресей ориенталистері мен түркітанушылары үшін бұл өте ұтымды болды. Екіншісі, оларға, егер қазақ тілін білсе, мәтіннің түпнұсқасы берілді де, қажет болса, қазақша мәтінін орысша аудармасы арқылы кең танысуға мүмкіндік жасалды.

Ал, Кеңес өкіметі кезіндегі жарияланымдар екі түрде: бұқаралық және оқу-ағарту мақсатта, екіншісі- ғылыми көпшілік және ғылыми сипатта болды. Бұқаралық сипатта жарияланған фольклор, көбінесе жалпы халыққа арналды. Ондағы қойылатын негізгі мақсат: жұртты оқу-білімге шақыру, жалпы ағартушылық көзқараспен қатар, фольклорды үгіт-насихат, тәрбие құралы т.б. есебінде де қолдану болатын [3].

Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдары елді сауаттандыру мәселесі бірінші кезекте болғандықтан фольклор, негізінен, оқу-ағарту мақсатында жарияланған. Бірте-бірте ғылыми-көпшілікті жарияланым етек ала бастады.

Ғылыми-көпшілік сипаттағы басылымдар, негізінен, фольклорды жалпы жұртшылыққа танымдық, информациялық, тәрбиелік, эстетикалық мақсатта қолдануды көздеді. Сондай-ақ қазақ фольклорын зерттеушілер үшін де маңызды ғылыми дерек көзі болды [1].

Баспасөз беттерінде басылым көрген фольклорлық үлгілер: біріншіден, газет шығарушылар тарапынан фольклордың кімнен, қалай алынғаны турасында деректер мен фольклорлық мәтіндерді жинаушылар есімдерінің көрсетілуімен ерекшеленеді. Екіншіден, ел аузындағы үлгінің қай тәсілмен қағаз бетіне түскені, көбінесе ауызба-ауыз жинау тәсілі арқылы хатталғаны анықталды. Үшіншіден, тіпті ол мәтіндер кімдердің аузынан, қай елді-мекенде т.б. жазылып алынғанына қатысты паспорттық деректердің толықтығымен көзге түсті. Төртіншіден, баспасөз беттерінде жарияланған үлгілер әрі белгілі ғалымдар тарапынан жиналса,

сондай-ақ әуесқойлар тарапынан да т.б. – бәрі фольклортану ғылымы тарихында баспасөз басылымдарының маңызды қызмет т.б. атқарғанын дйттейді.

Ғылыми жинақтар іші фольклордың сан жағынан көптігімен де және олардың көп нұсқалығымен де, сапалы сұрыпталуымен де т.б. ерекшеленді. Жинақтар кіріспесінде фольклордың жиналу тарихы мен қазіргі жағдайы, өзіндік ерекшелігі, әлеуметтік табиғаты, фольклор мен әдебиеттің өзара байланыстылығы, жинақтың мазмұндық тақырыпшалары т.б. сөз болды. Ал, басылымдардағы фольклорлық мәтіндер жанрлық жағынан топтастырылып орналастырылып, соңынан ескертулері мен түсініктемелері бірге берілді. Сонымен бірге бұл фольклорлық мәтіндер сұрыпталу мен жариялану әдіс-тәсіліне келетін болсақ: белгілі бір үлгінің пайда болу мәселесі, шығармалардың идеялық- тақырыптық өзара байланыстылығы, халықтық үлгілердің дамуы мен таралу ерекшеліктері, әрі әлеуметтік топтарда олардың өзгеру мүмкіндіктері т.б. – бәрі ғылыми жинаққа кірген мәтіндердің, көбінесе толықтай паспорты толтырылуымен, орындаушылардың аты-жөні көрсетілуімен, мәтіннің қағазға түскен күні, уақыты, жері т.б. тіркелуімен де құнды болды [1].

1887 жылы 29 жасында Мәшһүр-Жүсіп Бұхар, Ташкент, Түкістан т.б. шаһарларына сапарға шығады. Ол заманда негізгі көлік қатынасы түйе, ат малы болғанын ескерсек, бұл сапарлардың өздері 2–3 жыл уақытты қамтыса керек. Айтылған шаһарлар араб жұрты, Стамбұлдан соңғы Орта Азиядағы мұсылман көпшіліктің мәдениетті жері. Бұрынғы өткен ғасырларда Азия жандарының тақ құрған жерлері болған себепті, Мәшһүр-Жүсіп бір жыл Бұхарда тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркінің т.б. тілдерін, жат сөзді жақсы түсінеді. Өзбек, тәжік, сарт, қызылбас т.б. – бұлардың да тілін, әдет-ғұрпын түсінеді. Абуғали Сина, Абултарит, Сақырат хакім сияқты т.б. ғалымдардың жазған ғылыми кітаптарын оқып көреді, тәжірибе алады. Иран ғалымдары мен шайырларының күшті болған шах Сағдидің жазған кітаптарын да оқиды. Абулғазы Баһадүр хан шежіресін, «Мың бір түн», «Шахнама», Науаи, Фердоуси, Сайқалы т.б. кітаптарын жатқа білген. Тіпті, Ташкент қаласынан шығатын газеттерге де өлең, мақала, т.б. беріп тұрған.

Мәшһүр-Жүсіптің үш кітабы: «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты туындылары 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан жарық көреді. Кейіннен ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің шығармаларын цензура сотқа тартады. Ішінде

Мәшһүр-Жүсіптің жоғарыда аталған еңбектері де бар. Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіптің кейбір еңбектері «Айқап» журналында да басылған.

Жасынан ел аузынан, қағаз жүзінен жинаған үлгілі сөздерінің біразын Мәшһүр-Жүсіп 1880–1885 жылдары Омбы қаласынан шығатын «Дала уалаяты газетінде» бастырды. Мәшһүр-Жүсіптің «Дала уалаяты газетіне» көптеген материалдар ұсынып отырғаны белгілі, яғни ол газеттерді алып та тұрған. Ал ол газеттің 1894 жылғы 29, 30, 1 сандарында басылған Г. Н. Потаниннің «Қазақтардың арасындағы әр түрлі ойлап шығарылған өлең, қысса, ертегілерінің, әдет заңдарының керекті болғаны турасында» деген мақаласын оқымауы, көрмеуі мүмкін емес. Өйткені мақалада сұрау түріндегі берілген ұзақ тізім ішіндегі 13 тақырып Мәшһүр-Жүсіптің жазбасында да кездеседі. Мысал үшін, мақаладағы Ай мен Күннің тұтылуына, жер жаратылысына, жануарлар арасындағы ең мықты аң төңірегінде, өсімдіктер дүниесіне, жезтырнаққа, Едіге мен Тоқтамыс ханға, Алаша ханға, Жиренше шешенге, Ақсақ Темірге, Сүлеймен мен Байғыз құсқа т.б. қатысты сұраулары Мәшһүр-Жүсіптің «Тама Сарыбас мерген ертегісінде», «Сүлеймен пайғамбар мен Байғыз», «Қазақ билері», «Жиренше шешен», «Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер», «Лала гүл және махаббат туралы», «Ай мен Күндей: «һәммаға бірдей демегінің мағынасы», «Аспан, жер және адам жаратылысы туралы» т. т. атты еңбектері, тек тақырыптық жағынан үндестік тапқан [9]. Мұндағы Г. Н. Потанин мен Мәшһүр-Жүсіп арасындағы үндестік туу себебі бір-бірінен көшірілгендіктен емес, қайта ел арасынан фольклор үлгілерін жинағанда, әрі алға қойған мақсаттары, талаптарының, әрі жасаған программаларының бір жерден туғандығында деп қарастыру қажет. Себебі Г. Н. Потанин жинаған бірде-бір фольклор үлгілері Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасында жинақталған нұсқалардың ешбіреуіне ұқсас келмейді.

Халық ауыз әдебиетін жинаушылар үшін қойылатын талаптардың осы «Дала уалаяты газеті» ішіндегі Г. Н. Потанин мақаласы арқылы жариялануы ол кездегі 36 жастағы Мәшһүр-Жүсіптің жинаушылық қызметіне әсер еткені сөзсіз: «... Сообщения предпочтительнее иметь на киргизском языке, при этом следует иметь в виду, что передавать их нужно именно в том виде, как они вышли из уст рассказчика, без произвольных сокращений и изменений, с точным воспроизведением собственных имен и всех выражений, как бы последние ни казались устарелыми или некрасивыми» [4].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ел әдебиеті үлгілерін жинаған материалдары тек қолжазба күйінде қалдырмай, баспа бетінде де көзі тірісінде жарияланғанына арнайы көңіл бөлуді жөн көрдік. Мәселен, оның алғашқы қазақ газеті «Дала уалаяты газетінде» жариялаған үлгілері- ақынның ел әдебиетін жинаушы ғана емес, оны жариялаушы, зерттеуші болғанына да жарық түсіре алады.

Газет бетінде жарияланған Мәшһүр-Жүсіп материалдарын үш салаға бөле отырып қарастырған жөн /жалпы газетте ақынның 24 мұрасы басылған/. Бірі- өзінің төл туындылары: «Қарға мен лашын» /1889, 7/ т.б. Екіншісі- ақынның өз тұсындағы қоғамда болып жатқан тарихи өзгерістерге деген өзіндік көзқарастары мен ой топшылаулары: егіншіліктің пайдасы, бал арасын өсіру т.б. , күнделікті шаруашылыққа қатыстылары/«Баянауылдан хабар», «Баянауылдан», «Тұрмыс жайында болған хабарлар», «Баянауылдан хат», т.б. тәрізді/-бәрі үлкенді-кішілі 14 мақала. Үшіншісі-ел аузынан жинаған фольклор үлгілері [9].

Мәшһүр-Жүсіптің газет бетінде жариялаған материалдарының үшінші саласы- фольклорлық нұсқаларға тоқталайық Оның ішінде түрлі аңыздар, шежірелер, ертегілер, шешендік сөздер т.б. бар /жалпы саны-9/. Мәселен, «Адам һәм оның ғұмыры» /ДУГ. 1889, 6–7/, «Жақсы молда /1890, 14/, «Ғажайып бір күс заманында» /1890, 18/ т. т. бар.

Жарияланған бұл фольклор үлгілері, негізінде, Мәшһүр-Жүсіптің фольклорды-жастарға үлгі-өнеге, насихат, тәрбие беретін т.б. педагогикалық, тәлімдік ойлардың түп қазығы деп түсінгенін көреміз. Мәселен, «Тұрмыс жайында болған хабарлар» атты еңбегінің /ДУГ, 1890-9/ кіріспесінде Мәшһүр-Жүсіп алдымен қазақ халқын ұйқысынан оятушы сүйікті газетке деген ілтипат, ризашылық білдірсе, соңынан қазақ жастарына үлгі-өнеге боларлық іс-әрекетімен көзге түскен Кіші жүз Алшын Қаражігіт би деген атақты кісінің басынан өткен бір оқиғасына көңіл бөлгізеді. Онда бас кесір- еріншектіктен, ортаншы кесір- ұйқышы болудан, кенже кесір- кедейліктен құтылу үшін жастардың кәсіп іздеу, еңбек ету т.б. сияқты жолдарды іздестіру керектігін паш етеді. Шығарма соңында Мәшһүр-Жүсіптің өз ойы да беріледі: «Мұны айтып тұрғаным, біз балалар, еріншек болмандар, «еріншектің қолы жетпейді, үлгісіз нұсқа бітпейді»,-деген сөз бар, ұйқышы болмандар, «ұйықтаған ұйқы алар, ұйықтамаған жылқы алар», – деген сөз бар. Сөз көтермейтін кедей болмандар, «жетесі асыл арланбас, жеті атасына

дарымай» деген сөз бар... », – дей отырып, өз ойларын халықтың дана сөздерімен, философиясымен бірге ұштастырады.

Мәшһүр-Жүсіп «Дала уалаяты газеті» беттерінде халық әдебиеті үлгілерін жариялауға ұсынғанда, тек кездейсоқ қолға түскенін бере салмаған, соның ішінен елге пайдасы тиер деген, халықты ұйқысынан оятар деген, қоршаған ортаға ең қажетті т.б. әңгімелерді іріктей білген. Олар арқылы ақын замандастарына, кейінгі ұрпаққа айтар ойларын да жеткізіп отырған. Мәселен, «Жақсы молда» әңгімесінде /ДУГ, 1890, 14/ бір адамның арақ ішуді машық қылған Бағдат халифін түзу жолға түсіру үшін, арақ шыныларын сындыруы, ел басшысын сөзден жеңіп, оны жаман жолдан тайдыруы т.б. берілген.

Мәшһүр-Жүсіп белгілі бір рудың тарихын, оның ішінде белгілі бір атаның шежіресін, яғни тарихи мәні бар фактілерді беруді жеке алмай, оны да өз замандастарына үлгі, насихат айтуға мысал етіп пайдаланып отырған. Мәселен, «Малшы Алтай» әңгімесінде /ДУГ, 1894, 6/ өзінің ақылдылығымен, еңбекқорлығымен, берілген іске тиянақтылығымен, адамдығымен көзге түскен малшы Алтайдың қалың малсыз байдың қызын алуы, мұратына жетуі айтылады.

Қорыта айтқанда, фольклор мен әдебиет үлгілерін көп мөлшерде жинауы және оның біразын өзі көзі тірісінде баспа бетінде түрлі түсініктемелер бере отырып жариялауы,- бәрі Мәшһүр-Жүсіптің фольклор саласындағы еңбектерінің сан қырлы, ауқымды екенін дәлелдейді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Жүсіпов Н. Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. -Павлодар. – 381б.

2 Сказание об Едиге и Токтамыш (Киргизский текст по рукописи принадлежавшей Ч. Ч. Валиханову, издал проф. П. М. Мелиоранский). – Записки Императорского Русского Геогр. Общества по отделению этнографии приложение к тому XXIX. – С.-Петербург: 1905. – 67 б.

3 Ер Сайын (жазып алып, өндеген: Байтұрсынұлы). – Мәскеу: Ұлттар Комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасы, 1923. – 96 б; Ер Тарғын. Марабай (Түзетіп бастырған- Қыр баласы). – Мәскеу: 1923. – 73 б. ; Байтұрсынұлы А. Жоқтау. – Мәскеу: 1926. // Ақ жол (Құраст. Р. Нұрғалиев). – Алматы: Жалын, 1991. – Б. 143-210.

4 Дала уалаяты газеті. –Алматы:Ғылым. 1989. -Б. 567

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БІРБУЫНДЫ ТҮБІРЛЕРДІҢ НЕГІЗІ ТУРАЛЫ

ЖӨКЕНОВА Т.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Паводар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Паводар қ.

Қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы көмескі буындары ұқсас сөздер көп кездеседі. Бұл сөздердің лексика-грамматикалық мағыналарындағы бірліктер фонетикалық сыртқы қалыптарынан да байқалады. Бұл тек қана қазақ тіліне ғана қатысты емес. Ғалымдар бұндай ұқсастықтардың барлық тілдерде, соның ішінде түркі тілінде де бар екендігін жазады.

Түркі тілдеріндегі сөздердің бірбуынды негіздері негізгі лексикалық қордың белгісі деп есептейді. Қазақ тіліндегі бір буынды түбір – негіздерді зерттеген академик Ә. Қайдаров қазақ тілінде және түркі тілінің басқа бутақтарында бір буынды түбірлерді бүкіл лексикалық қордың негізгі ядросы деп атайды [1, 11]. Кез келген түркі тілдерінен өзге халық тілдерінде де сөз семантикасы, этимологиясы бір буынды түбірге апарлады.

Түркі тілдерінде түбірлердің тағы бір ерекшеліктері анықталды: бір тілдегі өлі түбірлер басқа тілдерде тірі түбір болуы әбден мүмкін. Мысалы, қазақ тіліндегі жылжы-, жылыс- сөздерінің құрамындағы жыл- тұлғасы өлі түбір деп танылады, ал осыған ұқсас якут тіліндегі сыыл-, қырғыз тіліндегі жыл-, алтай тіліндегі чыл-, татар тіліндегі шыл- түбірлері тірі түбір деп саналады. Сондықтан әрбір тілдегі түбір мен одан туындайтын тұлғалардың шегін ажырату кезінде әрқайсысының өзіндік арнайы ерекшеліктері байқалады. Сондықтан «өлі түбір» деген атаудың қолданысында шарттылық бар [2].

Қ. Жұбанов қазақ тіл білімінде бірінші болып қазіргі тілдік деректерді тарихи қағидаға сүйене отырып қайта жаңғыртуды ұсынды. Ол «палеонтология» терминін қолдана отырып, тіл біліміне қатысты мынадай тұжырым жасады: «Осылайша тіл адамзаттың бүкіл жүріп өткен сан ғасырлық тарихын танытады. Ал тілдің әрбір даму кезеңдері жердің геологиялық даму сатылары секілді кезек-кезек, бірінің үстіне бірі қабаттасып, өзінің ізін қалдырған» [3].

Қазіргі грамматикадағы қарастырылатын «өлі түбірлер» ұғымы белгілі бір дәрежеде «байлаулы түбір» ұғымына жақын келеді. «байлаулы негіз» терминін Г. О. Винокур енгізе отырып мынадай анықтама берді: «... белгілі бір аффикстермен тек байланыстыру, біріктіру үшін берілетін негіздерді байлаулы негіздер деп

атауға болады. Мысалы, при-выкнуть және от-выкнуть сөздерін салыстырып көріңіз, ондағы бастапқы негіз вык аффикстерден бөлініп еркін тұрса, түсініксіз мағынада болады» [4].

Екі ұғымның арасында өте тығыз жақындық бар. Бұған қоса байланыстырушы түбірлер синхронды талдаудың бірлігі болып табылады, себебі, ол өз кезегінде қалдық ретінде, сөз құрамындағы сөзтудырушы, сөзтүрлендіруші морфеманың нәтижесі ретінде мүшеленеді. Өлі түбір де байлаулық сипатқа ие, өйткені ол белгілі бір морфемасыз қолданылмайды, яғни қосымша арнайы белгілердің көмегімен ғана байланысады. Оған көмекші морфемалар жалғана алатынын этимологиялық талдау жүргізу арқылы ғана анықтауға болады. Сондай-ақ өлі түбірлер қарапайым синхронды әдіс арқылы түбір қосымшаға ажыратылмайды. Осының барлығын қорытындылай келгенде, «түбір» ұғымын дәстүрлі талдаулардың күшімен анықтау әлдеқайда күрделі екенін байқаймыз.

Түркітану ғылымы түркі түбірлерінің дәрежесі туралы біржақты шешім айта алмай келеді. «Түбір», «байырғы сөздер», «түбірсөздер» терминдері тек шартты мағынада анықталады. Түркі тіліндегі морфологиялық жүйе қаншалықты айқын болғанымен, алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасында бұл элементтер түбірге жаға ма, әлде олар өлі морфема қатарын құрайды ма деген мәселеленің басы ашылған емес.

Қазіргі екібуынды етістік құрамындағы өлі түбірлер – бұлар әрбір тілдегі әртүрлі даму сатыларына тән заңдылықтар негізінде туындаған, өзінің тәуелсіздігін, жеке мағынасын ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен жоғалтқан, белгілі бір модельдермен ғана шектеліп, мән-мағынасынан айрылып, көне түбір қатарына енген тұлғалар. Императив етістік құрамындағы өлі түбірлерді қайта жаңғырту арқылы этимологиялауға бағынатын және бағынбайтын топтарды ажыратуға болады. Осыдан барып, жаңғыртылған өлі түбірлер жорамалдық сипат алады.

Оларды дерексіз ұғымдар деп түсінбеуіміз керек. Себебі, түркі тілдеріндегі түбір – бұл ақиқат дүние. Императив етістік құрамындағы жіктелетін этимологиялық түбірлер өзінің лексикалық мағынасынан айрылған. Дегенмен бұлар жай ғана жалған тұлғалар емес, тіл дамуының сан ғасырлық тарихының өнімі.

Бұл тұлғалар жүйелі және дәстүрлі модельдердің көмегі арқылы жасалған. Осындай деректерге сүйене отырып, өлі түбір күйінде сақталған тілдік қорымыздағы мағынасы күңгірттенген лексика-грамматикалық элементтердің құпиясы мен табиғатын ашуға болады.



Тірі және өлі түбірлердің құрамындағы осыған ұқсас сөз тудырушы модельдердің болуы көне дәуірде өлі түбірлердің жекесөз ретінде қолданылғанын байқатады. Олай болмаса қазіргі тілде олар өлі түбір күйінде сақталмас еді. Өлі түбірлерді атаудағы алғышарт – қазіргі тілде жеке тұрып мағына білдіре алмайтын өлі түбірлер көнетүркі, ортатүркі ескерткіштерінде немесе басқа да туыстас тілдер құрамында жеке тұрып мағына білдіре алатын лексема ретінде қолданылған. Кейде туынды негіздердің нақты мағынасын өлі түбірлердің семантикасы арқылы жаңғыртуға болады. Осы заңдылық этимологиялық жаңғыртумен тікелей байланысты.

Морфологиялық және лексикалық сәйкестіктер өзара дыбыстық үйлесімділіктері анықталған семантикалық жағынан өзара жақын болып келетін элементтер қоры арқылы белгіленеді.

Гомогенді түбірлердің морфемасын синхрондық талдау арқылы анықтау кезіндегі семантикалық қырының маңыздылығын ескере отырып, В. И. Ярцева былай деп жазады: «Морфеманың семантикалық қырын әрдайым бақылап отыру қажет, себебі, морфемаларды сол құрылымдық қатардағы дыбыстық варианттармен салыстыру үшін басқа тәсіл жоқ. Мағынаның тұтастығы, яғни морфема бойындағы тұрақты мағынаның сақталуы аталмыш мәселені шешудің кілті болуы мүмкін, яғни біз бір ғана морфема туралы айтып отырмыз ба, әлде олардың тек дыбыстық варианттары туралы немесе олардың әртүрлі морфологиялық элементтері туралы.

Тіл дамуының барысында бірбуынды түбірлерге түбір морфемамен бірте-бірте тұтасып кеткен аффикстер жалғанады. Көптеген екібуынды етістік түбірлері түркі тілдеріндегі ең өнімді сөзжасамдық тәсіл – агглютинацияның нәтижесінде пайда болған тарихи категория болып табылады. Бастапқы түбірлерге жалғанатын негіздің екінші бөлігі фонетикалық жағынан да және қызметі жағынан да сөзжасамдық аффикске ұқсас.

«Тарихи өлі түбірлерді немесе қарапайымданған негіздерді анықтаудың өзінді тәсілі бірнеше туынды негіздерді бірдей аффикстермен салыстыру болып табылады» [4]. Бірнеше лексикалық бірліктердің мағынасы ретінде түсінілетін жалпы грамматикалық мағына сөзжасамдық модельдер ортақтығының алғышарты болып саналады.

Қазіргі қазақ тілінде түбірлерден әр түрлі аффикстер арқылы жасалғандар туынды түбірлер ретінде танылады. Қазіргі тіліміздегі түбір сөз ретінде танылған сөздердің қазіргі қалпы тарих бойында дамудың нәтижесінде түрлі өзгеріске ұшырып жеткен сөздер.

Түбір морфемалар бір буынды болып келеді. Лексикалық қордың ұйыт-қысы бір буынды болып келуі тек қазақ тіліне ғана емес, бүкіл түркі тіліндегі сөз таптарының бәріне тән. Бір буынды сөздер қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылады. Түркі тілдерінде түбір өзгермейді, ал славян тілдерінде өзгеріске түсіп отырады. Түркілік түбір негізінен бір, кейде екі буынды болып келеді.

Түбірдің негізгі ерекшелігі ретінде толық мағыналылығы, тұлғалық сипатының өзгермеуі, әрі қарай бөлшектеуге келмейтіндігі аталады. Түркітануда түбір «формадан мазмұнға» принципі негізінде қарастырылатындықтан, оның тұлғалық дамуы сөз болады. Өзге түркі тілдеріндегі секілді қазақ тіліндегі түбір құрамы негізінен бір буынды. Түркі тілдеріндегі бір буынды түбірлер толық мағыналы болғандықтан, жеке атау ретінде анықталып, сөз тіркесінде, сөйлем жүйесінде, мәтінде жұмсала береді. Тарихи тұрғыда түбір түбіртектерге (силлабофонемаларға) бөлшектенеді, мағынасы синкретті болады. Түбірдің «әрі қарай бөлшек-теуге келмеуі» – шартты ұғым. Мысалы, қазіргі тіліміздегі тау, тас, тіл, сөз, кел, анық, асық, айт, бала, баға, тұр, жүр, жатыр, оқы, т.б. сөздер түбір ретінде танылады, ал тарихи даму жүйесінде бұл сөздер морфтарға жіктеледі. Түбір туынды сөз жасаудың негізгі ұйтқысы саналады. Түбір – негізгі морфема, өйткені өзге (көмекші) морфемада лексикалық мағына болмайды. Түбір жеке тұрып та, грамматикалық жағынан түрленіп те дербес сөз болады, жеке сөздің қызметін атқара алады. Қазіргі тілде екі буынды байырғы түбірлер ретінде танылып кеткен сөздердің кейбірінің түбір мен қосымшаға ажыратылатыны байқалып тұрады. Ерте замандарда түбірлер бір буынды болған десек, екі буынды, үш буынды түбірлердің қалыптасып қолданысқа түскеніне де көп заман-дар өткенін тарихи ескерткіштер материалдары дәлелдейді.

Бір буындылармен қатар екі-үш буынды түбірлердің Енисей ескерткіштерінде кездеседі.

Қазіргі қазақ тілінде дыбыстардың тарихи ауысулары арқылы жасалған түбірлер көптеп кездеседі. Мысалы жақын, жуық сын есімдерінің түбірі жағ, ал-ын,-ық аффикстері түбірге сіңіскен, нәтижесінде екі буынды түбірлер тарих бойында қалып-тасқан. Сондай-ақ жүйрік-йүгрук пен жүгір-йүгүр үш буынды түбірлердің түбірі бір буынды жү-йу бір буынды түбірі. Қазіргі қазақ тіліндегі құрға, құра түбірлері де ерте замандарда бір буынды түбір болған. Тілдің тарих бойында дамуының нәтижесінде бір буынды құ түбірінен есте жоқ ерте замандарда екі буынды түбірлер қалыптасқан. Құрға екі буынды

етістігінен – ғ дыбысының түсіп қалуынан қура етістігі жасалған. Құрға етістігінде –ға аффиксі жұрнақ қызметін атқарып тұрса, қура екі буынды етісті-генде –ра аффиксі етістіктен етістік тудыратын жұрнақ қызметін атқарып тұр. Қазіргі қазақ тілінде –ға, –ра аффикстері сөзден сөз тудыра ала ма? Тарих бойында кейбір жұрнақтар сөз тудыру қызметінен айрылып қалатындығын тіл фактілері дәлелдейді.

Үндіевропа тілдерін зерттеген ғалымдар тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерде қазіргі тілдерге негіз болып қаланған ата(тек) тілде әрі сөздің, әрі буынның қызметін атқарған комплексті дыбыс болған деген қорытындыға келген.

Фонологиялық жағынан дауыстыға немесе дауыссызға ажыратуға келмейтін мұндай дыбысты силлабофонома деп атаған.

Түбірлердің дамуы ұзақ уақытты қамтығандықтан алғашқы түбірлерді анықтау қиынға соғады. Түбірлердің құрылымының тарихи дамуы, оны туыстас тілдер материалдарымен, тілдік тарихи ескерткіштер фактілерімен салыстырып зерттеу арқылы ғана емес, тілдің құрамында қалыптасқан элементтерді зерттеу қажеттігін туындатады. Қазіргі қазақ тіліндегі түбір сөздердің өзін түбір мен қосымшаларға ажыратуға болатынын көреміз. Түбір сөздердің дамуын қарастырғанда тіл фактілерін көне жазба ескерткіштер фактілерімен де, туыстас тілдер фактілерімен де салыстыра қараудың мәні зор. Фузия – қазақ тілінің морфологиялық құрылысына үлкен із қалдырған процестің бірі, фузия арқылы жеке түбірлер, түбір мен қосымшалар, қосымшалар мен қосымшалар бір-бірімен жымдасып кеткен. Фузияға ұшыраған тілдік элементтер өздерінің лексикалық дербестігінен айырылып қалуы түбірлер мен қосымшалардан байқалады. Біздің пікірімізше, тіліміздегі «түбір» деген лингвистикалық терминнің өзі «түпкі тамыр» дегендегі «түп» сөзімен үнемдеу заңы бойынша «там-ыр» сөзінен ықшамдалып, «-ыр» жұрнағы арқылы жасалған туынды сөз. Тілдің негізін құрайтын бір буынды түбірлердің табиға-тының толық ашылмауы түбірдің бірнеше сатылы даму жолы мен күрделі табиғатына байланысты. Түбір сөздер тұлғасының қарапайымнан күрделіге дамуы басты ерекшелік болғанымен, фонетикалық заңдар бойынша ықшамдалу, редукция, элизия т.б. құбылыстарды басынан өткізіп, қайта күрделенуі түбір табиғатын айқындауда қиындық туғызады.

Фонетикалық құбылыстар үнемдеу принципіне сәйкес дыбыстардың позициялық ауысуына дыбыстардың түсіп қалуына, екі дыбыстың орнына жаңа бір дыбыстың пайда болуына алып келеді. Дыбыс өзгерісінің қордалануы фонетикалық жүйенің жаңаша қалыптасуына арқау болады. Фонетикалық өзгерістер бір буынды түбірлердің тұлға-

сына әсер етеді. Тілдік деректерге қарағанда бір буынды түбірлердің кейде компоненттерге ыдырауын жоққа шығаруға болмайды. Бір ғана дауысты дыбыс пен бір ғана дауыссыз дыбыстың тіркесуінен тұратын тілдік бірліктің қай-қайсысы да я лексикалық, я грамматикалық мағына беруімен ерекшеленеді. Тілдік деректерге қарағанда бір буынды түбірлердің кейде компоненттерге ыдырауын жоққа шығаруға болмайды. Түбірлерді анықтауда ұяңдардың орнына қатаңдарды, жіңішке дауысты-ларды алмастырып анықтаймыз. Түбіртек – фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлемсияқты тілдік бірлік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке – Алматы, 1986. – 376 с.
- 2 Солнцев В. М. Язык как системно-структурное образование – Москва, 1977.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999 – 412 б.
- 4 Ярцева В. Н. Определение морфологического типа языка – Москва, 2010.

#### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

ЖҰМАБАЙ Б. Қ.  
студент, ПМПУ колледжі, Павлодар қ.  
СӘРСЕНБЕК А. Р.

қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы, ПМПУ колледжі, Павлодар қ.

Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында: «Адамзат үшін ХХІ ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі мектеп оқушылары, сіздердің еншілеріңізде» – деген басымды тапсырмасын орындау бүгінгі білікті және педагогика-психологиялық, дидактикалық-әдістемелік сауатты маманның басты борышына айналып отыр. Білім беру процесінде жаңашыл ақпараттық технологияларды ендіру арқылы бірқатар мақсат-міндетер жүктеліп, педагог қызметкерлерінің бала тәрбиелеуде, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту, танымдық қызығушылықтарын

арттыру, функционалдық сауаттылығын дамытуда, білім сапасын арттыруда тынбай еңбек етуді қажет етеді [1, 8 б.].

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» – деген тұжырымы жеке адамның құндылығын арттыру, сондай-ақ жеке тұлғаны дайындаудағы ұстаз жауапкершілігі өсуі мен тынымсыз еңбек ету қажет екендігін көрсетеді. Ұрпаққа білім берудің басты мақсаты – жас толқынның қабілеті мен қызығушылығына қарай кәсіби әрекетті игеруіне мүмкіндік беру, педагогтардың инновациялық технологияларды меңгеруі. Оқу үрдісінде оқытудың озық технологияларын қолдану – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Қазіргі уақыт талабына сай жаңа білім, жаңа әрекет әдістері пайда болып, оларды да игеру қажет.

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік тәжірибесін біріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында қазақстандық педагог-тәжірибешілердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалады [2, 23 б.].

Оқыту тәжірибесінің барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екендігін көрсетеді.

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және тағдап қолдануды талап етеді.

Жаңартылған білім беру барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер:

Кесте 1

№	Әдіс-тәсіл түрі	Мақсаты	Тиімділігі	Қолданылуы
1	«Гүлмен тілек» (сергіту және топқа біріктіру)	Т ы н д а у дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, жағымды ахуал қалыптастыру.	Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.	Оқушылар а р н а й ы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және гүлдің астына жазылған сөздер бойынша топқа біріктіріледі.

2	«Биопоэма» әдісі	А л ғ а ш қ ы сабақ кезінде бір-бірімен танысу, жан-жақты ақпарат жинақтау, ол ақпаратпен бөлісу.	Т о п т а ғ ы таныстықты арттырады, өз ортасындағы ұқсастықты т а б а д ы , ізденімпаздыққа жетелейді.	А-4 парақты 8 бөлікке бөліп, әр бөлікке өзінше туралы маңызды ақпаратты толтырады. Мәліметтерді толықтырып болған соң, бүкіл топ мүшелерінің біреуінен ұқсастықты байқау, саралау, мәліметті толықтырады.
3	«Үштік» әдісі (Ойлан, жұптас, бөліс)	О қ у ш ы л а р ойына келген ж а у а п т а р н е м е с е идеяларды барынша көп жазу арқылы, к е й і н өз идеяларымен бөлісу.	Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың о қ ы л ы м , а й т ы л ы м , т ы н д а л ы м , ж а з ы л ы м дағдылары қалыптасады.	Сынып бойынша тапсырманы о қ и д ы . Оқушылар бірнеше жұптан бөлінеді: бірінші оқушы оқиды немесе айтады, екінші оқушы тындайды, үшінші оқушы түртіп алады, кейін өз пікірін айтады.
4	«Қар кесегі»	Ұ ж ы м д а с ы п өз ойларымен бөлісе алады. Нақтылыққа үйренеді.	Оқушылардың а й т ы л ы м , ж а з ы л ы м , т ы н д а л ы м дағдылары қалыптасады. Ынтымақтастық қарым-қатынас түзеді.	Әрбір топ оқушылары басқа топтарға бағыттап параққа сұрақ жазып лақтырады. Сұрақтармен кезек-кезек алмасады.
5	«Бэкроним» әдісі	Оқушылардың л о г и к а л ы қ о й л а у қабілетін, сөз қорын дамыту.	Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды, жазылым дағдысы қалыптасады.	Сөзде берілген әр әріптері бойынша мағыналы сөйлем құрылады. Сөздер бастапқы әріптен басталады.

6	«Дауыстап ойлау» әдісі	Оқи отырып ойтую, ой бөлісу.	Оқушыларды дұрыс тындауға ынталандырады. Оқылым, тындалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды.	Жұптаса отырып берілген тақырыпты біреуі дауыстап оқиды, екіншісі тыңдай отырып ой түйеді. Бір-біріне түсіндіреді.
7	«Бір минуттық әңгіме» тәсілі Иен Майлс бойынша	Оқушының бір-бірінен ақпарат алу дағдысын қалыптастыру.	Оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорыта алады, жұптық жұмыс жүреді.	Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі.
8	«Эйлер шеңбері» әдісі А. Ж. Егизбаев бойынша	Тақырып бойынша негізгі идеяларды жинақтап, саралау.	Идеялар жинақталып, сараланады	А-4 параққа, шағын постерге Эйлер шеңбері сызылып, кезекпен идеялар талқыланып, жазылады. Не? Қалай? Неге? Нәтиже? Деген Мәселер бойынша идеялар сараланады.

9	«МИКС» жаттығуы А. Ж. Егизбаев бойынша	Идеяларды жинақтап, түйіндеу, кері байланыс жасау.	Идеяларды жинақтау, түйіндейді. Әр топ шығармашылық көзқарас білдіреді.	Тақтаға түйінді 9-10 тірек сөздер жазылады. 1-ші топ – өлең шығару, 2-ші топ – эссе жазу, 3-ші топ – суреттеу, 4-ші топ – сахналық көрініс, 5-ші топ – бір әннің мелодиясына салып, топпен орындау.
10	«Кувәртка» әдісі Иен Майлс бойынша	Идеяларды жинақтау, жазбаша кері байланыс беру	Идеялар талқыланады, жинақталады	А-4 парақ екіге бүктелініп, жұпта кезек – кезек идеялар жазылып, ой бөліседі.

Қорыта келе, аталған бағдарламаға сәйкес алынған әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйренетіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өзінің ой-пікірін ашық әрі еркін айта алады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, сыныпта ынтымақтастық атмосфера қалыптасады. Сондықтан басқа пәндер де сондай формада оқытылса, оқушылардың білімге деген құштарлығы мен қызығушылығы арта түсетін еді.

Еліміздің заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Халықты халықпен теңестіретін – білім», – деп атап көрсеткеніндей, қай елдің болсын өркендеп өсіп-өнуі үшін сол елдің білім деңгейі мен даму жүйесіне байланысты. Рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім – ең мықты білім. Оның нәрін бойына сіңірген әрбір педагог елімізді гүлдендіріп, дамыта алады және еліміздің жаһандану, ғаламдану, әлемдік экономикаға кірігу, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену үрдісіне үлкен үлес қосады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Н. Ә. Назарбаев. «Болашақтың іргесін бірге қалайық» Қазақстан халқына жолдауы. // Егемен Қазақстан, 29. 01. 2011 ж.
- 2 М. Сманова. Жаңашыл мұғалім – заман талабы. 16. 03. 2015 ж.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭПИТЕТТІҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

ИБРАЕВА А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КОЖАХМЕТОВА Б. Р.

гуманитарлық ғылымдар магистрі,

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ тіліндегі эпитеттің тілдік табиғаты аз зерттелген салаларының бірі. Троптарды талдау барысында қазақ ғалымдары эпитеттің басты қасиеттері жайлы бағалы пікірлер айтып, өз ойларын білдірген. Эпитет жайында «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде алғаш теориялық тұжырым жасаған ғалым – Ахмет Байтұрсынов болды. Сонымен қатар, І. Кеңесбаев, З. Ахметов, Р. Сыздықова, Т. Қоңыров, Б. Хасанов т.б. ғалымдардың еңбектері эпитеттің тілдік объект ретінде танылуына зор көмегін тигізді.

Эпитет – заттың, құбылыстың айырықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз [1, б. 303]. Эпитет өмір құбылысын сурет арқылы көрсететін көркем сөз болып саналады және әдеби шығармаларда мейлінше жиі кездеседі. Жазушылар эпитеттерді қолданғанда, белгілі бір мақсатпен пайдаланады. Жазушының қолданған эпитеттері, суреттеген нәрсесіне өзінің қатынасын көрсетеді. Өмірдің әртүрлі жақтарын суреттеу үшін эпитет тіл құралы ретінде негізгілердің бірі боп саналады.

Эпитет тіл мен әдебиетке ортақ дүние болғандықтан, оларды қолдану жеріне орайлас қарастырдық. Эпитет дегеніміз – көркем анықтауыш. Сөз жоқ, көркем анықтауыш пен грамматикалық анықтауыш бір нәрсе емес. Мәселен, М. Әуезов шығармаларында кездесетін «жүйрік» сөзінің эпитеттік қолданыстардың түрлі ренктерін көрсетуге болады. Мысалы, «жүйрік» сөзі тура мағынада жүйрік ат, жүйрік поезд болып анықтауыштық мәнге ие болса, келесі сөйлемдерде «жүйрік тіл /шешен тіл/ дегенді білдіріп тұр. Мысалы, 1. Кешеден бері Абайдан ұққан сөзінің бәрін жиып кеп, жүйрік тілмен түйді. 2. Шешесінің сезімтал жүйрік көңілі қыс бойы елге қайтпаған баласының қабағын аңғарып қалып, қалаға келгеннен бері ақырын бағып жүр еді. 3. Абай үншіл жүйрік домбыраны әдейі Әйгерім үшін тартатын сияқты. Жазықсыз жүйрік қарттың сөзін тындап отырғанда, қатар жарысқан бір жол өлең оралады [2, б. 383–390].

Бұл жердегі контекстің рөлі де айырықша. Эпитет болу үшін, сол нәрсені анықтай көрсетумен қатар, оның тигізетін әсері, бейнелілік қасиеті де болу керек. Ал, олай болмай, нәрсенің жай

қалпын, сынын білдіру үшін ғана қолданылса, эпитет емес, сын есім не анықтайтын сөз болады.

Эпитет туралы сөз бола қалса, әрқашан үлгі ретінде ұлы Абайдың, Сәкеннің, Жамбылдың өлең шумақтарындағы эпитеттерді жиі қолданамыз. Мысалы, сұр, түсі суық, дымқыл немесе жұп- жұмыр, таптаза, қып- қызыл т.б. эпитеттер Абай өлеңдерінде жиі қолданыс тапқан.

Эпитеттің зерттелуіне 50-жылдары М. Балақаев, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов сияқты ғалымдар өз үлестерін қосқан. Бұл сала алғашқыда жекелеген жазушылардың тіл ерекшеліктерін анықтау, сараптау тұрғысынан және әдеби тілмен арадағы байланысын анықтау тұрғысынан қолға алынса, кейін қомақты жалпы теориялық және нақты тәжірибелік ізденістерге ұласты [3, б. 37].

Сонымен қоса, бұл тақырыптың зерттелуі жоғарыда аталған ғалымдардан басқа профессор Р. Сыздықова, Е. Жанпейісов, Қ. Өмірәлиев, Х. Кәрімов еңбектерінде де өзіндік көрініс табады. Жас тілші ғалымдар да, атап айтқанда, Г. Әзімжанова, А. Қазанбаева, Қ. Мәліков, Г. Мұхаметқалиева, Г. Боранбаева, З. Османова т.б. эпитеттің тілдік табиғатына, ерекшеліктеріне тоқталып өтеді.

Тұңғыш лингвист ғалым А. Байтұрсынов «Ақ жол» атты еңбегінде тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе, деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек екенін айтады. Қалыпты түріндегі сөз ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер істеледі. Ол әдістер негізгі түріне қарай үш топқа бөлінеді: 1) көріктеу; 2) мензеу; 3) әсерлеу (лептеу) [4, б. 155].

Ғұлама ғалым, тұңғыш лингвист эпитетті атау үшін «айқындау» терминін қолданған. Сонымен қоса, «айқындау» (эпитет) басында айыру мақсатпен айтылса да, соңынан көркейту мақсатпен айтуға айналған, – деп өзінің пікірін білдіріп, ғылыми тұрғыда дәлелдейді және көркейте айқындау ақындар сөзінде көп кездесетінін мысал арқылы көрсетеді. Оған мынадай өлең жолдарын келтіреді:

Ақ таудан аққан ақ бұлақ,  
Айдыңға құяр аққан соң,  
Алалы жылқы, ақты қой,  
Андыған бөрі көрмес пе  
Иесі ұйықтап жатқан соң,  
Алтын тақты әділ хан  
Адасқан аққу халықтан соң [4, б. 180].

Жоғарыда келтірілген өлең жолдарында айқындауды (эпитетті) көреміз. «ақ бұлақ», «алалы жылқы», «ақты қой», «әділ хан» деген

сөз тіркесіндегі ақ, алалы, ақты, әділ сөздері айқындау екенін білдік. Бұл айқындаулар өлең жолдарына көрік, дәм беріп, көркейтпін тұр.

ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы поэзиясы тілінде қару жарақ, мал, ел-жұрт атауларының тұрақты эпитеттермен қолданылуы нормалық дәрежеге көтерілді. Тұрақты анықтаушылықпен айтылатын атаулар номинатив мағынасында жұмсалмай образдық үшін қолданылады. Мысалы, Бұлт болған айды ашқан./ Мұнар болған күнді ашқан./ Сүйеніш ұлы Қазтуған [5, б. 57]. деген Қазтуған жыраудың тармақтарында бұлт болған ай, мұнар болған күн тіркестері поэтикалық образ, жырау портретін сомдау үшін қолданылған. Яғни, Қазтуған жыраудың бұлттанған айды мұнар болған күнді ашып жіберетін күдіреттілігі осындай табиғат атаулары арқылы бейнеленеді.

Дене мүшелерінің атаулары ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясында жалаң қолданылмай тұрақты эпитеттермен келуі нормалық құбылыс. Мысалы, «жазық маңдай», «жалқын шаш», «күбаған мұрын», «қиғаш қас», «семсер ақ тіс», «айқындайтын ақ білек» тіркестері.

Қару-жарақ атаулары тұрақты анықтауыштармен келіп, батырлар мен жыраулардың ерлігін суреттеуге қажет образ ретінде жұмсалады. Шалкиіз жыраудың «Ер Шобан» толғауында батырлардың образын осы тәсілмен береді: «Найзасын жалау байлаған», «Алдаспан ауыр қылыш байлаған», «Ала білек оқ салған» [5, б. 64]. және т.б.

Қазіргі қазақ тіл білімінде эпитеттің семантика-стильдік сипаты және түрлері жөнінде көптеген пікірлер бар. Сөздердің лексика-семантикалық тобының тілдік құбылыс екенін анықтау үшін нақты бір тілдің немесе диалектінің тарихи дамуының нәтижесін, бірінен екіншісінің бөлініп тұратын категориялардың шекарасын белгілеу керек. Ол үшін алдымен сөздің, сөздік құрамының тақырыптық жүйесі мен лексикалы-семантикалық тобының айырмашылықтарын табу керек.

Эпитеттің семантикалық стильдік сипаты жыраулардың өлең-жырларында жиі кездессе, көркем шығармада көркемдеуіш қызметі басым орын алады. Оны біз қазақ халқының жырларынан, көркем шығармаларынан аңғарамыз. Мысалы, қазақ халқының «Ер Қосай» жырында тұлпардың сыртқы бейнесі жырланады:

Жауған күндей сіркіреп  
Жарылған жердей күркіреп  
Бір еріншек жер тіреп  
Үркер, қорқар мал емес  
Бұлаққа басын салады [5, б. 96].

Көркем шығармадағы эпитеттің көркемдеуіш қызметінің басты орын алатындығын, ақын-жазушыларының шығармасынан көреміз.

Оған мысал ретінде қазақ әдебиетінің ХХ ғасыр басындағы жарық жұлдыздарының бірі, Мағжан Жұмабаевтың қай өлеңін алсақ та, философиялық құндылыққа бай, әдебиеттің жанрлық ерешеліктерімен өте тығыз байланыста екенін, эпитет, теңеу, салыстыру, метафора сияқты көркемдегіш құралдарды сұлу сөз арқылы беріп отыратынын байқаймыз. Ақынның өлеңдерінде тұрақты эпитеттер көркемдегіш құрал ретінде жұмсалған фразеологиялық тұрақты сөз тіркестер де кездеседі. Мысалы, «Қара құрым кісі, қаптаған мал, шабуыл шартыл». Бұл сөйлемдегі «қара құрым кісі» деген тіркесті тұрақты эпитет негізінде жасалған, фразеологизм деп көрсетуге болады. Себебі бұл жерде «қара құрым» халық тілінде тұрақты орын тепкен тіркес, эпитет. Ол «кісі» сөзімен тіркестіріле алынып, кісінің көптігін көрсетуде, айқындауда жұмсалып тұр.

«Үйде кенеу болар тамақ жоқ, арықтан өлген бұзау-торпақтың су татыған жасағы жүректі кесіп, төмен тартады». Бұл сөйлемдегі «арық ет» мағынасында «су татыған жасығы» деген тұрақты тіркес қолданылып тұр. Бұл фразеологизмдердің жасалуына «су татыған» деген тұрақты эпитет негіз болып, «жасық» сөзінің айқын айшықты мәнін аша түсумен бірге тұрақты тіркестің ұтымды шығуына ұйтқы болып тұрғанын аңғарамыз.

Ақын Қалижан Бекхожин поэзиясында зат есімдер эпитет ретінде мол жұмсалған. Мысалы, Соқ, соқ боран./ Жүгір, құйын ойнақта./ Күміс қарды қырларыма жайнатта [6, б. 117]. Ақынның поэзиясында күрделі эпитеттер де жиі ұшырасады. Мысалы:

Алма бетті жас бала

Таң болғандай басқаға.

Ұлы ақын Ш. Құдайбердиевтің өлеңдерінен де эпитеттің көркемдік ерекшелігін байқаймыз. Мысалы:

Жүзі бар айдай,

Мінезі майдай.

Өзгеден артық сол жері.

Дариядай ақыл мол еді,

Жан ғашығым сол еді [7, б. 205].

Ақынның өлең жолдарында теңеу, салыстырулар өте көп кездеседі. Теңеу сөздер эпитет арқылы да беріліп отырады. Жалпы алғанда, Шәкәрім шығармаларының поэзиялық құндылығы бүгінгі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Ақынның әрбір өлең жолдарынан нақты әуезді, теңеу мен салыстыруды жиі ұшыратамыз.

Қорыта келгенде, қазақ тіліндегі эпитеттің тілдік табиғатының өзіндік ерекшелігі бар екенін білдік. Эпитет тілде көркемдегіштік,

айқындауыштық қызмет атқарып, ақын-жазушылардың шығармаларында, өлең жолдарында, жыраулар поэзиясында өте жиі кездесіп, тіл байлығы мен нәрлігін, образды жүйесін көз алдымызға келтіріп отыратынын атап айтуға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2 том. А. 1974. 303 б.
- 2 Әуезов М. Абай жолы. 1 том. А. 1961. 383-390 б.
- 3 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. А., 1976. 37 б.
- 4 Байтұрсынов А. Ақ жол. А., 1991. 155, 180 б.
- 5 ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ поэзиясы. А., Ғылым. 1981. 57-96 б.
- 6 Бекқожин Қ. Өлеңдер мен поэмалар. 2 том. 1983. 117 б.
- 7 Шәкәрім шығармалары. А., 1988. 306 б.

### ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ СОМАТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КӘКІМ Б. Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
МУТАЛИЕВА Р. М.

ғ.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бүгінгі күнге дейін ғылым кеңістігінде «соматика» термині тілдік тұрғыда қарастырылып келді. Бұған себеп фразеологизмдердің құрылымын анықтауда жүргізілген жан-жақты зерттеу жұмыстары болып отыр. «Соматика термині нені білдіреді? Әдебиетімізге қай қырынан жанасады?» деген сықылды сан-қырлы сұрақтарға жауапты осы ғылыми жұмыстың барысында алатын боламыз.

Соматика – Флорида университетінің философия факультетінің деканы әрі философы Томас Ханна енгізген термин.

1976 жылы Ханна ақыл мен дененің бірігуіне жататын оқыту пәндерінің түрін сипаттау үшін «соматика» (somatics) терминін енгізеді. Ол «сом» терминін қайта қарастыра бастайды. Сома – іштен сезілетін дене ретінде анықталатын ұғым. Грек сөзі «сом», оның бастапқы мағынасында ақылдан бөлінген денені білдіреді.

Тілдік тұрғыда тұрақты тіркестерде қарастырылған соматика термині бойынша зерттеулер біршама.. Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің хабаршысында жарық көрген

Ш. Т. Кудьярованың «Абай өлеңдеріндегі соматикалық фразеологизмдер» атты көлемді зерттеу мақаласын атауға болады.

Интернет кеңістігінде «Лингвосоматика» термині де кездеседі. Кітапта Белла Ахмадулианың поэтикалық оптикасындағы дене бөліктерінің белгілері талданады («Лингвосоматика. Обозначение частей тела в поэзии Беллы Ахмадулиной»). В. К. Харченко, Д. М. Плужникова).

Жоғарыдағы зерттеулерге қарағанда прозалық шығармалардағы кейіпкерлердің бет пішіні, қол-аяғына байланысты қолданыстар соматика термині тұрғысында қарастырылмаған.

Әлем және қазақ жазушыларының шығармаларындағы кейіпкерлердің денелеріне қатысты кейбір қолданыстарға мән берсек, бір атаудың өзі деталь қызметін атқарып тұратын мысалдар кездеседі. Мысалы, «жұдырық» сөзі Достоевскийдің «Идиот» романында бір кейіпкерді ашу үшін былай қолданылады: «Какой-то огромный вершков двенадцати господин, тоже необычайно толстый, чрезвычайно мрачный и молчаливый и, очевидно, сильно надеявшийся на свои кулаки». Господин с кулаками, вероятно полагая, что пришла минута, начал что-то ворчать» [1, 121–123 б.]. Достоевский қара күшіне сенген кейіпкерді, мәселені жұдырығымен шешіп жүрген адамды оның жұдырығын деталь ету арқылы дәл бере білген. Жазушы таныс емес кейіпкердің болмысын бір ғана детальмен жеткізген. Зейнолла Қабдолов айтқандай, «Детальдың басты бағалығы – дәлдігінде. Дәлдік деген не? Дәлдік – шындыққа жанасымдылық» [2, 98 б.]. Осындай мысалдар қазақ жазушыларының шығармаларында көптеп кездеседі.

Жазушы қашанда қарапайым дүниені өз ойлау өрісіне қарай ықшамдап, өздігінше әрлеп, әспеттеп, шындыққа жанастырып, оқырман көзіне нанымды етіп суреттейді емес пе?! Осындай суреткерлікпен берілген кейіпкерлердің бірі – Оралхан Бөкейдің «Ардақ» әңгімесіндегі Ардақ бейнесі. Шығарма барысындағы соматикалық құбылыстың үзік көрінісінің суреттелуіне мынадай мысал келтірелік:

«Кейде оқшаулана жұмыр жаратылған қатқыл өз денесіне өзі қызыққандай, тоңазып күс еттеніп қалған ақ санын уқалап, сызғылап ермек ететін» [3, 28 б.]. Медициналық тұрғыда адам терісінің салқын мен суыққа деген жасайтын реакцияларының бірі деп түсіндіретін бұл құбылысты жазушы «күс еттеніп» деп бір ауыз сөзбен көркем де түсінікті етіп береді.

«Мінсіз ақ бетіне секпіл қаптап, мұрынының үстіне нөқта пайда болды. Балтыры мен қара саны да жуандап, домбығып кеткен» [3, 38 б.]. Аяғы ауыр Ардақтың, Ардақ емес барлық дерлік әйел затының өмірінде осындай кезеңде, шынымен де жазушы жазғандай-

ақ, «мінсіз ақ бетіне секпіл қаптап, мұрынының үстіне нокта пайда болады. Балтыры мен қара саны да жуандайды» емес пе?!

Қазақ әдебиетінде әйел адамның психологиясын, психологиясымен қатар физиологиясын тағы бір жазушы шебер суреттей алды. Ол – Жүсіпбек Аймауытов.

«Ақбілек» романында Ақбілектің аяғы ауыр екенін бірден айтып салмай, алдын ала жұмбақтап беретіні бар. Бірі аңғарса, бірі аңғармайтыны сөзсіз. «Шаршаған жоқ екем деп, көңіліне медеу кып еді, сөйтсе ылдига қарай жүргеннен жеңілденген екен: тағы бір өрге шыққанда аяғы қорғасын құйғандай ауырлап кеткен тәрізденді; сүйектері сынып бара жатқандай болды» [4, 177 б.]. Осы белгілерінен-ақ білетін, зерек оқырман бірден түсіне алады. «Аяғы қорғасын құйғандай ауырлап» дегені де өте үйлесімді, әрі келісті ұқсатулардың бірі. Себебі, қазақы ұғымда да, әлемдік ғылым кеңістігінде де ауыр металл ретінде осы қорғасын есептелетіні бәрімізге аян.

Оралхан Бөкейдің «Құмар қол бұлғапты» әңгімесіндегі: «Төртбақ, қап-қара шойыннан құя салғандай, дауысы жуан, аңқау да аңқылдақ адам еді» [3, 129 б.]. Осы бір тұста қолданған «Төртбақ» деген сөзіне назар аударалық. Жазушы кейіпкердің ірі денелі, сом тұлғалы екендігін жалғыз-ақ сөзбен кескіндеп суреттейді. Ал Ғабит Мүсірепов өзінің «Оянған өлке» романында Жұман бейнесін осылай суреттейді:

«Жұман – Алтай-Қарпыққа мәлім тапал адам. Бірақ, денесі төртбақ, сом жаралған. Көлденеңі күректтей мұқыл тырнақты саусақтары – келінің сабындай жұп-жуан» деген сөздерден байқағанымыздай, екі жазушы да осы «төртбақ» сөзін пайдаланады. Кейіпкер образын жасағанда өте сирек кездесетін суретті сөз.

«Қап-қара шойыннан құя салғандай» деген жерін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл Оралханның суреттеуі болса, Ғабит Мүсірепов көбіне оқиға тақырыбына жақын ұқсатулар пайдаланады. Мысалға:

Оралхан Бөкей шығармаларында соматикалық қолданыстар өте көп. Соның ішінен кейіпкерлер көздерін жазушы асқан шеберлікпен суреттеген. Мысалы, «Қайдасың, қасқа құлыным» повесінде: «Әдемі әрі таза аппақ сақал бүкіл өңірін жауып, ал көзі қартайған қыранның жанарындай тым-тым шыңырау тереңнен жылтырайды. Мынау көз, дәл осы қалпында, сығырайған сары даладағы жалғыз құдықтың әбден суалып, тек түбінде ғана бір ұрттам суына оқыстан нұр түсіп, жылтырағаны секілді еді» [3, 21 б.].

Жазушы бұл тұста Сарқынды қарттың портретін беріп отыр. Сондағы көзін суреттеген тұсына назар салсақ, жазушы алдымен қартайған көрі қыранның жанарына ұқсатып алады-дағы, шыңырау

тереңнен қарайтын деп бір қайырып алады, яғни жүз жасаған қарттың көзінде небір сыр тұнып тұр деген сөз. Сары даладағы жалғыз құдықтың түбінде жатқан бір ұрттам суға нұр түсіп жылтырағаны секілді дейді. Мұндай сурет тек Оралхан ғана жасай алады. Нұр – өмір, тіршілік, кеудедегі жанның бары.

«Апамның астауы» әңгімесінде өмірден өтер алдындағы апасының саусақтарын суреттеген кезде де, басқаша ерекше теңеулерді пайдаланбай, өзінің көтермелеу әдісіне басып, «күдіретті» сөзімен береді. Мысалы:

«Кірме деген үлкендер сөзін тыңдамай жанына тізерлеп отыра кеттім де күдіретті саусақтарын ұстадым. Суып барады екен, суып...» [3, 128 б.]. «Күдіретті саусақтар» – өмір бойы үй шаруасын жасап қатайған, бірақ бала-шағаға жұмсақ болған қолдар.

Женеше, – деді шешем тарамыстанған арық қолынан ұстап [3, 128 б.].

«Тарамыстанған» сөзі қартайған адамның қолдарын дәл бейнелейді.

«Тана көзінің айналасын өрмекшінің торындай майда сызықтар торлағанмен, жанарының оты сөнбеген, жарасымды қараспен сәуле шашады. Күлгенде шашау шықпай тізілген аппақ шағала тістері көрінеді де, екі бетінен лыпып қан жүгіріп, бармақ батырғандай, пайда болған шұқырға үйі іркіледі» [3, 19 б.].

Қартайған жанның бетіне түскен әжімді «өрмекшінің торындай» дегені қандай шебер, қандай дәл суреттеме. Демек, бұл айтарлықтай қартая қоймаған жан. Неге десеңіз, өрмекшінің торы көзге көрінер, көрінбестей ғана, анда-санда көзге ілінеді емес пе?! Тым қартая қоймаған жанды осылайша суреттеуі де өзгеше шыққаны даусыз. Ары қарай «жанарының оты сөнбеген» дейді. Мұнысы әлі бойында қуаты бар екендігін білдіреді. Бұл жерде жігер күштің бар екендігін осы көздері арқылы көрсеткен. Оның өзі де жай ғана от емес, жарасымды қараспен от шашатын көздер. Осы арқылы көз алдымызға мейірімді жанның бет әлпеті елес бере бастағаны даусыз. Екі бетінен лыпып қан жүгіруі, жаңағы жоғарыда айтып өткен көздегі оттың дәлелі десе де болады, яғни екеуі де бойдағы қуат-күштің сарқылмағандығының айғағы. Ал бармақ батырғандай шұқыр болса, көбіне адам ажарына сүйкімділік сыйлайтын әрі табиғатта сирек кездесетін құбылыс және оның тек жымыған кезде пайда болатыны, көрінетіні тағы бар. Жазушы шашау шықпай күлімсіреуді тілге тиек еткен. «Шашау шықпай» дегені – жымыюдағы шынайылық. Қонақ көңіліне қарап жымығандық емес, керісінше шынайы риза болу, қуану деп аужайлаймыз.



«Қайдасың, қасқа құлыным» туындысында жазушы қалада оқу оқып, қара жұмыстан іргесін алшақ ұстаған кейіпкер мен ауылдағы қара жұмысқа машықтанып қалған кейіпкерді көп сөздікке салынбай соматикалық белгілерінен-ақ оқырманына сездірті. Мысалы:

«Арқанның ұшын лезде күрмеп байлап жіберді де, сол ыржиған қалпы күректей алақанын жанбасына бір сүртіп маған ұсына берді. Менің аппақ жіңішке бикеш саусақтарым досымның қолына шомылып шықты» [3, 31 б.].

Байқағанымыздай, Қаршыға атты кейіпкердің «күректей алақаны» және өзінің «аппақ жіңішке бикеш саусақтары» екі бөлек қарама-қайшылықты көрсетеді. Екі бөлек тәрбиені де сездіреді. Жазушы не себепті Қаршығаға «арқанды күрмелетіп» қойды, себебі мал ұстайтын, қара жұмысқа ебі бар екендігін көрсету керек болды. Оның үстіне «алақанын жанбасына бір сүртіп» дегені де, қолы лас екендігін, әрі амандасуға ұмтылған сыйластығын, «сол ыржиған қалпы» дегені ақкөңіл, ашықжарқын жан екендігін аңғартады. Кейіпкерді жай суреттей салмай, әр іс әрекеті арқылы қандай екендігін ашып көрсетеді.

Қорыта айтқанда, қазақ прозасында кейіпкердің дене бөлшектерінің, яғни, соматиканың қолданыс ерекшеліктеріне көптеп мысалдар келтіруге болады. Сол арқылы жазушылық шеберліктің небір үлгілеріне куә боламыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Достоевский Ф. М. , Собрание сочинений в 12 томах. Т 6. Идиот. Роман / Ф. М. Достоевский. – Москва: «Правда», 1982. – 662 с.
- 2 Қабдолов З. Екі тормдық таңдамалы шығармалар. Т 2. Сөз өнері / З. Қабдолов. – Алматы: «Жазушы», 1983. – 456 б.
- 3 Бөкей О. Қайдасың, қасқа құлыным: повесть, әңгімелер / О. Бөкей. – Астана: Елорда, 1999. – 328 б.
- 4 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Т 1. Романдар / Ж. Аймауытов. – Алматы: «Ғылым», 1996. – 328 б.

#### Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СӨЗ ШЕБЕРЛІГІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

КИРҒАКОВА А. Н.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЮН Ә. А.

оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Көркем әдебиет тілі мен жекелеген қаламгерлердің сөз қолдану машығын талдау, таразылау – бүгінгі күндегі жалғасын тауып келе жатқан маңызды мәселер қатарын құрайды. Ғабит Мүсіреповтей сөз зергерінің өз шығармашылығына аса талғампаздықпен, жауапкершілікпен қарағандығын академик – сыншы Мұқаметжан Қаратаев былай деп көрсетеді: «Көркем творчествоның міндеті мен шартына Ғ. Мүсірепов әуелден – ақ жеңіл – желпі қараған жазушы емес. Ол әдебиет дүниесіне асықпай, аптықпай, аяқты жай басып келгені сияқты, келген соң да өз ісін үнемі үлкен жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарайтын байсалды жазушы екенін танытты. Бұл шебер жазушының негізгі принципінің бірі болса керек. Мұны біз Ғабеннің баяу, бірақ байсалды істейтінін де, шыңдалған стиль шеберлігінен де, жастар творчествосының көркемдік сапасы мен қазақ тілінің тазалығы жөніндегі жанкүйер қамқорлығынан да анық көреміз» [1, 187].

Ғ. Мүсірепов стиліне тән бір көзге түсерлік ерекшелік – прозалық шығармаларында ажуа, мысқылмен астарлап бейнелеу. Мысалы,

Бұзау тіс қамшы құйрығын шаншып алып қайқайып барады.

Жансыз затты жандадыра отырып, қамшының жұмсалғандығын мысқыл арқылы жеткізеді. Немесе,

«Қоян жырық есіктен кірген бойы үйдегілерді түгендей бір қарап алды да:

- Аман ба, әй қатын – деді».

«Енді ол безбүйректі жанамалауды қойып, қадағалай соққысы келіп, көзін соған аудара бергенде, жиынның орта тұсы шу етіп көтеріліп кетті.

Қай шығармасын алсақ та, жазушының жеңіл юморға, мысқыл мен ажуаны сөз мағынасын ойнатып, астарлы жұмсауына қайран қаламыз. Мысалы, Байжан мен Сейіт үйге кіріп келгенде, құдыққа үймелеген қойға ұқсап, бастарын төмен салып жіберіп, арқалары ғана бүлкілдеген он шақты адам астау толы етті жәукемдесіп жатыр еді. Жуан мұрты майға малшынып, екі ұрты кезек бұлтылдап, кезек

жылтырап Омар аша майдай жаяның сүйегін сүйреп, табақтан сытылып шыға берді де:

– Байжеке, жоғары шық, Қожекен табағына кел! –деп өз орнын ұсынды.

Тамақ ішіп отырған Омардың кейпі суреттеледі. Омардың бетінің жылтырауы, тамақты мәдениетті түрде ішіп отырмағандығы, яғни салақтығы, қомағайлылығы көрінеді. «Табақтан сытылып шыға бере» деген қолданыстың өзі кейіпкердің тамақты қомағайлылықпен ішіп отырғандығын ажуалайды. Сөз мағынасын астарлап жұмсау арқылы мысқыл тудырады. «Сүйегін сүйрей» деген сөз иттің сүйек мұжуын көз алдымызға әкеледі. Яғни Омардың қимыл әрекетінің өзі иттің іс-әрекетіне ұқсас алынып отыр. Автор сол арқылы сын, мысқыл, ажуа тудырады. «Жазушының стилінің ерекше бір қыры – ажуа, мысқылмен астарлап бейнелеу десек, романнан оның да алуан түрлі қолданылу үлгілерін кездестіреміз. Ажуа мысқылға сөздердің астарлы мағыналары, олардың бір-бірімен байланысы қызмет етеді», – дейді жазушының юмор тудыра суреттеу шеберлігі жайлы ғалым Б. Шалабай.

Ғ. Мүсіреповтың юмор туғыза суреттеген жолдары кейіпкерлердің Жұман мен Игіліктің, Рязанов, Ушаков т.б. ұнамсыз тұлғаларын жасайды. Рязанов сырттай қарағанда «сыпайы», «мәдениетті», «жұмсақ» адам сияқты

Алдамшы көріністерін тілдік құралдар арқылы мысқылдап отырады. Мысалы, «атқа үнемі сұлыны тәуір берсе, жұмысты жақсы істейді» деген ойда болуының өзі оның арам пиғылын, айлакерлігін көрсетеді.

Көркем мәтінде юморлық образ жасауға негіз етіп синекдоха алынады, бейнелі экспрессивтік мән тудырады. Автор адам ұғымының орнына анатомиялық дене мүшелерінің бірін жұмсайды. Көбіне бас, сақал, мұрт, ауыз, қол т.б. дене мүшелері атаулық ұғымдардың орнына жүреді және шығармада көркем образ жасауға негіз болады, бейнелі экспрессивтік-эмоциялық мән тудырады.

Сатира – өмірдегі кеселді, келенсіздікті, кері кеткендігі қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, қағып-сілкілейді, мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді. Ғ. Мүсірепов «желке» сөзін синекдоха ретінде қолдана отырып, оған сатиралық (өзіл-сықақтық, юморлық) сипаттама береді.

«Әр желке әр себептен қышиды, оның үстіне әр кезде қышиды... Кейде бір желке қыши бастағанда, екінші бір желке күдірейе бастайтын әдеті бар. Кейде көп желкелер кәдуілгідей үн қосып қышып кетеді».

Төмендегі мысалдарда эпитеттер кейіпкер портретін суреттеу мақсатында ғана қолданылмаған, кейіпкерге мінездеме беру үшін, кейіпкердің ішкі сезімдерін, көңіл күйін бейнелеу үшін жұмсалған. Мысалы, «Тышқан көзін әркімге бір жалтырытып, сыдыртып амандасып шықты.

«Әйтпес аппақ, ақ қарбас, соқыр қарт етектей сақалын балуан бармақтарымен саладай тарап отыр еді».

«Жалпақ жаурыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей болып, оқ бойы алдымызда отырады; астында сар қасқа аты бар, шекіп тастап, оқтаудай ойнап, кейіктей ыршып келеді».

Академик-сыншы Серік Қирабаев Ғ. Мүсіреповтің көркемдік әлемін түйсіне, терең пайымдай отырып, былай деп жазады: «әдетте, жазушыға сипаттама беруден көп қолданылатын кітап аттарымен геройларды атау, олардың тақырыбы мен идеясын айту Ғабиттің жазушылық жолын әңгімелеуге келе бермейді. Оның әдеби мұрасы жалпылай сөйлеуді ешқашан көтерген емес. Өйткені, Ғабиттің әр кітабы – өз алдына эстетикалық мұрат – мақсаты бар көркем қазына. Жалпы адам абласының көркемдік ой – пікірін байытудағы сөз зергерлерінің қызметін ол жақсы түсінеді. Абай айтқан «қиыннан қиыстырар ер данасы» көп болмаса, сол азғана топтың ішінде Ғабиттің де өз орны бар» [2, 122].

Ғ. Мүсірепов шығармаларында кездесетін эпитеттерді стильдік қызметі, яғни автордың эпитеттерді қолдану мақсатына қарай бірнеше топқа жіктеуге болады.

Автордың эпитеттерді қолдану мақсаттарының бірі- табиғат көріністерін, тұрмыстық жайларды, жеке құбылыстар мен заттарды оқушы сезіміне әсер етерліктей етіп беру. Мысалы, Салпы етек, жылауық күз емес, гуілдеген желді күз еді. Түндік біткен шаңырақты сабалап, қараша үйлер тозығы жеткендігін айтып, зар қақсап, сықыр-сықыр етеді. Бұрқырап түсе бастаған күзгі сары ала жапырақ ауыл қотанында жындай ойнақтайды. Қартайған, ескірген, күні өткеннің бәрі де зікір салып тұрғандай. Қызыл майдан бұл ауылдардың үстіне енді ғана жақындап келе жатқан кезі (81). Мұндағы күз көрінісі сұлу сөздерімен нақты берілген және сол кезеңдегі ауыр өмірдің кейпін танытып тұрғандай.

Жазушы эпитетті кейіпкердің бейнесін, сыртқы көрінісін, портретін жасауда кеңінен қолданған. Мысалы, Біздің аз ғана айналыс жасағымыз келіп еді. Осы ауылға- деді, былғары киімді, ұзын бойлы, қырма сақалды жігіт, есік алдында тұрған жапарға

(85). «былғары киімді», «ұзын бойлы», «қырма сақалды»- бұлардың барлығы- қазақтың хас сұлу жігіттің бейнесі.

«-Антоновты ерегестіретін осы елдің өзі ғой. Әйтпесе бізге неге тимейді? Бұл өзі ессіз жігіт емес! – деп, Жұман бай ағайынға көңіл айтып отыр. – Е, мал орны толар, жан аман қалғанын айт... – деп қояды» – деген сөйлемде Антонов атты орыс әскер адамының бойындағы қасиеттің бар болғанына көз жеткіземіз.

«-Бақыт дүниесі келе жатқанда, ең соңғы бақытсыз мен болмақпын ба? Көргім келеді сол дүниеші Мәніне көз жеткен соң, сәнін келтіретін біз болармыз, дейді қуанышты ана. Бұл сөздер ана аузынан дұғадай естіледі» – деген үзіндіде «бақыт дүниесі» эпитетінің маңызы өте орынды қолданған. Тіпті, оқырманның өзін де, бұл өмірдегі бақыттың негізі қандай деген сауалға жетелейді.

«Сірәсіп қалғандай табан аудармай кек кернеген ана тұр да, мың сұрауына бір жауап ала алмай ызаға булығып Антонов тұр»- деген сөйлемде екі кейіпкердің бейнесін бірден берген.

«... Ана арқасына қайыс қамшы жыландай жүйткіп жүр... Арашаға жарай алмаған ауыл ұятына тұншыққандай тым-тырыс. Тек отыз өрім қамшы ғана әйел арқасында жыландай ысылдайды. Аанада үн жоқ» – ананың бойындағы шыдамдылық пен сабырлықты нақты танытып тұр.

«Әй, әй, қатын! Байынның түрмеде жатқаны аз болып жүр ме саған? Ендігі арманың балаң екеуің бірге кету ме еді түрмеге? Нең бар еді сенің пәлеге соқтығып? Есінде болсын, өз мойныңмен көтересің!— деді Нағимаға» – кейіпкер образын бір ғана сөзбен де жеткізіп тұр. Бұл шығарманың барлық сөйлемі арқылы әрбір кейіпкер қасиетін жеке-жеке саралап қоюға болатындай әсер қалдырады.

«Шығарма кейіпкерлерінің дүниетанымы мен адами келбеті образ жасауда ескерілетін маңызды жайт болуы тиіс. Өйткені көркем әдебиетте олардың көрінуіне тілдік ерекшеліктердің қосар үлгісі аз емес» [2, 15].

Көркем туынды – қоғамның айнасы. Жазушы кейіпкердің қайталанбас портретін жасау үшін оған тән барлық белгіні, оның ішінде тілдік ерекшеліктерді де пайдалануға тырысады. Яғни ұлттық ерекшеліктен бастап, кәсібі мен мекен еткен жеріне байланысты тілдік қолданыстар, сондай-ақ жас ерекшелігін, әлеуметтік сипатын танытатын білім деңгейіне, қатысты сөз саптауындағы тілдік ерекшеліктер назардан тыс қалмайды.

Жазушының сөз қолдану ерекшелігін, суреткерлік шеберлігін, дара стилін анықтауда, көркем туындыны стилистикалық тұрғыдан талдауда кейіпкер тіліндегі айшықтау құралдары мен кейіпкер

тілін талдаудың да маңызы бар. Р. Сыздықова, Х. Кәрімов, Б. Шалабай, К. Еңсебаева, Г. Ә. Сәрсекке, Г. Т. Кәріпжанова, Г. Т. Әбікенова, Б. Қадырова т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. К. Еңсебаева қазіргі көркем әдебиеттегі кейіпкер тілінің стильдік қызметін анықтап, кейіпкер бейнесін жасауға қатысатын тілдік-стильдік элементтерді талдайды. Кейіпкер тіліндегі синтаксистік құрылымдардың образ жасауға қатысы жөнінде тұжырымдар жасайды. «Кейіпкер сөзі – жазушының жеке дара баяндау стилінің ерекшелігін ғана айқындап қоймайды. Ол кейіпкердің мінез құлықтарының қырларын, көкарасын, психологиясын ашатын бірден-бір көркемдік амал. Персонаж сөзі – кейіпкердің жан әлемін ашатын шығарманың көркемдік кестесінің ажырамас бөлігі»[2, 68].

Қаламгер синекдоха мен метонимияны пайдалана отырып адам мінезіндегі жалқаулық, бойкүйездік, жемқорлық сияқты кейбір кемшіліктерді ашатыны, кейіпкердің кескін-кейпіндегі ұсқынсыздықты баяндайтыны, мінез-құлық, жүріс-тұрыс, іс-әрекет ерсілігін және кейбір үйлесімсіздікті күлкі тудыра отырып көрсетеді.

«Көрнекті суреткер Тахауи Ахтанов өзінің «Талант мөлдірлігі» атты мақаласында: «Қазақ сөз зергерлерінің ішінде Мүсіреповтің қайталанбас жазушылық қолтаңбас ерекше. Стилінің әсемдігі, дәлдігі, тілінің нәрлілігі, нәзік юморы мен аса байқампаздығы – бүкіл бір ұрпаққа үлгі» – деген пікіріне сүйенсек, суреткер прозасы әрқашан әдебиетіміздің асу-асу белдерін, шоқтығы зор кезеңдерін айқындап береді. Екен. Расында, уақыт көшінен қарасақ оның бастапқы әңгімелері 20-30ж-ғы, «Қазақ солдатты» романы 40-ж-ғы, «Оянған өлке» романы 50-ж-ғы, «Кездеспей керкен бір бейне» поэмасы мен новеллары 60-ж-ғы, «Ұлпан» романы 70-ж-ғы, «Жат қолында» романы 80-ж-ғы қазақ прозасының, тұтастай алғанда, қазақ совет әдебиетінің мерейін аспандатып тұрған көшелі дүниелер екен. Ал мұндай дәрежеге жету суреткердің суреткеріне бұйыратын бақып, ырыс-несібе. Өйткені, Тәкен Әлімқұлов сөзімен айтсақ: «Ғабит Мүсірепов өзін де, өзгені де қайталамаған ұлы суреткер!» [4, 72–73].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қаратаев М. Шығармалары. А. , 1978.
- 2 Қирабаев С. Шығармалар жинағы II – том, А. , 177.
- 3 Мүсірепов Ф. Таңдамалы үш томдық шығармалар жинағы. 2 том. Алматы «Жазушы» 1980.
- 4 Жұмабеков С. Ғабит Мүсірепов. А. , 1989.

## ҚАЗІРГІ ЖАСТАРЫНЫҢ СЛЕНГ ТҮРЛЕРІ

МАЙДАНОВА А. М.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ИЛЬЯСОВА Ж. А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КАПАСОВА Б. К.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ахмет Байтұрсынұлы ағамыздың айтқандай «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады».

Студенттер, мектеп оқушылары қазақ тілінде таза сөйлеуді қойды. Онын орнына сленг, жаргон сөздерді жиі қолданатын болды. Бұл қазақ тілінің қоғам арасындағы деңгейінің төмендеуі деп айтсақ қателеспейміз.. Жалпы сленг сөздерді, жастар өзара ерекше сөйлеу үшін қолданады. Өздерін басқалардан бөлек, күшті сезіну себебімен де болуы мүмкін. Күнделікті естіп жүрген жаргон, орысша сөздермен ғана емес қазақ тілімен де кездеседі.

Қазіргі жастар дәрежі сөйлеп, блогтарына балағат сөздерді жазып, мәдениет және тәрбие дегенді білмейтіндігін нақты көрсеткен. Тек ұлдар ғана емес, қыздарда үнемі жаман сөздерді айтып жүретіні бәріне белгілі. Осыдан балалардың ішкі мәдениетін анық аңғаруға болады. Мәдениетті сөйлеу, қоғымның дамуына да байланысты. Мұның бәрені ғаламтор, технологиялық жетістіктер, батыстың киноларының әсері шығар.

«Сленг» – күнделікті өмірде белгілі бір заттың атауы үшін қолданылатын, қалыпты тілден ауытқыған, мысқылдап, мәнерлі сөздер. Сленг әртүрлі әлеуметтік топтардың ерекше қолданыстағы сөздері. Сондықтан сленг ерекше лексика қызығушылықтары ортақ адамдардың қарым – қатынастарынан туындайтын сөздер деп көрсетеді.

Сленг жастар арасындағы қарым-қатынастың бір ерекше түрі. Жаргонмен сөйлеп олар бір-бірін жақсы түсінеді.

Сонымен сленг ауыз-екі сөйлеу тілінде ең үлкен орын алады, күнделікті өмірдегі қолданыста кең етек жайып отырған тілдік бірлік болып отырады. Сленгтердің болмысын толық зерттеген лингвистер

оның стилистикалық ерекшелігіне, құрылымына, қолданыс аясына қарай түрлі топтарға бөледі.

Э. Патридж сленг сөздері мен тіркестерін үлкен 4 топтарға бөліп топтастырды:

1 Ұры-қарылардың сленгтері;

2 Уақытша әйгілі болып, кейін қолданыстан шығып қалатын сленгтер;

3 Ескіріп ұмыт бола жаздаған, алайда қолданысқа қайта шығуға ұсытылатын сленгтер. Бұл сленгтердің біразы стандартты тілдің құрамына кіреді де, біразы сленг күйінде ескіріп қолданыстан шығып қалатын сленгтер;

4 Ұзақ уақыт бойы өзінің сленгтік күйін өзгертпей келе жатқан тұрақты сленгтер [1].

Орыс лингвисті И. Н. Гальперин болса сленг сөздерінің стилистикалық қабаттарына, құрылымына байланысты өзінің мүлдем басқа топтастырылуын ұсынды:

1 Ұры-қарылардың сленгі;

2 Сленг ретінде де сөйлеу тілі ретінде де қарастырылатын сленгтер;

3 Ауыспалы мағынадағы сленг деп қарастырылып, арнайы сленг сөздіктерінде тіркелетін сөдер;

4 Конверсия арқылы пайда болатын сленг сөздері;

5. Қысқарған сленг болып саналатын сөдер;

6 Синтактикалық не морфологиялық заңдылықтарына бағынбай жасалатын тіркестер;

Орыс лингвистерінің біразы жаргонмен бір етіп қарастырса, келесі біреулер оны оырс тілінде мүлдем жоққа шығарады. Сол лингвистердің бірі Грачев өзінің төмендегідей классификациясын ұсынды:

1 Арго;

2 Жаргон (немесе сленг);

3 Кәсіби сөздер;

Грачев жаргон мен сленгтің төмендегідей классификациясын ұсынды:

1 Компьютер сленгтер;

2 Жастар сленгі;

3 Түрлі салаларда қолданылатын сленгтер;

4 Күнделікті өмірде айтылатын сленг сөздер.

Американ лингвистері Ирвинк, Хорибаи, Уэнторс болса сленг сөздерін түрлі қоғамдарда қолданылуына қарай топтастырды:

- 1 Жұмысшалардың қолданылатын сленг сөздері;
- 2 Афро-Американдықтардың сленгі;
- 3 Жасөспірімдер сленгі;
- 4 Түрлі салаларда қолданылатын сленгтер;
- 5 Компьютер сленгі;
- 6 Жастар, студенттер қолданылатын сленгтер.

Жоғарыда көрсетіп өткен сленгтердің топтастырылулары байқағанымыздай бір-бірінен жан-жақты ерекшеленеді. Жалпы сленгтің өзін анықтау қиын болғандықтан, оны топтастыру одан да үлкен қиындықтар туғызады. Сондықтан да жоғарыда көрсетілген сленгтердің топтастырылуы бір-бірімен байланыссыз әр түрлі бағыттан көрінеді.

Бүгінгі жастар сленгтер мен жаргондарды әртүрлі себептерге байланысты қолданады:

- әсер қалдыруы үшін;
- елден ерекше болу;
- өзгелер түсінбеу үшін;
- белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету үшін;
- әзіл ретінде де қолданады [2].

Қазіргі жастардың көбі сленг сөздерімен немесе жаргон сөздерімен жиі қолданады. Тіпті жастар ғана емес, ересек адамдар да кәдімгі жұмыс орындарында, оқу орындарында сленг сөздерін пайдаланады. Қарт адамдардың да өз тілі, өзінің құпия сөздері, ешкімге мәлім емес, екеуі ғана білетін сленгтері бар. Сөйтіп сленгтерді жас ерекшелігіне байланысты топтастыруға болады. Немесе сипатына қарай топтастыруға болады. Мысалы біз сол топтастыруды кесте түрінде келтірдік:

Кесте 1

Зат есім атаулары	Сын сипатқа байланысты сленгтер	Қимыл-әрекетке байланысты сленгтер	Уақытқа байланысты сленгтер	Эмоцияға байланысты сленгтер
Ауру- адамға маза бермейтін адам	Жындыларский зат- ыңғайсыз зат	Тормозы ұстап қалу,зависать ету- бөгеліп қалу	Одной ногой там, другой ногой здесь – жылдам, тез, лезде немесе қазақ тілінде көзді ашып жұмғанша тіркесімен алмастыруға болады	ёё маё-мәссаған, таң қалу

Қуғынбай – артық сөйлеп кеткен, мылжың	Типаж болу, блатной-өзімшіл, өркөкірек	Базар жоқ-сенімді болу		Елки-палки – мәссаған
Ботан – сабақты өте жақсы оқиды	Жылауық -қызғаншақ, іші тар	Косякка кіру		Японский бог – таң қалу мағынасында
Крышасы бар, танкасы бар–қолдау көрсететін ағасы бар	Мықты шарит, прошаренный – ойлау қабілеті жылдам	Құлаққа лапша ілу – өтірік айту		Ежкин кот – құлазу, ашулану
Мамка, баты-ата-ана	Типа – сол сияқты, тәрізді, секілді	Маяк тастау, скидовать ету		Ёё маё-мәссаған, таң қалу
Шеф – бастық		Шпор жасау		Забей – ұмыт, қоя сал
Аташка- ата		Сасымашы-босқа сөйлему		
Ажека- әже		Зубрить-жаттауды тақылдап айту		
Сушняк- сусын		Миді шіріту-көп сөйлеу		
Братуха-аға		Ала көзімен стрелять ету-қадала қарау		
Раха-рахмет		Потеря болу-қобалжу, әбіржу		

Жоғарыдағы топтастыруға қарай жігіттердің сөйлеуіндегі қолданысқа байланысты да топтастыруға болады. Қазақ тілді жастардың сөйлеуінде интенсификатор-паразиттер аса көп кездесетіні айқындалды: конкретно (10 %), базар жоқ (8. 7 %),

отвечаю (8 %), кәдімгі (4. 2 %) Төмендегі дискурс- екі 18 және 20 жасар жігіттердің арасындағы әңгіме [3].

Сленгті айтылу мақсатына қарай бөліп,мына пікірлерге назар аудардық.

Бізде «сленг» дегеннің көптеген анықтамалары бар. Ал ең кең тараған анықтамалардың бірі В. А. Хомяковтікі жатқыздыруға болады: «сленг белгілі бір кезеңде салыстырмалы түрде тұрақты, кеңінен қолданылатын, стилистикалық түрде белгіленетін (қысқартылған) лексикалық қабат (зат құбылыстары, заттар, процестер мен белгілерді білдіретін зат есімдер, сын есімдер және етістіктер) әдеби тілге кіретін экспрессивті тілдің құрамдас бөлігі, оның шыққан жерінде өте гетерогенді, әдеби стандартқа жуықтау дәрежесі.

Сленг туралы кең таралған тұжырымдамалар:

1) Сленгті әдеби лексика емес, яғни. қазіргі әдеби нормалардың талаптары бойынша әдеби ағылшын тілінен (стандартты ағылшын) тыс сөздер мен комбинациялар.

2) Сленг – бұл негізінен ауызша сөйлеуде пайда болатын және қолданылатын сөздік сөз.

3) Сленг – эмоционалды түрде түсті сөздік.

4) Сленгті сөздер мен сөз тіркестерінің басым көпшілігінің көп немесе аз белгілі танысуы сипатталады. Сленгтің бұл қасиеті оны пайдаланудың стилистикалық шекараларын шектейді.

Осы тұжырымдамалар арқылы сленгті 8 түрге бөліп қарастырдық:

Сленг түрлері және оларға мысал:

Кесте 2

Медициналық сленг	Бизнес сленг	Әскери сленг	Компьютерлік сленг	Журналистік сленг	Мүғалімдер сленгі	Қылмыстық сленг	Оқушылар сленгі
Консервы – отасыз емделінетін науқастар	Вип – компанияның вице-президенті	Дел – әскери борышы бір жылдан аса өтіп жүрген сарбаз	Тормозы ұстап қалды – бір жағдайдан шешім таба алмай қалды, осыған синоним ретінде «зависать етіп қалды» деген тіркес бар	Джинсить – әртүрлі мақсаттарға жету үшін кіршіксіз PR жасау («Атың шықпаса, жер өрте» атты мақалын жатқызуга болады)	Камчатка – артыңғы парталар	Ұрылардың кеші – мерекелік кеш	Физра – дене шынықтыру пәні

Дикобраз – ине арқылы емделінетін науқас	Ассессор – персоналды бағалау жөніндегі маман	«Мамлей» – кіші лейтенант	Бегучка – жүгіртпе жол	Ньюсмейкер – жаңалық ашушы	Окно – бос сабақ	Академик – тәжірибелі ғылымгер	Истеришка – тарих мұғалімі
Анестезавры – анестезиологтар	Бенефит – сыйақы	«Дух» – антты қабылдаған жас сарбаз	Глаз (көз) – монитор.	Юпик – әлеуметтік желідегі басты сурет	Нулевка – даярлық топ	Анархист – бұрынғы ұры, ережелерді сақтамағаны үшін, ұрылардың тобынан қуылған адам	Мелочь – бастауыш сынып оқушылары

Тілі бардың, елі бар дейді. Әркім қазақ тілін бұзылмай сақталуын тілейді деп үміттенеміз. Сол үшін Абайды, Мұқағали Мақатаевті, Ахмет Байтұрсынұлын, Мұхтар Әуезовты, Сәкен Сейфуллин және тағы басқа көптеген ақын жазушыларымызды оқып, білуіміз қажет деп еместейміз. Тілдің мәдениеті, болашағы, сақталуы, қоғамның қолында!

## ӘДЕБИЕТТЕР

### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Журнал «Мектептегі шет тілі» № 2/2004жыл Тайжанова А. Р мақала: «Сленг,его место в казахском, английском и русском языке»

2 Русский язык в школе 2012 № 3 Л. А. Савелова «Богат ли сленг наречиями» 69 б.

3 Журнал «Хабаршы» Бекжанова Ж. Е «Сленг қазақ және ағылшын жастарының дискурсында коммуникативтік стильдің айқындаушы белгісі ретінде» 2015 № 5 262 б.

## ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІ: УАҚЫТ ЖӘНЕ КЕҢІСТІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРДІҢ ТІЛДІК РЕПРЕЗЕНТАНТТАРЫ

МАНЯПОВА Т. К.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

МУКАТАЕВА А. Е.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кеңістік пен уақыт жалпы әлем туралы түсініктерді қалыптастыруға ықпал ететін әмбебап категориялар болып табылады. Уақыт пен кеңістік – материяның болуының негізгі түрлері. Бұл категориялардың нақтылығы/абстрактілігі және олардың қасиеттері мәселесі қазіргі уақытқа дейін өзектілігін жоғалтпайды.

Үдемелі адами таным өзінің дамуы барысында объективті уақыт пен кеңістік туралы дұрыс түсініктерді біртіндеп нақтылап тереңдетуде.

Бұл категориялар жекелеген ғылымдардың және интеграцияланған ғылыми бағыттардың зерттеу объектісі болып табылады. Терминдердің мағыналық мазмұны әр бағыттағы кеңістік пен уақыттың ерекше спектралды компонентіне ие – философиялық, биологиялық, психологиялық, физикалық, лингвистикалық және т.б. Бұл категориялардың универсальдылығы негізінде әртүрлі ғылыми салалардағы кеңістік және уақыт категорияларының мәндері бір-біріне қайшы келмейді: олар «өзара мәнді сәйкестік қарым-қатынасында» немесе салалық ерекшелік бойынша мағыналық толықтырулары бар сипатында қолданылады [1, 5 б.]. Сондықтан аталмыш категорияларды қарастыруда ұғымдық-категориялық аппарат ретінде әртүрлі ғылыми салаларға байланысты мағыналас немесе сәйкес терминдер пайдаланылады: төрт өлшемді континуум, кеңістік-уақыт, универсум моделі, әлем (дүние) бейнесі, әлемнің (дүниенің) тілдік бейнесі, әлемнің (дүниенің) тұжырымдамалық бейнесі, әлем (дүние) моделі және т.б.

Қарастырылып отырған құбылыстарды окшаулауға қатысы бар әртүрлі ғылым салаларының мамандары өз зерттеулерінде кеңістік категориясын түсіндірудегі күрделілікті атап өтеді, бұл адам санасында және тілде кеңістіктік қатынастарды қабылдау мен кодтаудың ерекше сипатына байланысты.

Кеңістік пен уақыттың лингвистикалық аспектісі деп нақты және ирреалды, ақыл-ой кеңістігі мен уақыттың кейбір моделін және «барлық нақты тілдердің әмбебап қасиеттері» шоғырланған жалпы адам тілінде және жекелеген этникалық тілдерде бейнелеуді түсінеді: оларда «тілдің инвариантты қасиеттері» жүзеге асырылады [2, 9 б.].

Әртүрлі ғылыми салаларда түсіндірілетін және сипатталатын кеңістіктің концептуализациясы және оның тілдік репрезентациясы әрбір жеке тілде көрсетілетін әлемнің (дүниенің) ғылыми, сондай-ақ қарапайым бейнелерінің елеулі және маңызды бөлігі болып табылады. Бұл категориялардың тілдік репрезентациясына адам санасындағы кеңістік, оның параметрлері, сипаттамалары және олардың этнолингвоментальды экспликациясы тән.

Кеңістік пен уақыт «шынайы ақиқат формалары» (Бахтин) және тиісінше «қарапайым қабылдау мен ұсыныстардан бастап кез келген танымның қажетті нысандары» (Кант) мәні болып табылады. Материяның болуының жалпы формасы ретінде кеңістік пен уақытты философиялық анықтауда олардың мәні нақтыланады, атап айтқанда:

– кеңістік пен уақыт объективті сипатқа ие, материядан бөлінбейді, оның қозғалысымен және бір-бірімен тығыз байланысты, сандық және сапалы шексіздікке ие;

– кеңістік – бұл материалдық жүйелердің құрылымы мен ұзындығын сипаттайтын материалдық объектілер мен процестердің қатар өмір сүруінің нысаны; кеңістік бір мезгілде қатар өмір сүретін объектілердің орналасу тәртібін білдіреді, осыдан кеңістіктің жалпы қасиеттері – ұзындығы, үздіктілік пен үздіксіздік бірлігі; уақыт – бір-бірін ауыстыратын құбылыстардың өмір сүру кезектілігі, демек, уақыттың қасиеттері – ұзақтығы, қайтарылмайтындығы, ерекшелігі [3–7].

Тіл иеленушілердің дүниені қабылдау тәсілінің «ұқсамастығы», «әлем модельдері» тілдік репрезентация құралдарының түпнұсқалық жиынтығында көрінеді. Кеңістіктік және уақыт категорияларын қабылдау және түсіну өзгешеліктерін білдіретін этникалық маркерлердің өзіндік ерекшелігі этностың әлем бейнесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Әлемнің фольклорлық бейнесі – бұл «этностың концептуалды бейнесінің фрагменті, фольклорлық дәстүрді тасымалдаушылардың әлем бейнесінің құрамдас бір бөлшегі». Әлемнің фольклорлық бейнесінің негізінде әлемнің архаикалық немесе мифопоэтикалық бейнесі жатыр:

– архаикалық мифологиялық ойлау (себеп-салдарлық байланыстардың, қабылдауды жалпылаудың, абстракция мен ұғымдардың болмауы, кеңістік пен уақытты және басқа категорияларды ерекше қабылдау);

– фольклорлық мәтіндердің салт-дәстүрлердің «мазмұнына» тәуелді болуы немесе салт-дәстүр «мазмұнымен» тығыз байланыста болуы, «батыуы» (осыдан фольклорлық мәтіндердің бірнеше рет

кайталануы, жаңғыруы және нысаны мен мазмұны жағынан өзгермеуі);

– мәдени дәстүрдің ұзақ мерзімді болуы (өміршеңдігі) және сабақтастығы;

– «фольклордың көп қабаттылығы» және көп сатылылығы (полистадиальность);

– фольклордың ұлттық-мәдени ақпаратты жинақтау қабілеттілігі және т.б.

Антропоцентристік «үрдістер» және кеңістіктік пен уақыт модельдерінің этникалық көрінісі келесі тілдік фактілерде көрсетілген: айшылық алыс жер, арасы жер мен көктей, арасы таяқ тастам, алақанның аясындай, бір қыдыру жер, бір мойын жер, көз жетер жер, көз көрмес, құлақ естімес жер, көз көрмес (көз жеткісіз) жер, қамшы салым жер, қол созым (ұсыным) жер, он екі тұтам (оқ), тай шаптырым жер, таяқ тастам (сілтем) жер, таяқ бойы жер, түйенің табаны түсетін жер, ұлғарақтай жер қазақ этносы әлемінің тілдік бейнесінде және мерить на свой аршин, бок о бок, от горшка два вершка, двор о двор, за тридевять земель, места не столь отдаленные, море по колено, рукой подать, роста в косую сажень, куда Макар телят не гонял, за семь верст киселя хлебать, семимильными шагами және т.б. орыс этносы әлемінің тілдік бейнесінде және once upon a time, there were, a very long time ago, once, far far away, in the end, and they lived happily ever and after, one day, one fine morning ағылшын этносы әлемінің тілдік бейнесінде.

Универсумның кеңістіктік моделі этнос әлемі бейнесінің іргетасы болып табылады. Оны қалыптастырудың маңызды факторлары – этнос территориясының табиғи-географиялық жағдайы, қоғамдық формация түрі, шаруашылық нысаны, еңбек қызметінің түрі, тұрмыс салты мен құрылымы.

Орыс этносының этникалық санасында кеңістік/уақыт түсініктерінің қалыптасуы және кеңістік пен уақытты сегменттеу осы этностың отырықшы өмір салтына, шаруашылық жүргізу (егіншілік) түріне, белгілі аумақта әлеуметтік-экономикалық бейімделуіне байланысты.

Қазақ этносының ішкі этникалық құрылымы мен менталитеті әлеуметтік-мәдени бейімделудің ерекше нысаны – көшпелі мал шаруашылығы негізінде қалыптасты. Қазақ этносының әлем бейнесінің бірегейлігі рулық-тайпалық қауымдастықтардың кеңістігін сегменттеуде көрініс тапқан.

Ағылшын ертегісінің тілдік «кеңістігінде» жер мен су атаулары шоғырланған (bog, river, flood, meadow, rock, forest), табиғи-климаттық жағдайы бейнеленген (whirlwind, shower, flood-time,

frosty, warm), пайдалы қазбалар (gold, silver, iron, marble, coal, ruby), жабайы және жасанды өсімдіктер (apple-tree, briar, barley, tulip, rose, rue, pumpkin) көрсетілген. Ағылшын этносының әлем бейнесінің ерекшелігі объектілердің адам шаруашылығындағы рөліне және объектілерді игеру дәрежесіне байланысты.

Ұлттық-мәдени мәндердің шоғырлануының ең жоғарғы дәрежесі фольклорлық мәтіндерде – «күрделі түрде кодталған хабарламаларда» анықталғаны белгілі, өйткені олар бір мезгілде эстетикалық, көркемдік және прагматикалық функцияларды атқарады [8, 9–66]. Әдет-ғұрыптар мен рәсімдерге енгізілген фольклорлық мәтіндер тұрмысты сипаттау үшін емес, «шындықты шығармашылық тұрғыдан бұрмалау» құралы болып табылады.

Фольклорлық шындық семиотикалық оппозиция жүйесінде көрсетілген (шамамен қырық негізгі оппозиция бар). Вербалды репрезентанттардың тұнғыық терең символдық мағынасы бар (за тридевять земель, тридевятое царство, тридесятое государство), ал мифологиялық және фольклорлық кеңістік бейнесі шартты түрде құрылымдалған, сакральды ядро мен периферияға бөлінген.

Мысалы: «в некотором царстве, в некотором государстве»/«жерлердің бір жерінде, күндердің бір күнінде» деген белгілі формулалар кеңістік және уақыттың белгісіздігін көрсетеді.

Кейіпкерлердің оқиға желісі бойынша орын ауыстыруы ертегінің кеңістіктігінде болады. Кеңістік семантикасы бар лексикалық бірліктер (дала, шаһар, жер/жақ, тау, орман концептілері) ертегінің семантикалық кеңістігін қамтиды. Бұл концептілер ертегінің сюжеттік арнасындағы «шындықты» адамның ежелгі нанымдарын бейнелейтін символдармен, суреттермен толықтырады: күндердің бір күні (қай жылдын, қай айдын және қай күні болғаны белгіссіз), жыл артынан жыл, күн артынан күн (уақыттың тоқтаусыз өтіп бара жатқанын көрсетеді), ерте заманда (белгісіз бұрынғы уақытта), түн ортасы (өте кеш), бірде алыс-алыс патшалықта (қайда екені белгісіз, бірақ шалғай жерде екені белгілі), сонау атам заманда (өте ерте заманда болған оқиға), күндердің күнінде (белгісіз, бұрынғы бір заманда), түн жамылған (күн батқан кез), қараңғы мен жарық (күн мен түн), once upon a time (как то раз), there were (жили-были), a very long time ago (давным-давно), once (однажды), far far away (тридевятое царство), in the end (в конце концов), and they lived happily ever and after (и жили они долго и счастливо), one day (однажды), one fine morning (одним солнечным утром).

Сонымен, этнос территориясының табиғи-географиялық жағдайы, қоғамдық формация түрі, шаруашылық нысаны, еңбек қызметінің түрі,



тұрмыс салты мен құрылымы – этникалық универсумның моделін құраушы факторлар. Әр этнос әлемінің өзіндік концептуалды бейнесі бар. Халықтың кеністік және уақыт туралы түсініктері этнос әлемінің концептуалды және тілдік бейнесінде өз көрінісін табады.

Этностың концептуалды бейнесінің құрамдас бөлшегі болып табылатын әлемнің фольклорлық бейнесінде ұлттық-мәдени мәндердің тілдік репрезенттары кодталған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. Изд. 4-е, стереотипное. – М. : КомКнига, 2007. – 576 с.

2 Кибрик А. Е. Очерки по общим и прикладным вопросам языкознания: универсальное, типовое и специфичное в языке. Изд. 5, дополненное – М. : URSS, 2012. – 352 с.

3 Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы, «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 320 с.

4 Попова З. Я. , Стернин И. А. Язык и национальная картина мира. – Москва, Берлин: Директ-Медиа, 2015. – 101 с.

5 Попова З. Я. , Стернин И. А. Концептосфера и картина мира // Язык и национальное сознание. Вып. 3. Воронеж: Истоки, 2002, с. 4-8.

6 цит. по Попова З. Д, Стернин И. А. Семантико-когнитивный анализ языка. – Воронеж, «Изд-во университета» 2006. – 317 с.

7 Исабеков С. Е. Универсалии, фреквенталии и уникалии в системе пословиц неродственных языков // Язык и культура: функционирование и взаимодействие. Материалы международной научной конференции 25-27 февраля 2003г. – Шымкент: «РИО», 2003, с. 23-36.

8 Никитина С. Е. Устная народная культура и языковое сознание. М. , 1993. – 66 с.

#### АҚЫНДЫҚ МЕКТЕП ЖӘНЕ АБАЙ БАЛАЛАРЫ

НАЙЗАБЕКОВА А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БАРАТОВА М. Н.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ұлы ақын Абай мұрасы – халқымыздың мәңгі өшпес, өлмес рухани байлығы. Абайдың ақындық даралығы, данышпан даналығы, ұлылығы туралы бүгінгі таңға дейін аз дүниелер жазылған жоқ. Ал оның өзге ақындардан айрықша бір ерекшелігі – оның ұстаздығы,

қазақ даласында әдеби мектеп негізін қалағандығы. «Қазақтың басқа ақындарымен салыстырғанда Абайдың үлгісін алған шәкірттері болуы – Абайдың әдебиеттік мектебін жасауы» деген М. О. Әуезовтің сөзі бұл ойымыздың айқын дәлелі. Абай ұлылығын тану оның бай мұрасын жан-жақты менгерумен ғана шектелмек емес. Ұлы ақын әлемі оның ақындық тағылымын алып, артына мол мұраларын қалдырған шәкірттері шығармашылығымен толыса түспек.

Біз осы ғылыми мақаламызда М. О. Әуезовтің «толық мағынадағы шәкірттер» тұрғысындағы пікірін басшылыққа алып, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында өмір сүрген Абай айналасындағы ақындарды зерттеу нысанына алдық

Қазақ халқының ақындық өнерінің даму тарихында Ақылбай, Мағауия, Тұрағұлдың алатын орны айрықша зор. Олардың әдеби мұралары бүгінгі таңда жан-жақты зерттеліп келеді.

Абайтанушы-ғалым М. Мырзахметұлы абайтанудың ғылыми тұрғыдан зерттелуін үш салаға, алғашқы дәуірі – 1889–1934 жж. , екінші кезеңі, 1934–1961 жылдар аралығын қамтитын М. Әуезов кезеңі, үшіншісі – 1961 жылдан кейінгі кезең [1]. , – деп бөлген. Ғалымның әр кезеңнің ерекшеліктеріне сай тұжырым пікірлеріне қосыла отырып, абайтанудың ғылыми зерттелу жолындағы Абайдың әдеби ортасы және оның құрамдас бір бөлігі ақындық мектеп тақырыбының зерттелу жайын бүгінгі көзқарастар тұрғысынан пайымдау ғылым үшін маңызды.

Абай туралы деректер ақынның көзі тірісінде-ақ жарыққа шыға бастағаны белгілі. Абай ақындығына алғаш баспасөзде баға берген Мәшһүр Жүсіп Көпеев болатын. Абайды Құнанбайға ас бермедің деп сөксе де, Абай сөзінен шын өнердің үшқынын анық байқаған Мәшһүр Жүсіп болады.

Абай туралы пікірлер, оның ішінде Абай ортасы, Абай шәкірттері тақырыбындағы мәселе төңкерістен кейін кеңірек сөз бола бастады. Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің 1918 жылы шыққан «Абайдың өмірі һәм қызметі» деген мақаласында Абай дәстүрі, оның тікелей мұрагерлері туралы былай дейді: «Бұл күнде жұрт Абайдың сөзімен пайдаланып, айтқанын ала қоймағандық – көптің қараңғы, надандығынан. Бірақ Абайдың соңынан ерген, сөздері әсер берген кісілер жоқ деуге тағы болмайды» [2, 140]. Бұл жерде айтып отырғаны Абайдың ақын шәкірттері туралы екенін байқаймыз.

Абайтану іліміндегі көбірек қозғалған тақырып – Абайдың ақындық мектебі, әдеби ортасы, дарынды шәкірттері, ақындық айналасы, яғни Абайдың ақындық дәстүрі. «Абайдың өзі тікелей араласып, творчестволық байланыста болған әдеби орта жайлы

шындық өз қалпында көрсетілмейінше, ұлы ақын бойындағы ақындық өнердің шешек атып гүлдену процесін көрсетудің өзі екіталай болар еді» [3,27]. Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың ақындық дәстүрі тақырыбы төңірегінде «Абайдың ақындық айналасы», «Абайдың әдеби мектебі», «Абайдың ақын шәкірттері» деген ұғымдарының қалыптасуына орай түрлі бағыттағы ғылыми еңбектер жарық көрді. Бұл салада Мұхтар Әуезовті ерекше атауымызға болады. Ғалым Қайым Мұхамедханұлы сөзімен айтсақ: «Мұхтар: «Абай жөніндегі ең қызықты, ең соны және әдебиеттік прогрестік ретіндегі ірі мәселе – Абайдың ақын шәкірттері», - деп 1918 жылдан бастап айтып та жазып та келді» [3,89].

Шындығында да, «Абайдың ақындық мектебі», «Ақын шәкірттері» деген ұғымдарға алғаш рет ғылыми түрде анықтама берген М. Әуезов болды. Абай айналасындағы ақын шәкірттері деп ұлы ақынның қасына топтасқан, күнделікті өмірде үнемі ақыл-кеңесін тыңдап, көзбен көріп, ауызба-ауыз пікірлесіп, ұстаз тапсырмасымен күнделі әдеби шығармалар жазған, артына мұралар қалдырған, Осы ұғымдарға Абайдың әдеби ортасын жан-жақты зерттеген ғалым, филология ғылымдарының докторы Б. Ердембеков былай дейді: «Абайдың ақын шәкірттері – кемеңгер ақынның айналасына шоғырланған күнделікті тәрбиесін алған, Абайдың тапсырмасымен алуан тақырыпта шығармалар жазып, ұстазының әдебиеттегі жолын тек жалғастырып қана қоймай, өз хал-қадірінше дамытқан ақындар. Ал, Абай дәстүрі деген ұғым біз сөз етіп отырған Абай мектебін де ішіне сыйғызып жіберетін мүлде кең ұғым».

Мұхтар Әуезов «Абайдың ұстаздығы» деген мәселені сөз ете келіп: «... Осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған, ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы Үлкен білгіштіктің медресесі сияқты болды. Абай ұстаз да, сөз ұғатын ынталы талапты жастардың бәрі – шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына мағыналы тәрбиеші бола бастайды» [4, 36]. - дейді. Ең алғаш рет Абай мектебі, Абай шәкірттері деген ұғымдарды қолданған Әуезов, Абайдың төңірегіндегі ізбасарлары Көкбай, Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Әсет, Әріп, Уәйістер туралы қысқа да болса деректер ұсынып, олардың Абаймен байланысын шын мәніндегі ұстаз бен шәкірт арасындағы құбылыс ретінде қарастыруы – қазақ әдебиетіне Абайдың ақындық мектебі, ақын шәкірттері деген ұғымды әкелді. Демек, Абай ортасы, оның ауқымына енетін Абай мектебі, ізбасар шәкірттері деген ұғым Әуезов арқылы 1930 жылдары әдебиеттен мықтап орын алды.

К. Жанатайұлы дүниеден өтер-өткенше байланысын тоқтатпаған Мұхтар Әуезов Көкбайдың абайтануға қосқан үлесін айқындап кетті. Ал, Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мұхтар Әуезовтің байланысы туралы ғалым А. Еспенбетов былай дейді: «Шәкәрім мен Әуезов бір Шыңғыстың тумасы, ағайын-туыс қана емес, рухани жағынан аға-іні. Терең тарихты ақтарып «Еңлік-Кебек» оқиғасының желісімен бірі поэма, екіншісі драмалық шығарма жазған. Творчестволық сайысқа түсіп ой жарыстырып, сұлу сөздің інжу-маржан үлгісін жасауға жетіскен. Шәкәрім (1858–1931) мен Мұхтар Омарханұлы (1897–1961) жас алшақтықтарына қарамай ғажайып сыйластық қарым-қатынаста болған» [5, 51–52].

Ахат Шәкәрімұлы әкесі туралы мақаласында былай дейді: «Мұхтар әкеймен жиі әңгімелесетін. Қыста да Мұхтар мен арқылы әкейге хат жазып, керекті сұрақтарына жазба түрде жауап алып тұратын. Кейінде Мұхтар марқұм айтатын: «Сол кезде Шығыс әдебиеттеріне Шәкәрімдей жүйрік адам көргем жоқ. Шығыс әдебиетіне берілуіме себеп болған ұстазым Шәкәрім!», – деп». Әуезов Көкбай мен Шәкәрім туралы таптық идеология бас көтермей тұрған кезде біраз дүниені айтып үлгерді.

Абайдың дүниеден өткеніне 30 жыл толуына байланысты 1934 жылы «Абай ақыдығының айналасы» деген мақаласында Абай шәкірттеріне арнайы тоқталды. Алғаш рет Абайдың әдеби ортасын кұрайтын қазақтың төл әдебиеті, Шығыс және Батыс (орыс) әдебиетінің әсерін ғылыми тұрғыда терең білімділікпен зерделеп берген М. Әуезов: «Енді бұл уақытқа шейін ақынның айналасы деген тақырыпты сөз қылғанда біз өзіне әсер еткен жайларды, өз қорына кұйылған салаларды алып келдік. Бірақ, ақындық айналасы Абайдың өзі алған нәрді санаумен түгелденбейді. Екінші қатарда тұрған тағы бір алуан мәселе – Абайдың өзгеге берген нәрі турасында» [6, 19]. , – деп, Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері қатарында Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Шәкәрім ақындардың мұраларына қысқаша шолу жасайды. Сондай-ақ, М. Әуезов: «Бұл мәселеде біз Абай ақынның төңкеріс алдында, не төңкерістен бергі қазақ ақындарына еткен әсерін айтпаймыз. Ол айрықша ұзақ талдауды керек етеді. Бергілер және дәл айналасы деген тақырыпқа сия да қоймайды» [6, 19]. , – деп Абай дәстүрін жалғастырушылар мен Абайдың тікелей қасында болған ақын шәкірттерінің ара жігін ашып көрсетеді.

Мақаланың мақсаты айқындағандай дәл осы уақыттан М. Әуезов Абай мектебі тақырыбына мықтап ден қойып, бұл мәселені абайтанудың іргелі бір саласы ретінде қарастыра бастағаны көрініп тұр. Тіпті осы мақала «Поэтическое окружение Абая» деген атпен орысшаға

аударылған да. Тек, ұлтшылдықпен күрестің қызған уақытына тап келіп, баспа бетін көрмей, жазушының мұрағатында сақталып қалған [7, 23].

Қыркыншы жылдардың басында Абай мектебі деген күрделі тақырыпқа Әуезовтің кеңесімен Қ. Мұхамедханұлы араласты: «Абайдың ақын шәкірттері Ақылбайдың, Мағауияның, Көкбайдың, Тұрағұлдың тағы басқаларының өлең-жырлары, дастандары түгел жиналған жоқ. Осыларды жинап, зерттеп, жазу жұмысын қолға алуың керек, – деп, тағы басқа істелуге тиісті жұмыстарды нақтылап атап-атап айтты» [8]. Қ. Мұхамедханұлы абайтану саласында әлі тың боп, игерілмей жатқан тақырыпты қолға алып, Абай шәкірттері шығармаларының зерттеліп, жарық көруіне бірден-бір себепкер ғалым болды. 1940 жылы Абай балалары – Ақылбай, Мағауия, Әубәкір Ақылбайұлы, сондай-ақ, Әріп Тәңірбергенұлы сынды ақындардың өмірі мен әдеби мұралары Мұхамедханұлы тарапынан алғаш рет кең түрде зерттеле бастады. Әуезовтің жетекшілігімен қолға алынған тақырыптың іргетасы қаланып, алғашқы қадамдар жасалды. Шәкәрім, Көкбай, Тұрағұл сияқты сол кезде «ұлтшыл ақын» атанғандардан басқа шәкірттері Қ. Мұхамедханұлы зерттеулерінің арқасында ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттің өкілдері қатарына кірді.

Әдебиеттегі дәстүр жалғастығы – халықтың сан ғасырлар бойы жинақталған рухани қазынасы, әдебиет пен өнердің дамуының қайнар көзі, заңды жалғасы. Қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығын сөз еткенде, біз ең алдымен Абай дәстүрін еске аламыз. Шындығында да Абайдың ақындық дәстүрінің жалғастығы туралы, Абай мектебінің ақындары туралы мәселе өте ауқымды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Мырзахметұлы М. Абайтану. // Жамбыл, 2005, №1, Б. 42–65.
- 2 Екеу. Абайдың өмірі һәм қызметі. // Абай, 1995, № 1,2, Б. 137-140.
- 3 Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы: Алаш, 2005. -352 б.
- 4 Әуезов М. Абайдың туысы мен өмірі. // Абай, 1992, №1, Б. 6-21.
- 5 Еспенбетов А. Уақыт өрнегі. –Алматы: Инжу-маржан, 2005. -515 б.
- 6 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т. 10. –Алматы: Ғылым, 2003. – 456 б.
- 7 «Әуезов үйі» FMO. 199-бума.
- 8 Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. К. 4 –Алматы: Дәуір, 1997, – 240 б.

#### СҰЛТАНМАХМҰТ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ТИЛЕНГИТ А.

студент, Павлодар көлік және коммуникациялар колледжі, Павлодар қ.  
ОМАРОВА Қ. А.  
оқытушы, Павлодар көлік және коммуникациялар колледжі, Павлодар қ.

1926 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар!» деген ашық хатында Жүсіпбек Аймауытов: «Ақын елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой. Жаннан, ардан безбесе, ақынын қандай ел қастерлемесін!» – деп жазған екен.

Сұлтанмахмұт – шын мағынасында осы сөзге татитын ақын. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жаңа биікке көтеріп, заманының шындығын шығармаларында жан-жақты бейнелеген, көркем сөздің халықтық мән-мағынасын көтеріп, жаңа жанрларда ізденістер жасаған ол туған халқын отаршылдық пен ұлттық езгінің екі жақты қанауынан азат етуге, ел бостандығына үн қосты.

«Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға» ұмтылды. Қоғамдық шындық пен әділет жолын талмай іздеп, туындыларына арқау еткен ақын көп ақынның бірі болып қалмай, от боп жанып, құйрықты жұлдыздай ағып өтті.

Сұлтанмахмұттың бүкіл шығармашылық өмірі қазақ әдебиеті үшін шын мәніндегі үлкен жаңалық болды. Оның әдебиет аренасына көтерілген шағы – бұл қазақ әдебиетінде зар заманның аяқталып, ұлттық сену идеясына ауыса бастаған кезеңге дәл келді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетіндегі Абай мен Мағжаннан кейінгі ірі тұлға. Оның шығармалары – мол тақырыпты, терең мағыналы, алуан жанрлы, көркем суретті қазына. Ақынның туындыларының негізгі қасиеті – реалистігі мен халықтығы.

С. Торайғыровтың озық шығармалары әдебиет дамуының желісін, кезеңін көрсетіп қоймайды, сонымен бірге қазақ халқының сол замандағы қоғамдық ой-пікірінің зор белесі болып табылады. Оның қай шығармаларын алсаңыз да ақ сүттей ақтарылып, тоқтаусыз төгілген ақпа-төкпе ақындықтың куәсі боласыз. Сұлтанмахмұт шығармалары өзіне дейінгі әдебиетті қорыту, өзінен кейінгі әдебиетке із салу сынды әсер етеді. Өзіне дейінгі болған құбылысты философиялық биігіне апарып түю, өзіне дейінгі болмағанды жасау – міне ақын тағдырына бұйырған несібе!

Торайғыров есімі қазіргі уақытта барша қауымға мәлім. Оның шығармалары 1922, 1933, 1950, 1957, 1967, 1987 жылдары

жинақталып, толықтырылып жарық көрді. 1993 жылы екі томдық академиялық шығармалар жинағы жарыққа шықты. Ақын туындылары оқулықтар мен хрестоматияларға енді, орыс тілінде жарияланды. Дикан Әбілев С. Торайғыров туралы трилогия жазды.

С. Торайғыровтың лирикасы сан алуан: мазмұны терең, тақырыбы бай. Өзінің лап етіп жанып, өрттей лаулаған қысқа өмірінде ақын талай-талай кезенді белестерден өтті; басын тауға да ұрды, тасқа да соқты, тыным таппай болмыс шындығын іздеп шарқ ұрды, халқына адал қызмет ету жолында кей сәтте сара жолдан адасты да, бірақ ұзаққа алыстап кетпей, өз ортасына тез оралып, қараңғы түнекте жатқан елінің көгіне «Өрмелеп шығып күн болуды» арман етті. Сонымен С. Торайғыров поэзиясының ішіндегі ең бір мол саласы әлеуметтік сарыны басым өлеңдері деуге болады. Бұл топқа: «Түсімде» (1913), «Бұлар кім?» (1913), «Кешегі түнгі түс, бүгінгі іс» (1913), «Бір балуанға қарап» (1913), «Ендігі бет алыс» (1914), «Тұрмысқа» (1914), «Айт» (1914), «Көшу» (1914), «Бір адамға» (1914) тәріздес шығармаларды қосуға болар еді. Сұлтанмахмұт Торайғыров өмір сүрген кездегі ең күрделі мәселелердің бірі – әйел теңдігі. «Қыз сүй», «Гүләйім», «Жан қалқам» Сұлтанмахмұт өзінің көңіл-күйін: қуанышы мен қайғысын, мұңы мен назын, сүйінуі мен күйінуін өте шебер және нәзік етіп шерте білетін сыршыл, лирик ақын. Ақынның «Лағнат бұлты шатырлап», «Келді хатың мен шаршап», «Алты аяқ», «Күңгірт түспен ойға батып», «Ей, махаббат, ей, достық», «Дүниедегі қызықтың» деп аталатын өлеңдері де оның әр жағдайдағы көңіл күйін білдіреді.

Торайғыров поэма жанрын жаңа арнада дамытты. Ол сюжетсіз поэмаларында өмірдегі сан түрлі мәселелерді кеңінен қамтып, өршіл ой-түйіндерін бүкпестен, өткір де ашық насихаттауға тырысты. Алғашқы поэмасы «Таныстыруда» Алашорда қозғалысы өкілдерін елге таныту мақсатын көздеді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтарды таныстырып, олардың «бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – ай» екендігін жазады, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. Алаш өкілдерімен қоса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шәкерімді ерекше атап көрсетеді. «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларының негізгі сарыны қоғамдағы әділетсіздік себептерін ашу, теңдікті іздеу болып табылады. Ақын бұл жайларды қазақ ауылы шеңберінен шығып, капиталистік қоғамға тән мәселелер ретінде қозғайды. «Адасқан өмір» – Торайғыров шығармашылығының зор табысы. Мұнда ақын аз ғұмырында көзімен көріп, ойымен түйген, білім-білігімен таныған тұрмыс өткелдерін өзіне ғана тән асқақ үнмен ашына, ақтара жырлайды. Поэманың

лирикалық кейіпкері түрлі кәсіппен шұғылданса да, ешбірінен қанағат, теңдік таппай, әділетті қоғамды аңсайды. Шығармада ақын түсінігіндегі болашақ жаңа қоғамның бейнесі жасалады. Шығарманың негізгі идеясы адам өмірді өз тілегіне бағындыра алады және соған ұмтылуға тиіс деген оптимистік қорытындыға саяды. «Кедей» поэмасының бас кейіпкері де өз ортасынан әділдік таппайды, қоғам мен адам арасындағы қайшылықты бітіспес күреске ұластырады. «Айтыс» поэмасы толық аяқталмаған, онда Торайғыров қала ақыны мен дала ақынын айтыстырып, екі ортаның қайшылықты жақтары мен адамға пайдалы тұстарын қатар алып суреттейді. Торайғыров шығармалары – ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің дамуын танытатын үлкен белес. Оның ізденістері «шындықтың ауылын іздеумен» байланысты, оның реализмі бұлтақсыз, жалтақсыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген, оның теңденциясы да сыншыл [6].

С. Торайғыров шығармаларының көркемдік ерекшелігі

Сұлтанмахмұт шығармаларын түгелдей алып қарасақ, араб-фарсы, орыс, татар сөздері едәуір кездеседі. Сонымен бірге ақын қазақ халқы бай ауыз әдебиетінің айшықты сөздерін кейде қаз қалпында, кейде аздап өңдеу-өзгертумен кеңінен пайдаланылғанын көреміз. Бірнеше мысалдар келтірерлік: «Болса да қырық жыл қырғын ұмытпаспыз», «Өркімнің өз аузына қолы жуық», «Жазмыштан озмыш болмас», «Халық айтса қате айтпайды», «Жас жастың тілеуі бір», «Қарға адым жер мұң болар», «Болса да аузы қисық сөзі дәрі», «Данышпан ел көркейтер ерім осы», «Өз етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда?», «Белбеуге түйіп алып беттің арын», «Қорлыққа ұрлық түбі айналмас па?», «Періште болса-дағы жолдан таяр», «Жесір ерден кетсе де, кетпес елден» тағысын-тағылар. Сұлтанмахмұт өзінен бұрын өткен ақын иелерінің сөздерін де пайдаланып отырады: «Адам – күл, өзін жеңіп ұстамаған, деген бір Сократтың бар нақылы», «Дүние бос, махаббатсыз мал секілді, деген сөзін Абайдың есіңізге ал», «Надсонның айтқанындай: Жауыз жолмен жүре алмай дымы құрыр онан әрі, талған күш, ауырған жан, қиналған тән, дертіне жақындықты етер дәрі» т. б.

Сұлтанмахмұт әңгіме, очерк, мақала жазғанда, негізінде, халық тілін кеңінен қолданған. Ол кезде қазақ прозасының әлі қалыптасып үлгермегенінен болу керек, жазушы көбінесе ауызша сөйлеудің әсеріне бағынған, сондықтан да сөйлемнің орын тәртібін қатал сақтамай, құрмалас сөйлемдерден гөрі жай сөйлемдерді көбірек қолданып отырған. «Қамар сұлуда» С. Торайғыров мақал-мәтелдерді, кейбір нақыл сөздерді сол қалпында дерлік пайдаланумен қатар, кей сәтте аздап

өзгеретін немесе өз тарапынан тың өрнекті, кестелі сөздер жасайтынын көруге болады. Осы шығармасында жазушы 50-ге тарта мақал-мәтелдер, афоризмдерді пайдаланумен бірге 70 шамалы басқа халық тілдерінен енген жеке сөздерді қолданғанын аңғарамыз. Мысалы, «Таң атпайын десе де, күн қоймайды», «Арыстан айға шауып мертігіпті», «Суға кеткен тал қармайды», «Сыныққа сылтау іздеу», «Соқыр тауыққа бәрі бидай», «Жабұлы қазан жабуымен», «Ит үрді, керуен көшті», «Шығасына иесі басшы», «Алғаныңмен қоса ағар», «Айран сұраған шелегін жасырмас», «Байтал тұрсын бас қайғы», «Барар жері басар тауы», «Бастан құлақ садаға», «Жалғыз қаздың үні, жаяудың шаңы шықпайды», «Көп қорқытады, терең батырады», «Бір тойған шала байлық», «Іштен шыққан шұбар жылан», «Еліктей алмай солықтау», «Қасқырдан қайрат кетсе, ешкіні апа қылады» тәрізді белгілі сөз тіркестерімен қатар кейбір жүйелі сөз өрнектерін аздап өзгерткенін немес тыңнан, өз тарапынан афоризмдер жасағанын көреміз. Бірнеше мысал келтірелік: «Тоғыз қырлы, тоқсан сырлы», «Жақсыдан жаман туса емі болмас, жаманнан жақсы туса теңі болмас», «Ойы онға, ақылы алтыға бөліну», «Доп емес әркім қағар менің басым», «Асын ішіп, текеметін тіліп жүргенін қарашы», «Жылы суға қолын малу» (жай отырады деген мағынада), «Бір тойса есектер, миы жоқ алдын есептер», «Арысзға алты күн мейрам», «Лем деп жүріп, ілігіп кетті», «Соқырдың қолына, саңыраудың жолына түспе», «Иіліп төсек, жайылып жастық болды» т.б.

Ең құнды шығармаларын жасы ұлғайған шақта жазғандар бар да, аз уақыттың ішінде баға жетпес мол дүние қалдырған орыстың Лермонтовты сияқты дарындар әр халықтың әдебиетінен де кездеседі. Соның бірі – өзіміздің Сұлтанмахмұт. Ғұмырының аққан жұлдыздай жалт беретінін сезгендей, Сұлтанмахмұт алты жасынан хат тани бастап, он бір жасынан-ақ өлең жазумен әуестенген екен. Әуелгі әуесқойлық оны он төрт жасынан бастап, осы өнерге әбден мойындатады: «Қаламды шын беріліп алдым берік, Әлдеқандай бір күшке көңіл сеніп. Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім, Енді оған өлең жазу болсын серік», – деп енді өзінің осы жолдан айнымайтынын білдіріп, өзіне өзі серт бергендей болады. Он жеті, он сегіздің арасында-ақ, кәдімгі көргені көп салықалы жыршыдай, адамгершіліктің биік сапынан көрінеді. Оған «Ұлт» деп аталатын мынау бірақ шумақ өлеңі айқын дәлел: «Кәпір» бар, «мұсылман» бар – барлығы адам. Оларды алалайтын қандай надан! Өнер, білім, әділет кім қолдаса, Қай ұлт болсын – бәрі бір бауыр маған». Бұдан тоқсан жыл бұрын жазылған осынау өлең жолдарынан ақынның парасаттылығы аңғарылғандай емес пе? Арада қаншама өзгерістер болды. Қазан төңкерісі, азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы, социализм

жылдары, міне енді әр халықтың өз тәуелсіздігін алған дәуірге енгендейміз. Дәл осы тұста айтылар көкейіміздегі сөз ғой бұл. Ақын ұлт араздықтан сақтандырып, елдің болашағына көз жіберіп, ең маңызды мәселенің жәй-жапсарын түсіне білген. Тіршіліктің тауқыметін бала кезден сезінген ақын еліне елеулі адам болу үшін, бәрінен бұрын білім керектігін әр кезеңде еске салып отырады. Бар қиындықты тек ғылым жолымен жеңуге болатынын уағыздайды. Өнерлі ел өзіне керек бар мұқтажын жерден өндіріп табатынын, басқаға малайлыққа жеккен күшін адам өзі үшін жұмсаса, көрінгенге жем болмай тер төгіп еңбек етсе, сонда ғана теңдікке қолы жетер еді дегенге шақырады. Әйтеуір надандықтың бұғауынан құтылып, іргелі ел болу үшін бар күш-жігерді соған қарай бейімдеу керектігіне баса назар аударады: «Ел үшін еңбек етсең, халқың сүймек, «Біз үшін отқа, суға түсіп жүр» деп. Ер өлсе де, еңбегін ел өшірмес, Неше мың жыл өтсе де тарих білмек!» деген сөздер ақыннан қалған алтын сөз.

Бүгінде С. Торайғыровты зерттеу, тану бір салалы жұмыс, ғылым деуге болады. Осы салада Діқан Әбіловтың «Сұлтанмахмұт» трилогиясы бір төбе. Туынды көп ғалымдар тарапынан өзіндік бағасын алған, қазақ әдебиетінде М. Әуезовтың «Абай жолы» тарихи эпопеясының ізімен жазылған, өнер адамының өмір және өнер жолын тарихи фактілерге сүйене бейнелеген тарихи-биографиялық шығарма.

Өмір заңдылығы: адам жасаған дүние адамға қалады, әке бастаған, істеген іс – балаға, бала бастаған іс, жасаған нәрсе – ұрпаққа мұра.

Сол сияқты Сұлтанмахмұттың шығармалары да олар жөнінде алдыңғы толқын ағалар істеген істер, жазған, жариялаған мақалалар мен кітаптар да, айтқан дұрыс-бұрыс ой-пікірлер де – бәрі де қазіргі жаңа толқын жастарға, кейінгі ұрпаққа мұра, солардың асыл қазынасы.

Мұра – құрметті, қасиетті. Оны барынша қадірлеу керек. Тек қадірлеп қана қоймай, зерттеп білу, дамытып отыру – міндет. Өйткені ұлы ақын, жазушы, публицист, қоғам қайраткері Сұлтанмахмұт Торайғыров 27 жыл ғұмырының ішінде артында бай рухани қазына қалдырған «ұлы құбылыс» [7].

## ӘДЕБИЕТТЕР

### КНИГИ, УЧЕБНИКИ:

1 Шәменов К. Сұлтанмахмұт туралы жаңа деректер // Жұлдыз. – 1960. – № 12. – 129 – 134 б; Қазақ әдебиеті. – 1960 – 9 сент.

2 Базарбаев М. Сұлтанмахмұт Торайғыров // Лениншіл жас. – 1950.

3 Бердібаев Р. Сұлтанмахмұт туралы бір-екі сөз // Лениншіл жас. – 1955.

4 Тілеужанов М. Талантты ақын // Орал өңірі. – 1963. – 27 окт. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 70 жыл толуына.

5 Шамкенов А. Аққан жұлдыздың сыңары // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 2 шілде. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын оқығандағы әсер.

#### ЭЛЕКТРОННЫЙ РЕСУРС:

6 Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының көркемдік ерекшелігі. [Электронный ресурс]. – URL: <http://engine.org/tairibisltanmahmt-torajfirov-shifarmalarini-korkemdik-erekshe.html>

7 Өмірбаяны. [Электронный ресурс]. – URL: <http://melimde.com/omirbayani-torajfirovti-2-jasinda-sheshesi-ajtis-bolip-6-jasin.html>

### МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

ПАЗЫЛОВА М. А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қолда бар дерек көздерінің сипатына назар аударып, Мәшһүр Жүсіптің пайдаланған тарихи мәтіндерді екі топқа: ауызша жеткізілген фольклорлық үлгілер мен жазба деректерге бөліп қарастырамыз.

Мәшһүр Жүсіп материал жинау барысында өз заманындағы шежірелердің қолжазбаларын көшіріп, әрі баспа бетіне шыққан тарихи кітаптарды да сарқа қолданған. Реті келгенде естелік кітаптар мен ресми ғылыми зерттеулер мәліметтері де сарапталып пайдаланылған.

«Мес» жинағындағы тарихи жазбалардың дерек көзінің бірі – Әбілғазының «Түрік шежіресі». Мәшһүр онымен бала кезінен-ақ Баянауыл медресесінде Қамар (Хамереддин) қазірет кітапханасынан кездестіріп оқып жүргендігін әңгімелейді [1]. Кейіннен «Мес» жинағын жинастырған кезде Әбілғазының шежірелік сипаттағы Орта Азиялық үлгілерін (тілі шағатай, ескі өзбек тіліне ұқсас варианттарын) ресми баспада басылған нұсқасын (Қазембек аудармасы) да кеңінен пайдалана білген.

Бұл орайда Мәшһүр Жүсіптің ресми түрде басылып шыққан Әбілғазы шежіресінің жариялану тарихынан да хабардар болғандығын көреміз. Мәселен, қолжазбасының бірінде (№ 1177 папка – 2 том)

ғалым Әбілғазы өмірбаянын баяндап, оның алғашқы нұсқасы Европада жарық көргенін айтып, Ресейдің бұл шежіре нұсқасын түпнұсқадан емес француз тіліндегі (1726 ж. ) басылымнан [2] Қазембектің аударғанын әңгімелейді:

«Үргеніш дейді, Хорезм дейді, Хиуа дейді. Заман қадимнан шаһар атанып, талай хандар тұрақ қылған жай. Шыңғыс жұрағатынан Арап хан деген хан билеп тұрған. Өзінің 7 баласы болған. Қазақ айтады: «Жетеу болса жеті ит десейші». Асфандияр, Жошы, Елбарыс, Әбілғазы, Хорезмшах, Афған, Шәріпмахмұд. Бұлардың иттігі сол, Жошы сұлтан 16 жасында, Елбарыс сұлтан 14 жасында-екеуі тізе қосып, өз әкесі Арап ханмен жауласып соғысып, әкесі Арап ханды, әкесіне жақтасқан Хорезм сұлтанды және әкесіне жақтасып соғысқа шыққан Асфандияр сұлтанның 3 жасар бір баласын, 15 жасар бір баласын – төртеуін қасапқа сойған. Қойдай бір жерде бауыздады. Афған сұлтан деген бауырын Мәскеуге жер аударды.

Аталарын өлтіріп жатқанда Әбілғазы Шәріпмахмұд деген інісін алып қашып, Самарқанға барып, Имамқұлы ханның қолында 2 жыл тұрды. Асфандияр сұлтан қырға барып қазақты жиып келіп, Елбарыс, Жошы – екеуін де өлтіріп, Хиуаға хан болды. Асфандияр хан болған соң Әбілғазы қайта келіп еді. Асфандияр мұны Иран жұртына жер аударып жіберіп, Асрахан түрмесінде 10 жыл жатты. Сонан қашып шығып, Арал көлінің айналасында қаңғып жүргенінде Асфандияр өліп, тақ иесіз қалған соң, таласарлық ит қалмаған соң, 1054-те Хиуа тағына хандыққа отырып, 23 жыл патшалық қылды. Сол Әбілғазы хан «жетім өз кіндігін өзі кеспекші» деп шежіре тарих сөйлеген. Оның сөйлеген шежіресін Яуропа жұрты атам заманда перуаттап алған. Вельяминов-Зернов жазған тарихтан көдедей көп Николайдың әкелері Александр патша француз тілінен орыс тіліне айналдыртып, Қазимбекке перуаттатқан. Сол Қазимбек баспасынан алынған сөз Уыз хан шежіресі. Мұны Әбілғазы хан шежіресі атаған» [3].

Ғылыми зерттеулердің ішінен Мәшһүр Жүсіптің XV-XVII ғғ. хандар шежіресін жазуда В. В. Вельяминов-Зернов (алдыңғы мәтіндегі дерек бойынша) [4] пен Ш. Ш. Уәлихановтың [5] зерттеулерін салыстыра қарастырғаны білінеді. Мәшһүр шежіресіндегі тарихи нақтылық, шынайы мәліметтердің молдығы автордың шежіре жазуда бірнеше зерттеушілердің, шежірешілердің жазбаларын салыстыра қарастырғанын айғақтайды. Алайда Қасым хан қазасын 930 ж. (нижра) деп көрсетуі Вельяминов-Зернов қолданған М. М. Хайдар Дулати мәліметімен (924 ж. ) сай келе

коймайды. Бұған қарағанда М. Ж. Көпеев мұндай мәліметті әл Гаффари, Хасан бек Румлу, Мунажим-Баши секілді парсы тарихшыларының еңбектерін пайдалануы (ғалымның ортағасырлық араб, парсы тілін еркін меңгергендігін есепке алсақ) ықтимал [6].

Баспа бетінде жарық көрген кітаптар ішінен Қ. Халид (1910 ж. , Қазан, «Тауарих хамса») пен Ш. Құдайбердиев (1911 ж. , Орынбор, «Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі») еңбектерін де пайдаланған. Бұл шежірелерді зерделеу барысында Мәшһүр Жүсіп өз сын-талдауын қатар жүргізген. Қ. Халидтың таза шығыстық шежіре үлгісімен ғана шектеліп, Қоқан хандарының шығу тегін ата-тегі белгісіз Алтын Бесіктен бастап таратқан шежіресіне сенімсіздікпен қарайды [7]. Өз шежіресінде Мәшһүр Жүсіп Шәкәрім шежіресіндегі қисынсыз мәлімдеулерді теріске шығарып сынап отырады, хандар шежіресінің толымсыздығына (Хақназар туралы мүлде айтылмағандығын ескерсек) байланысты көп дерек келтірмейді. Алған дерегін азғана өзгеріспен келтіреді: «1499-ншы жылы Аболхайыр немересі Шибан хан Әмір Темір нәсілінен Бұқара, Самарқандты тартып алып, 1508-де Ташкентті алмақ болғанда Ахмед Алашы мен ағасы Жәніке Махмұд екеуі Ташкент ханы Оратөбеде Шибанымен соғысқанда, қазақтар: «Шынғыс тірі күнінде бізді Жошы ұлысына беріп еді. Шағатай біздің ханымыз емес, тәжік-сарт туысқанымыз емес. Өзбек болса өз ағам, сарт болса садағам», – деп, Шибаны ханға қосылды. Сол соғыста Шибаны хан жеңді» [8].

1870 ж. Санкт-Петербург қаласынан В. В. Радловтың «Түрік тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты он томдық еңбегінің үшінші кітабы басылып шығады. Мәшһүр Жүсіп оның кітабын 1881 ж. Ақмола өңіріне барған сапарында Мейрам Жанайдарұлы кітапханасынан кездестіріп, түпнұсқасында көшіріп алады [9]. Енді бір нұсқасын тарқату барысында В. В. Радловтың «Қазақ түбі» аңызын (мазмұны жағынан «Моңғолдың құпия шежіресіне» ұқсас келеді) келтірместен бұрын оның жинаушылық қызметіне тоқталады: «Жетпіске жетіп, жер таянып отырған біздердің тумай тұрып қалған күнімізде Василей Василейч Радлоф қазақ әдебиетін бастырған екен. Біз жазайық деп отырған сөзіміз сонан алынған. «Қазақтың түбі» деп Василей Василейч Радлоф баспаға бастырған» [10].

Мәшһүр-Жүсіп жазба дерек көзі ретінде естелік кітаптарды да зерделеу барысына тарта білген. Әсіресе Кенесары заманы туралы баяндауларында А. Кенесарин (1889 ж. басылып шыққан) мен

В. Е. Недзвецкий (1905 ж. Верный) естелік кітаптарындағы мағлұматтар жан-жақты қамтылған.

Мәшһүр-Жүсіптің қолданған жазба дерек қатарына баспасөз беттерінде жарияланған материалдарды да қосуымызға болады. Ғалым 1887 ж. бастап Ташкенттен шығып тұрған «Түркістан уалаятының газетіне», 1880-1895 ж. аралығында «Дала уалаятының газетіне» (Омбы қ. ), 1911-1912 ж. «Айқап» журналына мақалаларын жіберіп, баспасөз мағлұматтарын жинап, баспагерлермен хат-хабар алмасып тұрған.

Сонымен қатар М. Ж. Көпеев араб, парсы, түркі тілінде басылып шыққан ортағасырлық кітаптарды да өз ғылыми ізденісіне жұмсай білген. Бұл орайда Ә. Х. Марғұлан пікіріне сүйенеміз: «Мәшһүр ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб, фарсы халқының тарихын, фәлсафасын жақсы білген. Химия, физика, геология, астрономия ғылымдарынан жақсы хабары болған. Мәшһүрдің бұл сияқты терең ғылымдармен танысуына көз болған, көбінесе атақты Әбу Әли ибн Сина, Әл-Фараби сияқты орта ғасырдағы бұқара ғалымдарының шығармалары, жаңа араб, фарсы, түрік кітаптарын көп оқыған... Мәшһүр Жүсіп жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы» [11].

Баласы Мұхаммед Фазыл көшірмесінде сақталынған көшірме мағлұматы бойынша, Мәшһүр-Жүсіптің М. М. Хайдар Дулати еңбегімен де таныс болғаны анықталынып отыр: «Өзбектен Қазақ пен Қырғыз. Бұхардан арғы халықты Тауарик кітабы (Қ. Халид еңбегі – Л. Ж. ) айтады. Мір Мырза Хайдар хазірет басқандар. Өзіміз Бұхарда оқып көрдік. Көрдім. Парсыша жазылған екен. Ол кісі шаһарда өлсе керек. Ғабдилуәлі марқұм нақлият бин ғабрахан» [12].

Әдеби нұсқауларды жинастыруды Мәшһүр Баянауыл медресесінде оқып жүрген кезінен бастаған. Мәселен, 1865 ж. 7 жасар бала кезінде «Сүйіндік Олжабай батыр» ертегісін Сақау ақынның айтуынан жазып алса, 1866 ж. 8 жасында Қамар (Хамерреддин) қазірет ұстазынан 4 қисаны көшіріп жазып алған [13].

1881 ж. 23 жасында Қараөткелге (Ақмола) барған сапарында Мәшһүр Жүсіп мол тарихи мұра жинақтайды. Бердәлі қожадан Қаракесек шежіресін, Саққұлақ (шын аты – «Сәбелең») шешеннен (Бөгенбай батыр ұрпағы) Қанжығалы шежіресін, Мейрам Жанайдарұлынан (XVIII ғғ. Жауғаш батырдың шөбересі, XIX ғғ. Кенесары қозғалысына қатысқан Сүйіндік Жанайдар батырдың баласы) Сүйіндік шежіресі мен Кенесары көтерілісі тарихын, Қараөткелдегі Қоңырқұлжа сұлтан ұрпағынан 1838 ж. Кенесары әрекеттері мен өз Тәуке әулеті шежіресін жазып алады.

1887 ж. 29 жасында Бұхар, Ташкент, Түркістан қалаларына арнайы сапармен шығып, Шу мен Сырдария өңірлерін, Ұлытау мен Кішітауды, Есіл мен Нұраны аралап өтеді. Өткен жолында 1887 ж. Ташкентте кездескен Сыздық төреден өз өмірбаяны мен әкесі Кенесары туралы естеліктерді, Сырдария өңіріндегі Көшекұлы Күдері кожадан Абылай хан туралы дастанды, Майлы кожа мен Мәделі кожадан ескі шежіре сөздерді, Шу өңіріндегі Уақ Есмағамбет деген кісіден Сыздық төренің жас шағында Қоқан бегіне тұтқын болу оқиғасын [14] т.б. естіп, қолжазба мұрасын толықтырады.

1889–1891 ж. аралығында Кіші жүз жерінде болып, мұнда атақты батыр Науша Қаржауұлының шөбересі Қадырдан және т.б. Исатай бүлігі (көтерілісі), Науша батырдың Ресейге қарсы әрекеті, Әбілхайыр хан әулеті тарихын жазып алады.

1912 ж. Қазанда басылған кітаптары үшін саяси қуғындау басталған кезде Мәшһүр Жүсіп Семей, Аягөз өңірін аралайды. Шәкәрім Құдайбердіұлынан Тобықты шежіресін қағазға түсіріп алады.

Әдетте Мәшһүр Жүсіп кез-келген тарихи оқиға туралы мәліметті сол оқиғаға тікелей қатысқан куәгерлерден (Кенесары көтерілісі кезінде Жанайдар батырдың атқосшысы болған Майлы Жәдігер Сымайыл қариядан), не болмаса солардың ұрпағынан (1838 ж. Қараөткелдегі оқиғалар куәгері Байғозының баласы Нұрсейіттен), не сол оқиғаға қатысқан шежірешінің шежіре сөздерінен (Шоң-Торайғыр, Абайділдә, Кенесары туралы ескі тарихи сөздерді жинаған Мұса Шорманұлы қолжазбасын Мәшһүр Жүсіп оның баласы Садуақастан сұрап алады), не сол оқиғаға туралы шығарылған әдеби нұсқадан (Кенесары туралы Нысанбай жырау дастанынан) алған. Өлдеқандай себептерге байланысты дерек беруші өз есімін айтудан жалтарған кезде ғана М. Ж. Көпеев мәлімдеушінің жалпы кім екендігін үстүрт айтады: «Өлтіруге көзі кимай Тілеуғабыл Наурызбайды үш ай, тоқсан күн сақтады. Ақырында Тілеуғабыл өзі бір жаққа кеткенде, жанкүйері өлген қырғыздар келіп өлтіріп тастады дейді. «Наурызбайды өлтіргендер дәнемеге ұшыраған жоқ», – десіп, мұны қырғыз жұртының өздерінің жиһан кезген, орыс қолына түсіп, жер аударылғандары айтысады. Болмаса Кенесары, Наурызбай қырғызға қолға түскенде мен туғаным да жоқ» [15]

Араб ықпалы заманы, Аныс сахаба шежіресі туралы діни сипаттағы мағлұматтарды ақын 1887, 1895 ж. Орта Азия қалаларын аралаған сапарлары кезінде жазып алғаны белгілі. «Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер» еңбегінде әмір Темір туралы бірден-бір дерек көзі ретінде діни аңыз-әңгіме келтіреді [16].

Жер-су атауларына байланысты мәлімет берушілер туралы да мәлімет аз. Ұлытаудағы Алаша хан кесенесі туралы мағлұматты Мәшһүр Жүсіп Жеті Кенгірді жайлап-қыстап жүрген бір найманнан естігенін айтады [17]. 1907ж. Қазаннан басылып шыққан «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» кітабына өзен, жер-су атауларына қатысты мәлімет берушілер есімдері де белгісіз.

Мәшһүр Жүсіп ауызша дерек беруші есімін өз қолжазбасында мәтіннің не басында, не ортасында, не соңында келтіріп өткен. Алайда ең алғашқы қағаз бетіне түскен түпнұсқалық жазбалардың жоғалуына, ел арасына таралып кетуіне байланысты Мәшһүр қазынасын қорлануына үлес қосқан ақпарат иелерінің көбінің есімдері ұмытылған. Бұл тұста «Мес» жинағын көшірген көшірмешілердің маңызы арта түседі. Қолжазба мәтінін мейлінше толық әрі дәлмедәл етіп көшірген көшірмеші нұсқаларында ғана (кейін түпнұсқалық қолжазба жоғалып кетсе де) аңыз-әңгіме айтушы адам есімі кездеседі. Осы орайда ғалымның мол мұрасымен еркін сусындаған Жолмұрат Жүсіпұлының (жиенінің) көшірмелерінің өз кемшілігі барын ескеру лазым. Өйткені Жолмұрат мұраны толық көшіруді мақсат тұтпай, іріктеп, сараптап көшіруді негізге алған. Нәтижесінде бұрын көшірген белгілі нұсқаларды тастап кетіп, белгісізін ғана теріп жазған. Материалы шашыраңқы сипатта болғандықтан Жолмұрат нұсқаларында түпкі дерек көздерін іздестіру мүмкіндігі тарылады.

Мәшһүр мұрасын толықтай аударып жариялау, оның ішінде ең алғаш рет қағаз бетіне түскен түпнұсқалық қолжазбаларды салыстыру, талдау ғана М. Ж. Көпеев жинаған мұраға үлес қосқан дерек көздерін ашып, зерделеуімізге жол салады.

Мәшһүр Жүсіптің бұған дейінгі жарық көрген шығармалары 8–9-томдардың түсінік бөлімдерінде (Павлодар, ЭКО, 2005–2006) әулеттік мұрағаттағы 2-папкадан (108–124 б. ) алынып, енгізілген. Осы мәтіннің бұрын баспа бетінде жарық көргені, оның көп нұсқалы екені т. с. с. сөз болған. Бұл жолы 2-папкадағы үлгінің жазылуы жағы кейіндеу болса да, сақталуы жағынан ең толық екінші нұсқаны ұсынып отырмыз. Атасының аты білінбей, өзі аты шыққан ерлер (екінші нұсқа)

Әуелі – Адам ата атаның атын білуші жоқ. Қайдан білсін, первый человек болып, топырақтан жаратылды. Екінші- хазіреті Ғайса (Иса-Исус) пайғамбарының атасының атын білуші жоқ. Құдірет патшалығын көрсету үшін он үш жасында атасыз туғызды. Үшінші- Хызыр (Қызыр) пайғамбар атасы аты жоқ, білуші және жоқ. Атасы бар шығар, шырты еткізіп айтушы жоқ. Төртінші- Ескендір Зұлқарнайынның атасының атын білуші жоқ. Бесінші – Шыңғыз (Шыңғыс) ханның атасының



атын білуші жоқ. Бағзы бір ата білемін дегендер: «Есукей Баһадүрдің баласы»- дейді. Ол бекер: Есугей – қалмақ. «Бір қалмақтың баласын осынша жұрт қалай басына көтереді?!» – депті. «Ишлам болдағи – Ғұшмания нәсілінен. Басқа бұл Азиядағы хандардың асылы- Шыңғыс ханнан» – дейді. Нәсілінен Османияда- граф, ноғайда-князь, қазақ-төресі, – бәрі «Шыңғыс нәсілінен» – деседі... Баһадүрден қыз туып, ол қыздан он бес жасқа жеткенде, отырған үйдің ішінде бір сағым түсіп, сол сағымнан буаз болып, бір ұл бала тауып, жасында жетімлікпен жиһан кезіп, жиырма жеті жаста Алла тағала: «Шыңғыз!» – деп, ат атанды. Мағынасы: «Хандардың ханы»- деген сөз.

Сондай атасыз, Құдайдың күдіретінің патшалығымен сағымнан болғанына заманындағы хал[ық]. тың көзі жетіп, соның үшін тұқым-тұқымын жұрт басына көтеріп кетіпті.

Кеше Әмір Темір көреген қанша жұртты алғанда, Шыңғыс нәсілінен болған хандарды өлтіргенде, орнына сол Шыңғыс ата нәсілінен хан сайлап жүрді.

Бұл Шыңғыздан бері қарай әр кітапта мәшһүр мағлұм болған хандар дейді. Баршасы Шыңғыз нәсілінен дейді. Дүниені алған –ақыры немеренің немересі, баласы- арты қиямет қайымға шейін үзілмейді хандық-депті. Жалақу, мұның немересі- заты қазақтан болғаннан: «Әмір Темір көреген»-дейді. Қанша жұртты алса да, хан аталған жоқ. Жақсы көргендер: «Әмір Темір – көреген»- дейді. Жек көргендер: «Темірлаң»- дейді. Кім болса, ол болсын, жаман кісі болған жоқ, жұрт аузына аты қалды. Дүниеде қанша қылған жақсылық артта қалды.

Алтыншы (хатыншы) –Алаша ханның атасының аты жоқ. Жетінші- Асан Қайғының атасын білуші жоқ. Сегізінші- Жиренше шешеннің [атасының атын]. білуші жоқ. Тоғызыншы -Абылай ханның атасының атын білуші жоқ. Өзінің басына қойдырған тасында: «Абылай – Сүйеніш хан»– деп жазыпты. Ол Сүйеніш қай жерде хан болғанын, қайда жүргенін, хандық қылған[ын]. ешкім білмейді депті.

Осындай атасының атын адам білмей, өздерінің аты шыққан жанлар көп дейді. Бағзы біреуден сұрасаң: «Білмеймін!» – дейді. Қыпшақ-Құрлыбай бидің баласы Досболдан атағым жүйрік дегенмен күншығыс жақтағы жұрттың біреуі ата сұрапты. Сонда өзінен Адам атаға шейін сырғытып айта беріпті. Адам атаға барғанда:

– Адам атасы кім?- дегенде,

– Адам атасы- Арсалаң да, – депті.

Естіп тұрған халайық та:

– Жарықтықтың атаға жүйрігін-ай! – депті. Адам атаның атасының

аты «Арсалаң» – дегенде «Жүйрігін-ай!» – деп дүркірей жөнеліпті.

Үлкендердің айтқаны: «Осы қазақ, қалмақ, қарақалпақ, естек, орыс, – барғысы бір ағайынды екен. Кенжесі орыс екен. Бала болған... екеуінің «Басы ауырады!» – деп, шашын алмады. «Машайы ауырады!»– деп, кестірмеді. Орыс жұртының шаш алдырмайтыны, машайын кестірмейтін себебі-сол!» – депті.

Сонан кейінгіге қалды мирас боп: «Білуіміз жеткендігімен» – дейді.

Және қазақ жұртында бір сөз бар: «Ерден нақыл тимей, есек базарға сатуға жарамайды», – депті. Оның мәнісі: «Кім кім болсын, әулиелердің жәрдемі тиіп, қолдауымен кісі болады – дегенге келтіреді» – депті.

Қазақ халқының қария[сы]. : «Біз үш ханның баласымыз деп сөйлейді екен-депті. – Сейілхан, Жапалхан, Елхан. Сейілханнан- сегіз арыс түрікпен. Жапалханнан (Иафалханнан) – Майқы би. Майқы биден: Ноғай, Өзбек, Илан, Сыбан. Өзбектің үш баласы: әуелі Мыңайыншы, Иұрыншы, Қырық дейді. Сыбаннан: Қазақ пен Созақ. Оның баласы – Қарақалпақ. Қазақтан:Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Үш жүздің баласы қазақтың атасы осы үшеуі екен, – деп те айтысады. Елханның балалары – Құндыгер жұрты. «Ол қайда?» – десен, Халифа қол астында қони... (аяғы жоқ).

## ӘДЕБИЕТТЕР

### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Қазақ фольклористикасының тарихы (Революцияға дейінгі кезең). – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б. /357/.

2 ҚСЭ. – Алматы: ҚСЭ бас редакциясы, 1983. – Т. 2. – 640 б. /13-14 /.

3 ОҒКҚҚ, М. Ж. Көпеев қолжазбасы, N1177 папка. -Б. 221(264;134).

4 Веляминов-Зернов В. В. Исследование о Касимовых царях и царевичах. – Ч. 1. -3. – Спб:1863-1866. Қараңыз: Веляминов-Зернов В. В. Ораз Мұхаммед. // Жалын. – 1989. – №6. – Б. 85-92.

5 Уәлиханов Ш. Ш. Тандамалы. – Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы, 1984. – Т. 1. – 432 б. /239-242/.

6 Абусейтова М. Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв. ; история, политика, дипломатия. – С. 83. ; Кляшторный С. Г. , Султанов Т. И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. – 382 с. /275-276/.

7 Кенесары-Наурызбай хақындағы әңгімелер. /Баспаға әзірлеген О. Исмаилов. // Жұлдыз. – 1992. – №4. – Б. 198.

8 ОҒКҚК, Көпеев қолжазбасы, № 1176 папка. – Б. 107(101). ;  
Құдайбердиев Ш. Түрік, қырғыз, қазақ хәм ханлар шежіресі. / Баспаға  
дайындаған Мырзахметов М. , Казбеков М. – Алматы: Қазақстан-  
Санат, 1991. – 80 б. /21-22/.

9 Көпеев М. Ж. Таңдамалы. / Құрастырған С. Дәуітов. – Алматы:  
Ғылым, 1992. – Т. 2. –Б. 91-96. ; ОҒКҚК, № 1170«а» папка. – Б.  
111(60)–144 (84). ; Сонда, № 1176 папка. – Б. 123(117).

10 ОҒКҚК, № 1177 папка. – Б. 236(279). ; Көпеев М. Ж.  
Таңдамалы. / Құрастырған С. Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1992.  
– Т. 2. – Б. 91-96. ; Ел қазынасы–ескі сөз. / В. В. Радлов жинаған  
қазақ фольклорының үлгілері. / Баспаға әзірлеген, құрастырғандар:  
Уахатов Б. , Қасқабасов С. А. , Матыжанов Қ. С. – Алматы: Ғылым,  
1994. – 616 б. /275-279/. ; Моңғолдың құпия шежіресі. / Аударған  
М. Сұлтаняұлы. – Алматы: Жалын, 1998. – 224 б. /26-30/. ;  
Лувсанданзан. Алтын шежіре. / Аударған А. Мауқараұлы. – Алматы:  
Өнер, 1998. – 224 б. / 15-18/.

11 Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс – Баянауыл өңірі. – Б. 91.

12 ҚПЖӘМ, Фазыл көшірмесі, 3 топтама, 17 дәптер. – Б. 96.

13 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 33 тізім. – Б. 1.  
; Жүсіпов Н. Қ. М. Ж. Көпейұлының фольклоршылық еңбегі. ф. ғ.  
к... Авторефераты. – Астана, 1998. – Б. 16. ; Жүсіпов Н. Мәшһүр-  
Жүсіп–қазақ ауыз әдебиетін жинаушы. // Қазақ тілі мен әдебиеті.  
– 1997. – № 1–2. – Б. 86.

14 ОҒКҚК, №1176 папка. – Б. 375(186).

15 Кенесары-Наурызбай хақындағы тарихи әңгімелер. //  
Жұлдыз. – 1992. – № 4. – Б. 199. ; Көпеев М. Ж. Тарихи әңгімелер.  
/ Даярлаған Н. Жүсіпов. // Жұлдыз. – 1992. – №10-12. – Б. 202. ;  
ОҒКҚК, №1130 папка, № 1645 папка.

16 Көпеев М. Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер.  
/ Даярлаған Н. Жүсіпов. // Ақ Орда. – 1993. – № 2. –Б. 77-79. ;  
ОҒКҚК, №1170«б» папка. – Б. 694(91)–702(99). ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат  
көшірмесі, 2 топтама, 28 тізім. – Б. 10–21.

17 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 31 тізім. – Б. 6.

## БІРІККЕН СӨЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

САХИМЗАДИНОВА А. С.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ПАФЕРОВА А. В.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қолына қалам ұстағандардың дені қашан да құрама сөздердің бөлек, бірге жазылуындағы қиындықтарға тап болып отырған. Ал оның қазақ тіл білімі қалыптасқанынан бері күн тәртібінен түспей келе жатқаны, бұл саладағы басы ашылмаған мәселелердің жиі кездесетіні – жалпы жұртшылыққа белгілі жайт. Сондықтан құрама сөздердің зерттелуі дегенде біз құрама сөздер тобындағы біріккен сөздер мен кіріккен сөздердің зерттелуін ғана сөз етпекпіз.

Біріккен сөз – екі я одан да көп сөздер бірігіп, бір ұғымды білдіретін және бір сұраққа жауап беретін сөз. Қазақ тілінде орыс тіліндегі байланыстырушы дауыстылар сияқты сөзді біріктіретін морфемалар жоқ. Сөз ешбір қосымшасыз бірігеді. Біріккен сөз екі түрлі: 1) кіріккен сөз, 2) біріккен сөз.

Кіріккен сөз деп – сыңарлары түрлі дыбыстық өзгеріске түсіп, бір-бірімен дыбыстық жағынан үндесіп, ықшамдалып, біртұтас лексикалық мағына беретін сөздерді атайды. А. Байтұрсынов кіріккен сөзді азған сөз терминімен атайды. «Сөздің азып өзгеруі бар, айнып өзгеруі бар. Соңғысы дыбысы айнып бірде олай, бірде былай айтылуынан болатын өзгеріс» [1].

Қазақ тіл білімінің құрама сөздерді зерттеу саласындағы бірден-бір толыққанды, ғылыми еңбек профессор Қ. Жұбановтың қаламынан туған деп айтуымызға бүгінде толық негіз бар. Ғалым біріккендерді кіріккен сөз терминімен атап, оған белбеу, бүгін, биыл, келсап, танертең, үйт, бүйт, кішкене т.б. сөздерді жатқызады. Зерттеуші «Кіріккен сөз болған жердің бәрінің бірдей дыбыстық өзгеруі шарт емес, бірақ дыбысында өзгеріс бар сөз тіркестерінің кіріккен сөз болуы шарт, – деп және олардың бір екпінге бағынуы» кіріккен сөзді танудың ең сенімді жолы дейді. Ғалым біріккен сөздерді қалыпқа түскен ортақ заңы жоқ, заңсыз қосынды дей отырып, біріккен сөз пайда болуының ұзақ сонарлы процесс екенін, аралық жағдайда көбірек өмір сүріп, жалған көзқарас қалыптастыру мүмкіндігін ескертеді. «Қарға қара құс болғанмен де қара құс емес, ақ сары, қарақұс, қара құс болмағанмен де, қарақұс»

деген зерттеушінің сөзі – кіріккен сөз жасалуының семантикалық жолының тамаша мысалы. Деректі мағынадан дерексіз мағынаға көшу кіріккен сөз жасаудың тәсілі екеніне Қ. Жұбанов қолғап сөзін мысалға келтіреді. Мұндағы қап сыңары мешок мағынасында емес, чехол мағынасында қолданылғандықтан, тіркескен сөз бірігетінін айтады ғалым. Ал бөлек жазылатын сөздерді күрделі сөз терминімен атайды да, ол бірліктердің жасалуының семантикалық жолын былай түсіндіреді. Сары май, сары жапырақ тіркестеріндегі сары сыңарының беретін мағынасы әр сатыда. «Сары майдың ақ көгілдір түрлері де кездеседі» дейді зерттеуші. Бұл пікірдің мәнісі былай. Сары май – әбден шайқалып, сүтінен мұқият ажыратылған, қойдың қарнына ұзақ уақыт сақтала сары түсін сақтаған, басқа тағамдық майлардан құнарлылығы өте жоғары май. Уақыт өте келе оның түсінің сап-сары, сары, ақшыл сары, ақ сары, көгілдір болуы емес, оның құнарлылығы, сапасының жоғары болуы мәнге ие болады. Бұл жерде «сары» сыңары май сөзінің әуелдегі ерекше белгісін абстракциялап қана көрсетіп тұр дейміз. Сары май тіркесі – денотатив, мұндағы сары – сигнификаттық компонент. «Сигнификат – денотат та емес, сондай-ақ ұғым да емес. Денотаттан айырмашылығы сол – ой субъективті қасиетке ие. Екінші сөзбен айтқанда, сигнификат нақтылы заттың белгісі мен түрлі қасиеттерінен қол үзген идеалды денотатқа сүйенеді». «Денотаттық мағына сөзді объектив дүниемен, заттармен байланыстырса, сигнификаттық мағына оны ұғыммен, ой элементтерімен байланыстырады». «Мағынада бұл компонент денотаттық компоненттен қатар жүреді, тек оны ерекшелейтін нәрсе, бұл компонент денотаттың ерекше белгілерін абстракциялап бейнелейді». Бұл макрокомпонент мынадай жолдар арқылы сөз мағынасының бір бөлігіне айналады дейді М. Оразов, яғни идеалды немесе жалпы денотат арқылы, екінші гаосеологиялық бейне арқылы, үшінші қайта атау, төртінші ғылыми абстракция арқылы. Сонымен, Қ. Жұбановтың айтуынша, сары май тіркесі – бүгін бір атау [2, 361 б.].

Кіріккен сөздер мына құрамнан тұрады:

1) өзгерістерге түскен атау түбірлердің бірігуінен тұрған күрделі сөздер; 2) табыс жалғаулы сөз бен сабақты етістік негізінде пайда болатын күрделі сөздер; 3) анықтаушы мен анықталушылық қатынастағы күрделі сөз; 4) заттанған сын есім мен зат есім тіркесінен туған күрделі сөз; 5) күрделі жалқы есімдер; 6) қысқарған сөздер. Бір өкініштісі, ғалымның бұл айтқандарына келтірген мысалдары табылмаған.

Біріккен жалқы есімдердегі атрибуттық сөз тіркестерінің кері орналасу тәртібіне назар аударған Қ. Жұбанов оны сын есімнің заттану қасиетімен және мұндай жағдайлар тек сын есімдердің кісі аттарымен (Айжарық, Таңжарық, Еділбай, Айсұлу, Күнсұлу, Айсана) ғана тіркесіп, оның белгісін, қасиетін, кәсібін, қоғамдық орнын білдіріп, әрі анықталушы мүшелер қызметінде жұмсалып қабілетімен байланыстырады. Әрине, мұндағы Айжарық, Күнсұлу сөздерін оңай төркіндетуге болады: айдай жарық, күндей сұлу.

Біріккен сөздердің өзіндік белгілері ғылыми негізде сараланады. 1938–1960 жылдары, яғни негізгі орфографиялық ереженің қалыптасу жылдары аралығындағы құрама сөздердің бірге – бөлек танбаланыуына қатысты жарияланымдарға зер сала қарасақ, мынадай екі үрдісті байқауға болады. 1. Бір деммен, бір үйлесіммен айтылатын еркін, тұрақты сөз тіркестерін, күрделі атау, лексикаланған тіркестерді жаппай біріктіру. Бұған Қ. Жұбановтың біріккен сөздерді өзіне ұқсас басқа тілдік бірліктерден ажырататын негізгі белгісі деп екпінді атауы бірден-бір себеп болды. Ақ көңіл, тас бауыр, жат бауыр, дем алу, қол қою, бас салу, бой ұру, ат салысу, ат қою, ат үсті қарау сияқты фразеологизмдер бір екпінге бағына айтылу себепті бірге тұлғалануы ұсынылды [3]. 2. Емледегі бір ізділік қағидасын арқау еткен форма куу үрдісі. Мұнда ішкі мағыналық сәйкестік, компоненттердің лексика-семантикалық арақатынасы, үйлесім сияқты сөздің ішкі формасына, мағыналық жылжуға назар аударудан гөрі, мысалы, мал шаруашылығы күрделі атауы бір екпінмен айтылмағандықтан бірге жазылатын болса (малшаруашылығы), онда осыған ұқсас ауыл шаруашылығы, халық шаруашылығы, егін шаруашылығы сияқты құрама атауларды да қосып жазу; баспасөз тәрізді сөздің қатарына жарыс сөз, соңғы сөз, жаңа сөз, ескі сөз, кіріспе сөз, жазба сөз сияқты лексикаланған тіркестерін қою; -ар, -ер жұрнағының біріккен сөздер жасамдық қабілетіне регламент қоймай, бір киер, бір тартар, бір қырқар сияқты формасы бір сөздерді жаппай біріктіру; бір заттың атауы болған лексикаланған атаулардың (іш киім, бас киім, аяқ киім, аққұман, қара құман, іш қалта, жер үй, тас қалта, жер төсек) біреуі бірге жазылуына орай қалғандарын да бірге тұлғалау ұсынылды.

Ә. Ермаков өзінің «Қазақ лексикасындағы біріккен сөздердің семантикасы» атты кандидаттық диссертациясында құрамдары кірігіп кеткен, қазақ тілінің төл сөздерінің этимологиясын ашады. Автордың пайымдауынша, мына сөз сыңарлары сөйлемде қатар айтыла келе сөз тіркесіне, одан атаулық тіркестерге өтіп, біріккен

сөздерге айналған. Мысалы: қоян – «қой сияқты аң», жылан – «жылжымайтын аң, жамбас – «жанына бас», итмұрын – «иттің мұрны тәріздес жеміс», жануар – «жаны ару», жантаю – «жанына таю», есіру – «есі іріп кету» т.б. Ізденушінің пікірінше, біріккен сөздердің компоненттері универбтенбей тұрғанда көбінесе жалпы қолданыста жүреді де, процесс өткен соң, тіркес мағынасы бір нүктеге шоғырланып, жалқыланады. Осы жалқылану біртұтас тұлғаланатын сөздердің пайда болуына себепші болып отыр дейді ғалым. Және кейбір біріккен сөздердің мағынасын ашады: алтынкүрек – «көктемде оңтүстіктен соғатын жел», қанатжуар – «көктемнің алғашқы жылы жаңбыры», көгентүп – «көгендегі қозылардың ең кенжесі», қымызмұрындық – «алғашқы қымыз сауымының ішілуі», желбұйда – «мұрындық пен бұйданың арасына желі болып тартылатын жіп», қырықжілік – «мал етінен сыбаға» т.б. [4, 9 б.].

Сонымен қатар біріккен сөздер ұқсату арқылы (төстабан, қоян, текесақал, итмұрын) және қызмет түрінің ұқсастығына қарай (қолжуғыш, алжапқыш) пайда болады.

«Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі біріккен сөздер» тақырыбынан диссертация қорғаған Г. Жәркешова тілімізде түбір деп танылып кеткен бірқатар сөздерді Э. В. Севортяның «Соотношение грамматики и лексики в тюркских языках» еңбегі негізінде құрамын қарап, жалпы мағынасын анықтайды. Біріккен сөздердің көбі араб, парсы, алтай, қырғыз, монғол тілдеріндегі мағыналас сөздермен қосарлана біріккенін көрсетіп, қазақ тілі сөзжасам процестерімен байланыстырады. «Семантикалық бір ұғымды білдіретін, бір ғана сөйлем мүшесі бола алатын, бір фоноциямен айтылатын, дыбыс үндесу заңдарына әсер ететін сөздер біріккен сөздер деп аталады» деп анықтама береді [5, 126 б.].

Біріккен сөз проблемасы тіл-тілдің қайсысында болмасын күрделі мәселеге айналып отыр. А. А. Реформатскийдің 1937 жылы «орфографияның ешбір проблемасы сөздердің бірге, бөлек, дефиспен жазу мәселесіндей қиындық тудырмайды» [6]. деген сөзін бүгін де қайталауға болады. Дегенмен, орыс, батыс еуропа тіл біліміндегі зерттеулерге барлау жасап, біріккен сөздердің шығу тегі, өздеріне тән белгілері туралы айтылған көзқарастарға азды-көпті тоқталып өту қажет.

Тілдің зерттелетін ауқымы тереңдеп, оның микроқалтарыстарына дейін сөз болып жатқан бүгінгі орыс тіл білімінің өзінде орфографияның бұл өзекті мәселесі әлі күнге дейін шешімін таба қойған жоқ. 60-80 жылдардың арасында бұл салада бірнеше іргелі зерттеулер жүргізіліп, еңбектер жарық көрді.

Алайда осы зерттеулердегі пікірлерді саралау барысында байқағанымыз – құрама сөздердің орфографиясы туралы пікір, ғылыми ұстанымдар әлі де болса бір жерден танылып, бір арнаға сая қоймайтыны.

Орыс орфографиясында сөздердің бір-бірінен ажыратыла таңбалануы XVII ғасырдың аяғына қарай ғана түпкілікті шешілді, дейді А. Н. Гвоздев [7, 119 б.]. Олай болтын, «сөзді қабаттастырып айту арқылы сөз жасау – жаңа сөз туғызудың ең ескі және бірден бір тәсілі» болуы да сондықтан. Және осы тұста кіріккен сөздердің жасалу жолы да айқын көрініп тұр.

Кіріккен сөздер пайда болу процесін көрсеткенде орыс тіл білімінде мынадай схемақайшы ұсынылады. Кіріккен сөздер сөйлемдегі алатын орнынан келіп шығады – кіріккен сөздердің табиғатын түсіндіру үшін оны синтаксистік сөз тіркестерінен оқшау алып ажыратып қарау керек. Осы схема арқылы кіріккен сөз болмасын айқындап береді: ең алдымен, кіріккен сөз пайда болу үшін оның сыңарлары зат немесе құбылысты түсіндіру мақсатында, сөйлемде қатар келуі керек. Екіншіден, олар анықтауыш-анықталғыш, толықтауыш-толықталғыш, пысықтауыш-пысықталғыш қатынаста тұруы тиіс. Үшіншіден, олар деректі және дерексіз заттың, мөлшер, мезгіл, көлем, сын, сан атауларының қажетін тұрақты, қайталап айтқанда, «тұрақты контекст» құрап, өтеп тұруы қажет. Осы тұрақтылық негізінде «үлкен және кіші деңгейде «қолтықтасқан «сөз тіркестері» тіл тезінде өңделіп, мүжіліп кеміп, өзгереді. Сөйтеді де, ол ұғымымызда бар бір ғана зат, я құбылысқа атау болып қалыптасады. «Сөйлемнен тыс, тек соған керекті құрылыс материалы ретінде қаралатын сөз тіркестері сөздер тәрізді болады да, тілдің номинативті құралдарының саласына, заттарды, құбылыстарды, процестерді белгілеу құралдарының қатарына енеді» [8].

Енді ол – белгілі бір денотатқа атау болғаннан кейін сыңарлары арасындағы синтаксистік байланыс (анықтайтын–анықталатын, толықтайтын – толықталатын, пысықтайтын – пысықталатын) әлсірей бастайды. Сөйлемнен сөз тіркесі, сөз тіркесінен кіріккен сөз, одан біріккен сөз, біріккен сөзден сөз, сөзден түбір, түбірден морфема, морфемадан дыбыс пайда болу ретімен енді синтаксистік байланыс орнына мағыналық байланыс орнайды. Жоғарыдағы авторлардың кіріккен сөзді синтаксистік сөз тіркесінен ажыратып алу керек, оларды «салыстыру дегеннің өзі артық дегендері – кіріккен сөз сыңарлары арасында ешқандай синтаксистік қатынас қалмауы керек деген сөз.

Орыс тіліндегі біріккен сөздің өзіндік ерекшеліктеріне келетін болсақ, әдебиеттерде ең бірінші ауызға алынатыны – біріккен сөздің о, е, и ұластырғыш дауыстылармен келуі; екінші, табыс

септігіндегі зат есім мен есімшенін бірігуі арқылы (серусодержащий) және зат есім мен сын есімнің кері байланыста бірігуі арқылы (металлоорганический, резусположительный, азотфиксирующий) және бірінші сыңары үстеулерден болған көсемшелі, есімшелі оралымдар [9, 287 б.]. : быстрорастворимый, вышеупомянутый, густонаселенный, долгоиграющий; белгілі бір приставкалармен (обер, уни, мини) келетін біріккен сөз.

Әдебиеттерде екі сөз бір мағынаны беру үшін композиттің жалпы мағынасы оның бөлшектерінің мағыналарының қосындысынан тұруы керек немесе бір сыңары жеке тұрып мағына беру дәрежесінен айырылған болуы керек, болмаса бір не, екі сыңары да ауыспалы мағынада қолданылуы керек делінеді. О. С. Ахманова біріккен сөздің жалпы мағынасы құраушы сыңарларының мағынасынан өрбіп шығады, фразеологиялық тұтастыққа қарағанда біріккен сөзге идиомалану мүлде тән емес деп көрсетеді. Сөйтіп, автор біріккен сөздің мағынасы оны құраушы элементтердің мағынасынан тумайды: біріккен сөздің мағынасы семантикалық оқшаулануға ұшырайды деген пікірге қарсы дау айтады [10, 37 б.].

Сонымен, орыс тіліндегі біріккен сөздің негізгі өлшемі болып, біріншіден, жоғарыда аталған олардың морфологиялық жағынан өрнектелуі болса, екіншіден, ең сенімді белгісі болып, олардың тұтас тұлғалануы аталады. Мысалы: грубоотгалькивающий, грубоотгалькивающего, агитпункт, агитпукта, космовидение, космовидением т.б.

Орыс тілінде біріккен сөзді айырудың енді бір өлшемі бар. Ол – компоненттер арасындағы қатынас: сыңарлар сабақтасып тұрса сөздер бірігеді, салаласып тұрса компоненттер қосаралық арқылы бөлінеді. Басқаша айтқанда, композиттің бір сыңары жартылай мағыналы сөз болса сөздер бірігеді. Біріккен сөз жасалуының соңғы стадиясы ретінде орыс әдебиеттерінде біріккен сөздің бір екпінге байлаулы болуы көрсетіледі. Негізінен, біріккен сөз бен сөз тіркесін ажыратудағы екпіннің ролі неміс тілінде күшті: die Feststellung, feste stelle

Тіпті орыс тілінде бір кездері біріктіру дегеннің өзіне қарсы пікірлер бой көрсеткен. Сөздерді біріктіру олардың морфологиялық құрамын күнгірттендіріп, дербес сөздердің мағынасын жұтандандырады, сөздер өз табиғи жолымен тұтас тұлғалы бірлік болмай жатып, оларды біріктіру қиянат [11, 497 б.]. деуінен орыс тіліндегі біріккен сөздер жасалуының табиғаты түркі, оның ішінде, қазақ тілінен өзгеше екенін аңғарамыз.

Ал неміс тілінің сөзжасамында аналитикалық тәсілдің, композиттердің орны ерекше болғандықтан, сөз тіркестерінің өзі предикаттық қатынастағы, предикаттық емес қатынастағы құрылым және детерминативті композит болып үшке бөлінеді [12, 159 б.].

Бұл формалардың арасындағы айналым процесі үнемі композит формасына, атаудың универб тұлғасына келіп ұласады. Мысалы: das Waldhaus> das Haus im Walde >das Haus steht im Walde [13, 120 б.].

Қазақ тіліндегі жиі қолданылатын біріккен сөздер 3000-дай болса, әр түрлі ғылым салаларының біріккен тұлғалы терминдік атаулары 2000-нан асады. Бұл сандық көрсеткіш жалпы сөздік қордағы біріккен сөз үлесінің қомақты емес екенін көрсетеді. Себебі қазақ тілі орфографиялық ережелері мен емле сөздіктері жазу тәжірибесінде сөздердің ретсіз бірігуіне регламент қойып отырды.

Тіл өзінің даму барысында біріккен сөздердің молайып отыруымен ерекшеленетін болады. Ақпараттар ағынының молаюы тілдің қоғамдық өмірдің сан алуан саласындағы қызметін жандандырып, өз ішінде үнемдеу үрдісін күшейте түседі.

«Тіл дамуына қатысты бірінші оппозицияның бірі – тілдің үнемі күрделенуін, екіншісі – оның үнемі жеңілдеуін қамтамасыз етеді. Бұл – оппозициядағы тенденциялар біріне-бірі қарама-қарсы қызмет етіп, тіл дамуындағы екі процестің тепе-теңдік сақтауын жүзеге асырады» [14]. Біріккен сөз – тілдегі үнемділік заңының нәтижесі.

Сөздерді біріктіру абстракті ойлаудың жоғары сатысын көрсетеді.

Түркі тілдерінің бүкіл грамматикалық және сөзжасам жүйесінде аналитикалық тәсілдің алатын орны ерекше. Кіріккен сөз сыңарларының дистант түрінде байланыспауы үндіевропа тілдеріндегідей біріккен сөз жасай бермейді. Бұл жайт тілдің жалғамалық сипатынан туындайды.

Тілдік бірліктердің бірге, бөлек таңбалануы – психологиямен, логикамен, психоллингвистикамен, жазу мәдениетімен тікелей байланысты, кешенді түрде зерттеуді қажет ететін аса күрделі мәселе. Бұл проблема төнірегінде басы ашылмай жатқан едәуір қиындықтар бар. Ал сөздердің бірге, бөлек жазылу мәселесін шешу біріккен сөз, кіріккен сөз және сөз тіркесі тәрізді аса күрделі лингвистикалық ұғымдарының арасын айқындайтын теориялық мәселеге тәуелді.

Сондықтан тілдік таңбаның екі жақты сипатын негізге ала отырып, сөздерді бірге немесе бөлек жазу мәселесін психологиямен,

логикамен, психолінгвистикамен байланысты теориялық зерттеулерге сүйене отырып, анықтау болашақтың ісі дейміз.

### ӘДЕБИЕТТЕР

#### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Байтұрсынұлы А. Емле туралы // «Еңбекші қазақ», 1929. 27. 03
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1966. – 361 б.
- 3 Мұсабаев Ф. Біріктіріліп жазылатын сөздер // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1958, № 6. ; Мышанов М. Бірге жазылатын сөздердің емлесі туралы // Халық мұғалімі, 1951, № 2;
- 4 Ермеков Ә. Семантика слитных слов в казахской лексике // автореф. дисс. на соиск. уч. степ. канд. фил. наук. Алматы, 1950. -9 с.
- 5 Жәркешова Г. Біріккен сөз бен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1960. -126 б.
- 6 Реформатский А. А. Упорядочение русского правописания //РЯШ, 1937.
- 7 Гвоздев А. Н. Основы русской орфографии. М. , 1954; -119 с.
- Виноградов В. В. Вопросы изучения словосочетаний //Вопросы языкознания, 1954, № 3.
- 8 Кайдалова А. И. , Калинина И. К. Современная русская орфография. М. : Высшая школа, 1973. -287 с.
- 9 Ахманова О. С. О разграничении слова и словосочетания // автореф. дисс. на соиск. уч. степ. докт. фил. наук. М. , 1954. -37 с.
- 10 Обзор предложений по усовершенствованию русской орфографии. М. , 1965. -497 с.
- 11 Вашунин В. С. Субстантивные сложные слова в немецком языке. М. : Высшая школа, 1990. -159 с.
- 12 Котова О А. Номинативные формы имплицитной реализации предикативного знака в речи // Словообразование и проблемы номинации в германских языках. Горький, 1985. -120 с.
- 13 Оралбаева Н. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысының совет дәуірінде дамуы // ҚазССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1981, № 1.

### ТАРИХИ ЖЫРЛАР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

СЕРДАЛИЕВА Ж.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Тарихи жыр» дегеніміз ел тарихының, халық өмірінің маңызды кезеңдеріне арналған эпикалық, лиро-эпикалық шығармалар. Лиро-эпикалық шығармалардың барлығы жатпайд, тек біраз бөлігі жататыны белгілі. Әрине, тарихи жыр көркем шығарма болғандықтан тарихи фактілер мен деректер онда көркемделіп, біршама өзгертіліп көрсетіледі. Тарихи жыр – негізінен батырлық жыр мен тарихи өлеңнің аралығындағы жанр. Зерттеушілердің пікірінше, тарихи өлең әңгімеленіп отырған оқиғаның ізінше пайда болады да, ел арасына тез-ақ тарап кетеді. Кейін сол әр өлеңде айтылған оқиғалардың негізінде көлемді шығармалар туады. Олар бірте-бірте үлкен жырға айналады және оған көптеген тарихи шағын өлеңдер енеді. Содан барады да үлкен, эпикалық тарихи жыр пайда болады.

Әдебиеттанымдық зерттеулерде: «Қазақ халқының тарихи жырлары мен тарихи өлеңдерін қазақтың, тіпті жалпы түркі-монғол халықтарының ортақ эпикалық дәстүрінен бөліп алып, жеке қарастыруға болмайды. Тарихи жырлар мен өлеңдер – ежелден келе жатқан жалпы эпикалық дәстүрдің заңды жалғасы» [1,28].

Қазақ фольклорындағы тарихи жырларды шығу мерзімдеріне қарай 4 дәуірге бөледі:

1 XIV–XVII ғасыр аралығы (Алтын Орда, Ноғайлы, Астрахань, Қырым хандықтарына қарсы феодалдық соғыстарды бейнелейтін «Едіге», «Нұрадин», «Мұсахан», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазі», «Телағыс» т.б. жырлар).

2 XVIII ғасыр (Жоңғар, қалмақ шапқыншылығына қарсы жорықтарды қамтитын Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Өтеген, Жәнібек т.б. батырлар туралы жырлар).

3 XIX ғасыр («Исатай-Махамбет», «Жанқожа батыр», «Бекет батыр», «Досай батыр» т.б.

4 XX ғасырдың басы (XX ғасырдың басындағы революциялық рухтағы өлеңдер мен 1916 жылғы патша өкіметіне қарсы халық көтерілісі туралы жырлар) [2].

Қазақта бізге белгілі тарихи өлеңдердің ең алғашқы үлгілері «ақтабан шұбырынды» оқиғасынан басталады. Қазақ жерінің, қазақ елінің ең сұрапыл қасіреті – Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама

оқиғасы. Мың жеті жүз жиырма үшінші жылдың көктемінде қазақ елінің қас жауы жоңғарлар жеті түмен әскерімен басып кірген еді. Бейбіт өмір сүріп жатқан халықты талан-таражға салып, азық-түлік, мал-мүлкін тартып алуды көздеді. Қысты әрең қыстап шыққан қазақтар шетінен қырғынға ұшырады. Барлық қазақ жан-жаққа тарап, кейбірі Самарқандқа, кейбір тайпа-рулар Қызылқұмға, Қарақұмға өтеді. Сөйтіп бұл оқиға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы деген атауға ие болады. «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» оқиғасы қазақтың ауыз әдебиетінен үлкен орын алады. Осы кездегі ел басындағы ауыр халді суреттейтін және соңғы кезге шейін ұмытылмастай боп, еске сақталып келе жатқан, жұрттың бәрі білетін өлеңдер бар. Соның бірі осы – «Елім-ай» өлеңі:

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,  
Ел-жұртынан айрылған жаман екен,  
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді,  
Мына заман қай заман? бағы заман,  
Баяғыдай болсайшы тағы заман,  
Атадан үл, енеден қыз айрылды,  
Көздің жасын колғылып ағызамын,

Мына заман қай заман? қысқан заман,  
Бақыт құсы алаштан ұшқан заман,  
Көк аспаннан топырақ, шаң борады,  
Күні суық қаңтардан, қыстан жаман.

«Елім-ай» әні – жоңғар шапқыншылығының ауыр кезеңіндегі (1723–1725) қазақ халқының басына төнген қауіп-қатер, азап-қиыншылықты, босқан елдің мұң-зарын толғайтын тарихи сазды өлең. Мұны кім шығарғаны мәлім емес. Халық өлеңі болып кеткен нәрсе. «Өлең білмеймін» деушілерге қазақтың: «Қаратаудың басынан көш келеді» білмеймісің? – деуінің өзі бұл өлеңнің жұрттың бәріне мәлім өлең екендігін айқын дәлелдейді [3, 97]. Мұнда өзінің тыныштық тұрмыс, бейбіт тіршілігінен айырылған елдің ащы зары, жылау-сықтауы айтылып, бүліншілікке ұшыраған ауылдың жай-күйі баяндалады. «Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» деп, елін шауып, малын айдап кеткен жаудың тағылығы суреттеледі. Өлеңде «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына ұшырап өмір тауқыметін көрген қазақ халқының арман, мұны, нақтылы көңіл-күйлері жинақталған [4, 583].

Тарихи өлеңдердің өткен өмір шындығын тануға үлкен сүйеніш бола алатындығы, мұнда болған оқиғаларға елдің бағасы мен ұғымы неғұрлым

қоспасыз айтылатындығы, демек бұл жанрдың фольклорлық поэзияның белгілі бір белесі, даму деңгейі екенін осыдан – ақ аңғаруға болады.

Қазақ фольклоры үлгілерінің алғаш қағаз бетіне түсіріліп, архив, қолжазба қорларында сақтала бастағанына екі жүз жылға жуық уақыт өтті. Ол қолжазбалар Кеңес төңкерісінен бұрын, Петербор, Мәскеу, Омбы, Томск, Уфа, Қазан, Орынбор қалаларындағы қолжазба қорларында сақталды. Қазақ қолжазбаларын әр түрлі жанрда сұрыптап жинағандардың ішінде жырларға баса назар аударылғанын И. Аничков, Я. Гавердовский, Ш. Уалиханов, В. Радлов, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев еңбектерінен кездестіруге болады.

Қазақ ауыз әдебиетінің барлық жанрын, оның ішінде тарихи жыр үлгілерін де жинап, жарыққа шығару ісінде аса көп еңбек сіңірген ғалымның бірі – академик В. В. Радлов. Ол өзінің атақты 10 томдық жинағының 3-томына қазақтың бірнеше тарихи жырын енгізген. Бірақ В. В. Радлов тарихи жырды жеке жанр ретінде бөлмеген. Сондықтан ол батырлық жырды да, тарихи жырды да «Қазақтың бұрынғы батырлары туралы сөз» деп атаған. Ал жекелеген кейбір тарихи жырды қысқа қиссалар тобына жатқызады.

XIX ғасырдың 70-жылдарындағы фольклористиканың жағдайында қазақ ауыз әдебиетінің барлық жанрын дұрыс салалап зерттеу мүмкін емес еді. Оның үстіне В. В. Радлов қазақ поэзиясын Ш. Уәлихановтай жетік білмеген және оның ішкі ерекшеліктері мен нюанстарын анық аңғара алмаған. Сол себепті, ол «батырлар жыр», «ғашықтық жыр», «тарихи жыр» деп дәлдеп бөле алмаған, бәрін бір жанр деп есептеген деген зерттеушілердің пікірін келтіре кеткенді жөн санадық.

Тарихи өлең мен тарихи жырды кең түрде жинап, жарыққа шығару, ғылыми тұрғыдан зерттеу ісі кеңес дәуірінде қолға алынған. Бұл тұста бүкіл қазақ кеңес фольклористикасының негізін қалап, қалыптастырып, дамытуда орасан зор ролі бар М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов сынды аса көрнекті жазушыларымыздың еңбегін атауға болады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап, олар қазақ фольклорын саралап зерттеу, терминологиялық ұғымды қалыптастыру ісін дереу қолға алып, оны орнықты түрде жүзеге асыра білген. Мәселен, «тарихи өлең» терминін фольклористикамызға алғаш енгізіп, жүйелі түрде зерттеген М. Әуезов болған. Ол өзінің қазақ әдебиетіне арналған алғаш еңбектерінің бір бөлімін «тарихи өлеңдер» деп атаған да, оған Исатай, Махамбет, Бекет батыр туралы жырларды енгізген.

М. Әуезов: «Бұл жырлардың бәрі де, ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да – анық тарихи оқиғаларға негізделген,

ал басты-басты кейіпкерлер – тарихта болған адамдар. Жырлардың авторлары – көбінесе сол оқиғаларды көзімен көрген тұтастары. Авторлар көзімен көрген, өздері бастан кешірген оқиғаларды уақытына қарай баяндайды. Тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық айырмашылығы бар. Яғни тарихи жырларда эпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқиғаларды тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады» [3].

Тарихи жыр туралы С. Сейфуллин мен С. Мұқанов та жазған. Алайда, олар тарихи жырды жеке жанр деп танымай, батырлар туралы шығармаларға қосқан. Сондықтан бұл жанрды олар эпос тарихымен бірге зерттеген.

Қазақ фольклористикасындағы білікті мамандардың бірі Ә. Марғұлан да тарихи жырды батырлық эпос құрамында қарастырған. «Қазақ эпосының сипаты мен тарихи шарттылығы жайлы» деп аталатын еңбегінде ол батырлар жырының шығу тарихын зерттей отырып, жырларды бес кезеңге бөледі. Соның ішінде кейінгі дәуірлерде туған шығармалар ретінде төртінші және бесінші кезеңге – XVII–XVIII және XIX ғ. туған тарихи жырларды жатқызады. Мысалы, төртінші кезең қалмақ шабуылдарының тұсы. Бұған XVII–XVIII ғасырдағы «Құба қалмақ». Сол замандарда өмір сүрген Олжабай, Қабанбай, Бөгенбай батырлар туралы жырлар жатады десе, бесінші кезеңге қазақтардың XIX ғасырдағы хан, сұлтандарға, патшаға қарсы күресін көрсететін Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет туралы жырлар енеді деп есептейді [5].

Тарихи жырды арнайы зерттеген ғалымдарымыздың бірі – Қ. Жұмалиев. Қ. Жұмалиев тарихи жырларды шығарушы мен жырлаушылардың кім екенін, қай таптың өкіліне жататынын жіті байқау керек екенін ескертеді. Батырлық эпостан гөрі тарихи жырда ақындар мен орындаушылардың өзінің дүниетанымына байланысты, өзінің таптық тілегіне қарай жамаған қоспаларын көбірек болатынын айтып, бұл жанрды зерттегенде осы жағын да айрықша есте тұту қажеттігін атап көрсетеді.

Тарихи жырды көп уақыт зерттеп, құнды еңбектер жазған ғалымдар қатарында Е. Ысмайловты айтуымызға болады. Е. Ысмайлов тарихи жырды жеке жанр ретінде қарастырып, оның жанрлық ерекшелігін анықтайды және шығармаларды хронологиялық принциппен саралайды [2, 89]. Мысалы, зерттеуші қазақтың тарихи жырларын төрт дәуірге бөлуді ұсынған. Біз ол төрт кезеңді жоғарыда атап көрсетіп кеттік.

Тарихи жырлардың көшін бастаған Абылай туралы өлең – жырларды ерекше айтуымызға болады. Абылайтану ғылымының іргелі саласы қатарына саналған бұл жырлардың көркемдік дәстүр ортақтығын, ондағы тарихи шындық мәселесін терең зерттеу тарихи жырлар құндылығын өзгеше сапаға, жаңа белеске көтермек. Абылай хан туралы жырларда қазақ халқында ХҮІІІ ғасырынан бастап қалыптасқан көркем бейнелері көрініс тапқан.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1991 жылы Көкшетауда Абылай ханның 280 жылдық тойы абылайтану ғылымының жандануына негіз болып, ол турасындағы тарихымыздағы ақтандақтар айқындалды. Оның қолбасшылық, қайраткерлік роліне, саяси қызметіне тұжырымды бағалар беріле бастады.

Кеңестік кезеңде М. О. Әуезовтің өзі бас болып, Абылай жайындағы өлең-толғаулар мен тарихи жырларды зерттеуге негіз қалағанымен, сол кездегі идеологияландырылған саясат оны қатаң сынға алып, ғалымның қуғындалуына ықпал етті. Алайда ақын-жыраулар поэзиясын зерттеу негізінде Қ. Мұхамедханов, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Дербісалин, Х. Сүйіншәлиев, Ә. Қоңыратбаев, М. Мағауин Абылай бейнесі жайлы пікірлерін білдіріп кетті.

Абылай есімін халыққа танытуда І. Есенберлиннің «Жанталас» [6]. атты тарихи романы елеулі роль атқарды. С. Қасқабасов зерттеу еңбектерінде Ш. Уәлиханов жинаған Абылай туралы аңыз-әңгімелерді тарихи шындықпен саралады. Ш. Ә. Уәлихан халық ауыз әдебиетіндегі Абылай бейнесінің сомдалуына сипаттама беріп, жаңа тарихи дерек көздерімен оның өмірінің шындығын ашты [7]. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының сіңірген еңбегі зор. Абылай және оның айналасындағы батырлар мен билер туралы аңыз, әңгіменің бір парасы атақты ақын әрі шежіреші, ауыз әдебиетін жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбалары арқылы жеткен. Бұл әңгімелер – Абылай рухының халық санасында берік орын алғандығының дәлелі. Өзінің көркем де тарихи шынайылығы жағынан мұндай әңгімелер ұлы хан жөніндегі эпикалық аңыздардың маңызды беттерін құрайды. Қиялмен астасқан жарасымды әсірелеулері аралас аңыздар Абылай хан бейнесінің реалистік сипатымен бірге халық арман ететін парасатты басшының көсемдік қырлары қабағат берілген. «Абылай айтыпты» деген естелік сөздер өз уақытында хатталып сақталмаған, алайда «Абылай айтуға тиіс» дегенді халық даналығы өзінше қиыстырып, шындықтың бояуын әлсіретпей, әлеуметтік жағдайға, тарихи кезеңге, оқиғаның өту



кеңістігіне сәйкес етіп, тамаша шығармалар тудырған. Абылайдың ғибратты өмірі мен аласапыран заманы жайлы тарихи дерек көздері жыл сайын қордаланып, абылайтану ғылымының қалыптасып, жүйеленуіне негіз болды.

Кенестік дәуірде Абылайдың өмірі мен тарихи ерлігін дәріптейтін шығармалар тудыруға көркем әдебиетте тыйым салынды. Кейбір ақындардың жекелеген өлеңдері болмаса, ірі кесек шығармалар жасалған жоқ. Ұлы жазушы М. Әуезовтің Абылай туралы роман жазу ниеті де цензураның шеңберіне аса алмай, асыл мүдде жүзеге аспағаны қазақ роман жанрының орны толмас өкініші болды.

М. Ж. Көпеев: «Қалмақтың құтын қашырып, Сарыарқадан аударған, қалмақтың басына қан жаудырған Абылай хан екен. Сол заманда сүрген дәуренді Қазақбайдың баласы Абылайдан бұрын Адам атаға шейін көрген емес, Абылайдан соң бұл заманға дейін де көрген емес» [8, 90]. , – деген екен.

Абылай бейнесін, дарабоз қырларын ашатын «Сабалақ» туындысы бүгінде Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Ғылыми кітапханасындағы Мәшһүр Жүсіп қорында сақтаулы. Мәшһүр Жүсіп жырдың тарихи маңызы мен ондағы хан бейнесінің сомдалуын сөз ете келіп, жазылу тарихы турасында «Бұл дастанның авторы белгісіз», – дейді.

Абайдың ақындық мектебінің дарынды шәкірті Көкбай өз поэмалары арқылы өткен тарихқа деген ұлт мүддесімен көзқарасын білдіре білген. Ақын көлемді шығармалары арқылы қазақтың өткен тарихына қалам тербейді. К. Жанатайұлының Абылай және оның нәсілдеріне арнаған тарихи жырының жарық көрмей, халықпен қауышпай жатуына 1950 жылдары полемикалық тартыстың да кері әсері тиді. Қазақ әдебиеті тарихының бағдарламасына енгізілген бұл туындыны 1951 жылдары «Абылайды тану мәселелеріне арналған айтыста» қатты сынға алынып, саяси тұрғыдан қате деп бағаланды. Кенесарыға байланысты айтыс барысында ертеректе жазған «Хан Кене» атты пьесасы үшін М. О. Әуезовке де, Кенесары мен Наурызбайды жырлаушы Нысанбай сияқты ақындарға да байшылық, ханшылдық, ұлтшылдық көзқарасты уағыздаушы деген айып тағылып, Көкбай жыры да тұншықтырылады [9].

Жариялылықтың жылы лебі есіп, өткенімізге ойлана қарай бастағаннан бері тарихымызға жанашырлықпен, ұлттық сезіммен мән беретін болдық. Елім деп еміренген ерлердің, хан-батырлардың, ақын-жазушылардың ақтаңдақ болған есімдері халқымен қайта қауышты. Тыйым салынған, тасада қалған

шығармалар оқырмандармен қайта табысты. Есімі аңызға айналған Абылай ханмен қатар Көкбай Жанатайұлының «Абылай хан» поэмасы да баспасөз беттерінен лайық орын алды.

Абылайтану ғылымының іргелі тармағы саналған хан турасындағы тарихи жырлардың зерттелуі, жинақталуы мәселесі келешекте жаңа сапамен өрістей бермек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы : Ғылым, 1993. – 312 б.
- 2 Ысмайлов Е. Ақындар. Алматы : Жазушы, 1976. – 360 б.
- 3 Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. 16 том, Алматы : Жазушы, 1985. – 400 б.
- 4 Қазақ әдебиетінің тарихы (фольклор) М. О. Әуезов ред. – Алматы : Жазушы, 1978. – 240 б.
- 6 Марғұлан Ә. Шежіре жырлар сыр шертеді // Социалистік Қазақстан, 1980 жыл, 28 наурыз.
- 7 Есенберлин І. Жанталас. Алматы : Жазушы, Ана тілі, 1973. – 385 б.
- 8 Уәлиханов Ш. Абылай. // Ана тілі, 1991 жыл, 23 шілде.
- 9 Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. Алматы : Білім, 1995. – 288 б.
- 10 Көкбай Жанатайұлы. Шығармалары: өлеңдер, айтыс-қағыстар, қисса-дастандар // Құрастырған, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Ж. Әубәкір. Алматы : Информ-Арна, 2001. – 200 б.

## ТІЛ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

ТЛЕПБЕРГЕНОВА Д. М.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл – өлем мен мәдениетті бейнелеуші әрі сол тілде сөйлеушілерді қалыптастырушы [1, 167]. Тіл – ұлттық болмыспен тығыз байланысты ұғым. Кез келген ұлттың өзіне ғана тән дүниетанымдық түсініктері болады. Бұл орайда Н. Назарбетовтың мына ойын айта кетуге болады: «Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі» [4, 40]. Тіл мен адам ажырамас бірлікте. Өлемде адамзаттан тыс тіл болмайтыны секілді, адам да

тілсіз өмір сүре алмайды. Адамды тілсіз зерттеп білуге болмайтыны сияқты, тілді де адамсыз меңгеру мүмкін емес. Тіл адамның қоршаған ортасын, сол ортада қалыптасқан мәдениетті бейнелейді, мәдениетті сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға жеткізеді. Тіл - таным құралы, адам оның көмегімен әлемді, мәдениетті танып біледі. Сондай-ақ тіл – мәдениет құралы, ол адамды тұлға ретінде қалыптастырады, оның іс-әрекетін, өмір салтын, дүниетанымын, ұлттық мінезін, ділін, идеологиясын анықтайды [1, 166]. Тіл – мәдениеттің бір көрінісі. В. Гумбольд «ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл» – деп көрсетеді. Ғалым тілді адамның ойымен, санасымен, оның мәдениетімен және рухани өмірімен тығыз байланысты қарайды. Тіл мен рух – Гумбольдтің пікірінше, біртұтас ұғым. Оның пікірінше, тіл дүниені тікелей, тура бейнелемейді. Тілде адамның дүниені қалай түсінетіні көрініс береді. Ғалым: «Язык – это объединенная духовная энергия народа, чудесным образом запечатленная в определенных звуках, в этом облике и через взаимосвязь своих звуков понятная всем говорящим и возбуждающая в них примерно одинаковую энергию. Разные языки – это отнюдь не различные обозначения одной и той же вещи, а различные видения ее...» – дейді [6, 349].

Е. М. Верещагин мен В. Г. Костомаровтың «Тіл мен мәдениет» кітабында: «Адам орыс, неміс, жапон және т.б. болып тумайды, тек белгілі бір ұлт қауымында өмір сүру барысында сол ұлт өкілі болып қалыптасады. Баланы қоршаған ортаның ұлттық мәдениеті оның тәрбиесіне де ықпал етеді» – делінген [5, 25]. Осы цитатаны А. Байтұрсыновтың ана тілі жайлы айтқан ойы толықтыра түседі: «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз» [3]. Яғни тіл сол тілде сөйлеушілерді қалыптастырады. Әрбір ұлттық тіл сол ұлттың ұлттық мінезін бейнелеп қана қоймай, оны қалыптастыруға да атсалысады. Басқаша айтқанда, тіл ұлт өкілін, яғни сол тілде сөйлеушіні қалыптастырса, онда оны тұлға ретінде де қалыптастырады. Сондықтан тілдің ұлттық мінез қалыптастыруда конструктивті рөл ойнайтыны сөзсіз. [1,167]. «Ұлттық тілмен ұлттық

сана қалыптасады» [4, 35]. Ұлттық болмыс – қандай да бір ұлттың басқаларға ұқсамайтын өмір сүру дағдысы, адам және сол дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасы. Ұлттық мінезді зерттеуді Германияда немістер 19 ғасырда қолға алып, «Халықтар психологиясы» (Völkerpsychologie (нем.) – этнопсихология – деп аталады. Оның негізін Гумбольд, Гердер, Вильгельм Вунд қалады. 20-ғасырда Америкада атақты М. Мид, А. Кардинердің өз мектептері болды. Ал, Кеңес ғалымдары ұлттық мінезді идеологиялық тұрғыдан зерттеді. Кейінгі кезде осы тұрғыдағы зерттеулерге жапондар мен еврейлер көп көңіл бөлді. Ұлттық мінез, неден көрінеді дегенге келсек, ең алдымен жүріс-тұрысымыздан, мәдениетімізден, дүниетаным, дәстүрімізден көрініс табады [1,170].

Қазақстан Республикасы егемендігін алған соң ұлттық мінезді тәрбиелеудің ата-баба (рухани жаңғыру) дәстүрі негізге алынды. Ұлттық мінез – ұлттың болмысын құрайтын құбылыс. Ол халықтың мәдениетінің, әдет-ғұрып, салт дәстүрінің әрекеттегі көрінісі деп айту керек. Яғни, салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен қаруланған қазақтың әрбір азаматы, ұлы-қызы әрекетшіл болса, онда сол салт-дәстүр оның бойынан мінез ретінде көрініс тапқан деген сөз. Ұлттық мінез қоғамдық сипатта және индивидуалдық жеке деңгейде көрініс береді. Жеке деңгейде әрбір адам өзі өмір сүрген ортаның жемісі болғандықтан, жеке адамның ұлттық мінезінің бастауы сол қоғамдағы мәдениеттің қаншалықты деңгейде дамығанымен тікелей байланысты және соған тәуелді. Қоғамдық сипаттағы ұлттық мінез ұлттың өзін-өзі сезінуінен туындайды, егер, ұлт өз мемлекеттілігін сезінетін болса және соған сай әрекет жасайтын болса, оны біз ұлттық мінез бар деп айта аламыз. Басқаша айтқанда, ұлттық мінез – ұлттық миссия, барлық жауапкершілікті өз мойнына ала білген ұлт қана ұлттық миссияны атқарып шығуға қабілетті. Әлихан Бөкейхановтың «ұлтты сүю – мінезден» деуі де осыдан. Және де ұлттық мінез көп жағдайда қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістерге байланысты әртүрлі атала береді. Мысалы, ұлттық бірлік, ұлттық бірегейлік, ұлттық болмыс [2]. Тер-Минасова бойынша белгілі бір халыққа тән ұлттық мінез-құқықты айқындайтын дереккөздер:

- 1 Халықаралық анекдоттар.
- 2 Ұлттық классикалық әдебиет.
- 3 Фольклор немесе халық ауыз әдебиеті.
- 4 Ұлттық тіл жүйесі [1, 180].

Осы дереккөздердің біразын ашу арқылы қазақ тілінің ұлттың мінезін құрастырып көруге болады. Ұлттық классикалық әдебиетке екі-үш мысал келтірейік. Қазақ баласының шыдамдылығын қазақтың

аса көрнекті ағартушы-педагогы Ы. Алтынсариннің «Аурудан – аяған күштірек» әңгімесінен көруге болады. «Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып танып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі: – Аяғын ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың? – деп сұрады. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап айтты дейді: – Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын» – деді [3]. Бұл әңгіме шыдамдылыққа, аяушылыққа, сыйластыққа үйретеді, ана мен баланың арасындағы махаббат сезімін қысқа да нұсқа жеткізеді. Қазақтың ұлттық болмысының айқын мысалы ретінде ақиық ақын Қадыр Мырза Әлидің «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңін келтіруге болады:

... Қазақ осы – «Өнер алды – тіл» дейтін.

Қазақ осы – қарасың ба, ақсың ба,  
Қоңырсын ба, жатырқауды білмейтін.

Қазақ осы – ашық жарқын қабағы,  
Қонақ келсе шабылып бір қалады.

Байқа да тұр, саған да ол кетерде,  
Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.

Жайлауында жүрген жігіт бағып қой,  
Дос келді деп, жасап жатыр анық той.

Алғашқы рет көріп тұрсың сен оны,  
Нағыз қазақ осы, міне, танып қой [7].

Бұл өлең жолдарынан қазақ ұлтының жомарт, қолы ашық, ашық мінезді, кез келген ортада жатырқамайтын халық екенін аңғаруға болады. Бұл классикалық шығарма бойынша ұлттық мінезді танудың жолы. Келесі ұлттық бірегейлікті танудың әдісі – халық ауыз әдебиеті арқылы тану. Фольклор – қазіргі тілмен айтқанда «әмбебап», яғни синкретикалық өнер түрі. Ауыз әдебиеті – халқымыздың ауызекі шығарып, ауызекі тарап отыратын асыл мұрасы. Онда халқымыздың ғасырлар бойғы басынан кешірген тарихи белестері елінің тәуелсіздігі жолындағы ерлік, батырлық қимылдары, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, арман мүддесі, қиялы, жастардың пәк махаббаты сөз өнерімен кестеленген. Бір халықтың ауыз әдебиетінде, айталық ертегісінде немесе батырлар жырында кейбір сюжеттердің басқа бір халықтың ауыз әдебиетіне ұқсас келетіндігі болады. Мұндай ұқсастық екі халықтың, кейде бірнеше халықтың, жаңағы сюжеттерді

бір-бірінен ауысып алғандығынан бола бермейді. Мысалға Манас пен Қобыланды батыр жайындағы жырларды алайық. Мұның бірі қырғыздың, екіншісі қазақтың жыры. Осы екі батырдың туысын жырлауда үлкен ұқсастық бар. Мәселен, Манастың әкесі Жакып баласыз адам болады. Көп уақыт оның еліне жау шабуылдап күн көрсетпейді. Жакып құдайдан бала тілемейді, жауға қарсы күресетін, ел қорғайтын ұл бер дейді. Ал Қобыландының әкесі Тоқтарбай да осындай. Қызылбастардан қысым көре берген Тоқтарбай құдайдан бала тілемейді, басқыншылардан елді қорғай алатын бала бер деп жалбарынады. Сырт қарағанда бір-біріне өте ұқсас келетін бұл сюжетті қазақ ақындары қырғыздан немесе қырғыз жыршылары қазақтан алған секілді болып көрінеді. Шынында олай емес. Бұл сюжет осы екі халықтың ертедегі өмірінен алынады. Тарихи деректерге қарағанда, қазақ пен қырғыз елі көп уақыт шетелдік басқыншылардың шабуылын көрген. Сондай жағдайда басқыншыларға қарсы аттанып, жаудан ел-жұртын қорғап аларлық ұлды қазақ та, қырғыз да арман еткен. Мұны олар өздерінің жырына да қосқан. Осы бір мысалдың өзі-ақ сюжет ұқсастығы ауысып алу нәтижесінде тумайтындығын, ол халықтардың тұрмыс-тіршілік, қоғамдық жағдайларының ұқсастығына байланысты болатындығын көрсетеді [8].

Қазақтың мақал-мәтелдері болсын, жұмбақ-жаңылтпаштары мен ертегілері болсын – бәрі де Отанды сүюге, ерлікке, елін қорғауға үндейді. Халық ауыз әдебиеті адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, туған өлкеге сүйіспеншілік сезімге баулу ісінде шешуші орын алады. Халықтық ертегілер – халық өмірін бейнелейтін фантастикалық негізге құрылған оқиғалы көркем шығарма. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов: «Ертегілер жас баланың ой – санасын оятып, қиялының шарықтап өсуіне әсер етеді» – деп көрсеткен. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің бәрін алып қарасақ та, баланың ұғымына сай, түсінуіне жеңіл, күлкілі, қызықты болып айтылады. Ертегілер де оқып отырған адамға ой салатын екі сипат бар. Біріншіден, ертегі кейіпкерлердің мінез өзгешеліктерін, сырт көріністерін, күн көрінісін көрсетеді. Есту, тыңдау арқылы олар енді тікелей білуге, зерттеуге құштарланады. Екіншіден, хайуанаттар жайындағы ертегілер арқылы оны мысал ете отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, олардың мінез-құлқын салыстыра отырып, байқайды. Ондай ертегілердің қатарына «Түлкі мен қоян», «Түлкі мен бөдене», «Күшік пен мысық», «Түлкі мен тауық», т. б жатады [7]. Ертегілердің балаларға ұлттық болмысты қарапайым тілде түсіндіретін «сикқыры» бар, сондықтан жасөспірім тіл мен ұлттық фольклор арқылы оңай әрі қызықты түсінеді.

Қорытындылай келе, тіл мен ұлттық мінез-құлықтың тығыз байланысы тілдің тарихы мен бүгіннен көрініс табады. Тілдің тарихи болмысы халықтың тілінде сақталған. Ал тіл әртүрлі жадығаттар арқылы келеді. Жалпы, тіл өте күрделі құбылыс. Тілді кейде ойдың тікелей шындығы дейді. Дегенмен, әруақытта тіл ойдың тікелей шындығы бола бермейтінін өмірде көріп жүрміз. Сөздің айтылуы мен жасған ісі келіспей жатады. «Молданың айтқанын істеме, істегенін істе» – деген мақал тегін ел ішіне тарамаса керек-ті. Қазақтың ұлттық тілі оның ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мінезімен тығыз байланысты. Мысалы, қазақ «бұралқы сөз, күлгенге жақсы» -деп, қалжыңға арқа сүйейтін ел, ал қалжың басқа ұлттың өкіліне ұнамауы мүмкін. Мінекей, сондықтан да қазақтың өзінің мінезі, ұлттық салты-дәстүрі бар халық. Олай болса, тілі де ойнақы метафорасы көп, астарлы символды сөздері көп, фразеологиясы көп халық. Тілі өте бай. Сондықтан басқа ұлттың кейбір айтылған ғылыми тұжырымдары дәл қазақ елінің тілі мен мінез-құлқына келе бермеуі де мүмкін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тер-минасова С. Г. «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 320 бет.
- 2 Имамбай Д. «Қазақтың ұлттық мінезі, ол қандай?» мақаласы, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы, 2016 жыл.
- 3 bilim-all. kz
- 4 Назарбаев Н. Ә. «Туған тілім – тірегім» – Алматы, Рауан, 2001 – 128 б.
- 5 Верещагин Е. М. Костомаров В. Г. «Язык и культура», М: Индрик, 2005- 1040 с.
- 6 Гумбольдт В. Язык и философия культуры. Москва: Прогресс, 1985 – 450 с.
- 7 zharar. com
- 8 adebiportal. kz

## ҚҰЛЖАНОВА НӘЗИПА – АҒАРТУШЫ, АУДАРМАШЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

ТЛЕПБЕРГЕНОВА Д. М.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д, профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қандай заман болса да, әр кезде қазақ халқы ақсақалдардың айтқан сөздеріне құлақ асқан. Мысалы, Абылай хан қалмақтардың тұтқынына түскенде Қазыбек би контайшы Қалдан-Сереннің бетіне тік қарап, сөзін айтқан. Нәтижесінде Абылай ханды құтқарып алған. Қазіргі кезде сөздің қадірін, бағасын білетін тұлғалар – қаламы ұшқыр, ойы өткір журналистер. Қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист – Нәзипа Құлжанова [2]. Нәзипаның өскен ортасына ата-анасын атоқталғанды жөн көрдік. Әкесінің аты бірде Сағызбай делінсе, кейбір басылымдарда Сегізбай болып жазылып жүр. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында Нәзипа Сегізбайқызы (Сағызбайқызы) делініп, қатар көрсетілген. Оның есімі педагог, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы ретінде қазақ тарихында мәңгілік қалды [1].

Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы 1887 жылы 27 шілдеде Қостанай облысының Жанкелдин ауданында дүниеге келген. Ол әуелде Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде білім алып, 1902 жылы Қостанай қаласындағы қыздар гимназиясын тәмамдаған. 1903-1904 жылдары Торғайдағы училищеді мұғалімдік қызмет атқарған. Кейін Орынбор мұғалімдер семинариясын бітіріп, Мұхтар Әуезов білім алған Семей мұғалімдер семинариясында 1905-1920 жылдары ұстаздық етеді. Қазақ қыздарының арасында тұңғыш рет Географиялық қоғамның мүшесі болған Нәзипа Құлжанова 1914 жылы 26 қаңтар күні Семей қаласында ұлы Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай әдебиет кешін ұйымдастырып, сол кеште орыс тілінде тамаша баяндама жасап шығады. Ақын Абайдың өлмес даңқының сыр-сипатына терең баға береді. Алғаш рет Абай өлеңдерінің орысша аудармасынан үзінділер оқиды. Бұл Нәзипа Құлжанованың ең басты тарихи еңбегі болып табылады. Осы әдебиет кеші жайлы Міржақып Дулатов «Абай» атты мақалада жазады: «Опат 23 июнь 1904 жыл. Бүгін атақты қазақ ақыны марқұм Абай Құнанбаевтың опатына дәл он жыл толды. Егер Абай қазақтан өзге оразды жұрттардың бірінің ақыны болса сегіздегі баласынан сексендегі шалына дейін түгел атына қанық, сөзімен таныс болар еді, елі туғанына сүйініп, өлгеніне тегіс күйінер еді. Опатына 10, 25, 50, 100 жыл толған сайын бүгін жұрт

ескеріп, матбуғатты қайнап, есімін мәңгіге шейін қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайлар ашар еді... Өткен 26 январьда Семей қаласында Географическое общество, ондағы оқыған қазақ жастарының жәрдемімен, Абай құрметіне әдебиет кешін жасағандығы Семей халқынан күткен үмітімізді күшейтуге зор дәлел болса керек. Ол кеш бірінші әдебиет кеші болып һәм бірінші қазақ әйелі (Назифа ханым Құлжанов жамағатының) майданға түсіп берген өрнегі еді... Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...» [3, б. 104].

Бұл туралы әдебиет кешін жасаушы Нәзипа Құлжанованың өзі де «Семейден» деген мақаласында айтады. Қазақша әдебиет кешінің есеп-қисабын жазып, мақала соңына қатысқан адамдарға алғыс білдіреді: «... Бұл әдебиет кеші жасалуы туралы ұйымшылық етіп, не түрлі қызмет-жәрдемін аямай әйел-еркегі болып атсалысқан ағайын азаматтарға, әуел басқа мұндай бастапқы ізгі ісімізге жол көрсетіп, көсемдік қылған қария- ақсақалдарға һәм барша ілтисат етіп келушілерге көңіл ризалығын білдіріп шын ықыласыммен тәңірі жарылғасын айтуды міндет көрдім» [3, б. 163].

Нәзипа Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін орысшаға аударып таныстырады және 1915 жылы «Сибирский студент» журналының 3, 4 сандарына бастырады. Алексей Николаевич Белослюдов Назипа Құлжанованың аудармаларын сол сандағы «О киргизской поэзии» мақаласында көрсетеді. Оның сөзінің түпнұсқасы: «... Изъ стихотвореній Алтынсарина въ русскомъ переводъ мнѣ извѣстно одно – «Весна». Изъ стихотвореній Абая Кунанбаева также одно – «О любви». Перевела эти два стихотворенія киргизка Назифа С. Кульджанова». Яғни: «Біз, орыстар, Абай Құнанбаевты да, Ыбырай Алтынсаринді де білмейміз. Абай Құнанбаевтың төл шығармалары орыс тіліне аударылмады, әрі басылмады. Алтынсарин өлеңдерінің ішінде орыс тіліне аударылғанынан маған белгілісі біреу ғана. Ол – «Жөктем». Ал Абай Құнанбаев өлеңдері ішінен белгілісі – «Желсіз түнде жарық ай» (О любви). Бұл екі өлеңді де қазақ әйелі Нәзипа Құлжанова аударған». Назипа ханымның аудармасының бір-екі шумағы (орфография сақталған): «Въ тихую ночь сіяла луна, дрожжа отражалась въ водѣ; глубокой оврагъ за ауломъ, рѣка, разливаясь, тутъ близко шумела. Густого льса листьѣя шептались межъ собой, не видно было и земли подъ шелкомъ зелени густой» [6, б. 80].

Нәзипа Құлжанова «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 164 санында «Әдебиетімізге көз салу» мақаласында қазақ әдебиетіне жаңашылдық

енгізу қажеттігін атап өтеді: «... Еліктеу дәірін басымыздан кешірмей кете алмаймыз. Ересек заманға логика тура келер, бұл мәселені мен орыс, европа әдебиетіне апаруым мақұлырақ болар деп шештім.. Европаға еліктеу, меніңше, өзінше қорқынышты емес. Өйткені Европа мәдениетінің бір асылы – сыншылдық рухы (дух критицизма) бізді жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес. Абай – әдебиетіміздің атасы, бұл жолдың пайдалы екенін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе Абай үшін арабша – хадим жолы да ашық еді...» [5, б. 131]. Дәл сол кез үшін оқыған қазақ әйелінің осындай пікір айтып, өзіндік ойын алға тартуы прогрестік іс саналатын. Нәзипа Құлжанованың Совет өкіметі кезіндегі еңбегі, негізінен, әдеби-журналистикалық бағытта көрінді. Сара Есовамен бірге «Қызыл Қазақстан» журналында, «Әйел теңдігі» журналында (1926 ж. дейін «Теңдік» газеті), «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі» газеттерімен байланысты болып, әңгіме-очерктерін жариялап тұрды. 1923 жыл, 20 январь, «Теңдік» газетіне жазған «Қазақ әйелдеріне» атты мақаласы әйелдерге оқу-білімнің маңызын, мәдени халықтың қандай болатынын, Кеңес үкіметінде оқуға еркіндік беріліп отырғанын, «Әйелдің шашы ұзын, ойы қысқа» деген стереотиптердің ескіргенін жеткізеді. Әйелдердің көзін ашу мақсатымен газеттерде арнайы әйел бөлімі ашылған. «Ал, әйел бауырлар! Жолдарың ашық.. өткен замандарың қарғалған заман екені анық. Сілкініндер! Ұмтылындар! Рақатсыз, берекесіз, қатын өсек деген атақтан басқа түк бермеген, ошақтың үш бұты күйбеңінен жоғарырақ ойлап, қанаттарыңды қағындар!» [5, б. 138–141].

Нәзипа Құлжанова Қырғыз (қазақ) АКСР Оқу-ағарту халық комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссия құрамында болған. Оқу комиссариатының арнайы тапсырысымен «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты оқу құралын жазған. Бұл еңбегі 1923 жылы жарық көрді. Аталған кітапқа ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім даярлау керек» деп, алғысөз жазған. Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуын ескерткен. Танымал педагог бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіріп берген. Н. Құлжанованың кейінгі ұрпақтарға қалдырған өшпес мұраларының бірі – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл оқу құралы педагогтарға, тәрбиешілерге, ата-аналар мен балалар дәрігерлеріне

анықтамалық ретінде ұсынылған. Ол 1927 жылы 5000 данамен Қызылорда қаласында басылып шыққан [1].

Н. Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды. Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – біріншіден, оның Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден, Н. Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді, төртіншіден, Н. Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бедерленген. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай болса, бұдан 94 жыл бұрын жазылған Нәзипа Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына қылау түсірмес аса құнды еңбек екені даусыз [7].

Нәзипа Сегізбайқызы Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Молдағали Молдабаев, Аманғали Сегізбаев секілді әдебиет және қоғам қайраткерлерімен көп араласқан. Нәзипа Орынбордағы мұғалімдер семинариясында (1907–1914) оқып жүрген кезінде өзінің идеялық ұстазы Ахмет Байтұрсынов Назипаға өлеңмен хат жолдап «оқу инемен құдық қазғандай ауыр іс, оған асқан төзімділік, қажымас қайрат қажет. Келешек ел үмітін ақтап шығар алғыр, турашыл, өр мінезді

Азамат бол» дей келіп:

Су да болар ол жолда, тау да болар,  
Жаудың оғы – жайған тор, ау да болар.  
Мынау пайда, мынау зиян демек,  
Ол ерліктің ісі емес, сауда болар.  
Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,  
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.  
Қайраттанып, қажымай тырмыссаң да,  
Шыққызбайтын жолында өрлер де бар

– деп сол кездегі саусақпен санарлық бірді-екілі талапты қазақ қыздарының білім жолындағы қиын кедергілерді жеңіп шығуына ағалық ақыл-кеңесін береді [7]. Семейде даңқы шығып тұрған Н. Құлжановаға А. Байтұрсынов, С. Торайғыров, С. Сейфуллин де өлең арнап жазған. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасында Н. Құлжанова жайлы мына жолдар бар:

...Ардақты Нәзипа деген ханым,  
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.  
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,  
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.  
Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,  
Семейдің одан өтер адал жанын.  
Ақ көңіл, мінезі онды, жүзі жарқын,  
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын [8, б. 149].

